Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

# Т Ү Р К І Л І К
# ОРТАҚ ТЕРМИН
# НЕГІЗДЕРІ

TANBALY BASPASY

Алматы
2014

УДК
ББК
Ы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«**Түркі филологиясының терминологиясы: тілтану, әдебиеттану»** жобасы аясында шығарылды.

Жұмыс С. Демирел атындағы университеттің филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында орындалып, университеттің ғылыми кеңесінде бекітілген.

**ЫСҚАҚҰЛЫ Д.**
Ы **Түркілік ортақ термин негіздері.** *Монография.* – Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2014. – 160 бет.

ISBN

Жаһандану үдерісі барынша қарқын алған қазіргі дәуірдегі тіл тіршілігінде термин мәселесін дұрыс шешудің оның болашағы үшін маңызы аса зор. Сол себепті де қазір күн тәртібіне түркі тілдеріне ортақ терминдер жасау күн тәртібіне қойылып отыр. Кітапта қазақ терминологиясының тәжірибелеріне сүйене отырып, түркі тілдеріне ортақ терминдер жасаудың теориялық, практикалық проблемалары кеңінен қарастырылады.

Кітап тілші ғалымдарға, бакалаврлар мен магистранттарға, докторанттарға, жалпы өз ұлтының, түркі әлемінің тілдік болашағына қызығушы зиялыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК
ББК

ISBN

© Ысқақұлы Д., 2014
© «Таңбалы», 2014

## ТЕРМИН ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қоғам алға басқан сайын сол қоғамда өмір сүріп отырған ұлттың тілі де қатар дамиды. Тіл де тірі организм секілді өмірде болып жатқан өзгерістерге орай, жаңғырып, жаңарып отырады. Ұлттың, халықтың тағдырына қатысты әрбір оқиға тілдің де тағдырына әсер етіп отырады. Ұлт дамыса, оның тілі де дамиды, Ұлт нашарласа, оның тілі де әлсірейді. Тіл тағдыры мен ұлт тағдыры – ажырағысыз егіз. Тілін қорғамаған ұлт ұшпаққа шыға алмайды. Сондықтан да әрбір қоғам өзінің жарқын болашағын құруды алдымен тілін дамытудан бастайды. Басқа жолдың барлығы да күмәнді.

Тілдің дамуы дегеніміз, қоғамның дамуымен бірге оның түрлі салаларында күн сайын туындап жатқан жаңа түсініктерге, ұғымдарға байланысты жаңа сөздердің пайда болып, халықтың қолданысына айналуы деген сөз. Ғалымдардың анықтауынша, қазір өмір сүріп жатқан тілдердің шамамен, елу пайыздайын сырттан енген сөздер құрайды.

Қоғамдық өркендеудің бірден бір көрсеткіші оның тілінің дамуы десек, сол тілдің қомақты бір саласы сараланған арнайы сөздерден тұратын ғылыми терминдер болып саналады. Терминдер қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің әсерінен тілде жаңадан пайда болып жатқан сөздердің 90 пайыздан астамын құрайды екен (С. В. Гринев. Введение в терминоведение. Москва, «Москвский лицей», -1993, 309-бет).

«Термин» атауының төркінін көптеген зерттеушілір латынның *terminus* (анықтау, белгілеу) сөзімен байланыстырады. Десек те көп тілдерде «термин» сөзі тура осы мағынасында кездеседі. Мысалы, ағылшын тілінде – term, неміс тілінде – terminus немесе term, француз тілінде – terme, итальян тілінде – termine, испан тілінде – termino, порту-

гал тілінде – termo, фин тілінде – termi, чех, орыс, словак тілдерінде – termin түрінде келіп, жазылуы да айтылуы да бірдей (А. А. Мұстафаева, Қ. А. Қыдырбаев. Араб тілі терминдері жүйесіндегі терминологияның өзекті мәселелері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2014, №2, 79-бет). Қазақ тіліндегі *сұрыптап алынған* дегенді білдіретін *терме* атауының мағынасы да осыған жақындау.

Терминдер негізінен ғылым мен техникамен тікелей байланысты болып, өз кезегінде ғылымның даму деңгейін көрсетеді. Терминдерді білмей, белгілі бір ғылым саласынан білім алу, болмаса, оны зерттеу мүмкін емес. Жетілген терминдердің, яғни ғылым тілінің, терминологияның болуы қоғамды алға сүйрейтін ғылыми ой-пікір дамуының, сол ұлт тілінің толыққанды өмір сүруінің, ұлттық өркендеудің негізгі шарттарының, көрсеткіштерінің бірінен саналады.

Ғалымдардың анықтауынша, әлемде 6-7 мыңдай тіл бар болса, соның 60-ының ғана жан-жақты дамыған ғылыми терминологиясы бар (А. В. Суперанская, Н. В. Подольская, Н. В. Васильева. Общая терминология. Москва, 2003, 5-бет). Бұл дегеніміз, қазіргі заманда толыққанды өмір сүріп жатқан 60 қана тіл бар, қалғандарының тіл болып қалуы үшін күресу керек деген сөз. Сондықтан да термин, термин жасау мәселесі қоғамның дами түсуімен қатар барлық уақыттарда да дұрыс шешімін күтіп тұратын ұлт алдындағы аса маңызды міндеттердің бірі ретінде еш уақытта да күн тәртібінен түспейді. Ал бұл мәселе ұлттық даму жолына енді ғана түскен Қазақстан үшін өте-мөте өткір.

Термин дегеніміз – «Белгілі бір ғылым мен техника саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөздер мен тіркестері» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 14 том. Алматы, 2011, 153-бет), «ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер» (Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Алматы, 1999, 625-бет). Қазақ терминологиясының белгілі зерттеушісі академик Ө. Айтба-

ев терминді «негізінен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика» ( Ө. Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, «Арыс», 2007, 26-бет) – деп айқындайды.

Терминнің ғылыми мәселелері орыс филологиясында біршама зерттелінген. Б. Н. Головин мен Р.Ю. Кобриннің («Лингвистические основы учения о терминах», М., 1987, -104 с.), Т. Л. Канделакидің («Семантика и мотивированность терминов». М., 1977), А. В. Суперанская, Н. В. Подольская, Н. В. Васильевалардың («Общая терминология». М., 2005, -288 с.), В. П. Даниленконың («Русская терминология». М., 1977), Д. С. Лоттенің («Образование системы научно-технических терминов». М., Мир, 2001, -741с.), А. А. Реформатскийдің («Вопросы терминологий». М., Аспект, 2005, -403 с.), В. Д. Лаптев пен В. А. Татариновтың («Терминологический вестник. Новые пути описания терминологии». М. –Л.,2000, -178 с.), Е. Н. Топкинаның («Лингвистические проблемы научно-технической терминолологии». М., Наука, 2006, -337 с.), С. В. Гриневтың («Введение в терминоведение». М., МГУ, 1993, -309 с.), И. С. Квитконың («Термин в научном документе», Л., Вища школа, 2006, -124 с.), т.б. еңбектерінде термин мен терминологияның мәселелері ғылыми тұрғыдан жан-жақты тереңдетіле қарастырылған.

Терминтанушы И. Атанасованың анықтауынша, терминге берілген анықтамалардың жалпы саны 3 000-нан асады. Терминнің нақтылы анықтамасының болмауы оның табиғатының аса күрделілігіне байланысты болса керек. Орыс ғалымдары берген анықтамаларда терминнің әр түрлі қырлары ашыла түскен. Академик Н. А. Баскаков «...Термин – точно соответствующее обозначаемому понятию устойчивое моносемичное, т. е. Однозначное по своему значению и соотнесенное с другими терминами внутри данной отрасли терминологии слово или словосочетание, характеризующееся унифицированным употреблением его в данной отрасли терминологии» (Н. А. Баскаков. Современное состояние

терминологии в языках народов СССР. «Вопросы терминологии», М., 1961, 57-бет) – деген анықтама беріпті.

Десек те орысша жарық көрген еңбектерде терминге берілген жұрт мойындаған анықтаманы осы күнге дейін кездестіру қиын. Терминология жайлы монографиялық зерттеу жазған В. П. Даниленко 1977 жылы терминге берілген 19 анықтаманың бар екендігін, солай бола тұра бұлардың бір де біреуі терминді толық анықтап бере алмайтындығын, бұл саладағы ізденістердің жалғасып жатқандығын айтқан болатын («Русская терминология». М., 1977). Осылай дей отырып, оның өзі де терминге оның әр түрлі қырларын айқындаған он екі түрлі анықтамасын жасады.

Содан бергі уақыттардың ішінде орыс филологиясында бұл саладағы ізденістер бір сәтке тоқтамай, жаңаша байқаулардың, көзқарастардың, пікірлердің толастамай туындап жатқандығы тағы да анық. Енді солардың кейбіреулерінің терминді нақтылай түскен анықтамаларына назар аударайық.

Термин дегеніміз, «арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған (қабылданған, енген, т.б.) тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық, т.б.) сөздер мен сөз тіркесі» (О. С. Ахманова), «белгілі бір ұғымды білдіріп, арнайы ауқымда қолданылатын сөз немесе сөз тіркесі» (В. П. Даниленко), «тілдің арнайы қабатында қызмет атқаратын лексикалық бірлік», (О. Р. Жуков), «ұғымдар мен құбылыстарды дәл айқындап, бір мағыналы болуға ұмтылатын, ерекше қызметіне орай шектелген арнайы сөздер (А. А. Реформатский), «айрықша қызметі бар сөздер» (Г. О. Винокур), «кәсіптік ұғымды білдіріп, белгілі бір кәсіптің ауқымында өзгеше қарым-қатынас жасау қажеттілігін өтеумақсатындағы жеке сөз немесе зат есімнен құралған сөз тіркестері» (Б. Н. Головин), «арнайы сөз, немесе сөз тіркесі, кәсіби қызметте, іс-әрекетте қабылданған және арнайы жағдайларда қолданылады; термин – нақты кәсіби білім саласында қолданылатын белгілі бір ұғымды білдіретін

лексикалық бірлік; термин – арнайы мақсаттардағы тілдің негізгі ұғымдық элементі» (А. В. Суперанская), т.б.

Терминге қатысты соңғы зерттеулердің бірінде оған «термин – тілдің арнайы саласында қызмет жасайтын лексикалық бірлік» (О. Р. Жуков. К вопросу о специфике терминов лингвистики и литературоведения (сопостовительный анализ). «Научный диалог», 2012, вып. №12. Филология. 64-бет).

Жоғарыда біз келтірген анықтамаларға қарсылары да кездеседі. Мысалы, И. З. Котелова өзіне дейінгі ғалымдардың термин туралы пайымдауларының көпшілігімен келісе бермейді. Ол терминді синонимге айналған сөздің бір түрі («термин – один из основных разрядов синонимизующихся слов») (И. З. Котелова. К вопросу о специфике термина. «Лингвистические проблемы научно-технической терминологии». М., 1970, 123-бет) деп біледі.

Термин туралы атақты ғалымдар түзген, немесе жазуға қатысқан сөздіктерде де түрліше анықтамалар беріледі: «белгілі бір ғылым саласына, кәсіпке тән шартты түрде қабылданған атау» (Словарь иностранных слов русского языка), «қатаңайқындалған ұғым атауын білдіретін сөз» (Толковый словарь Ушакова), «ғылым мен техникада,өнерде қолданылатын арнайы ұғымдарды білдіретін сөз, не сөз тіркесі» (Энциклопедический словарь), «ұғым атаулары ретінде белгілі бір ауқымда қолданылатын сөз немесе сөз тіркесі» (Официальная терминология), «ғылым мен техникада қолданылып, арнайы ұғымдарды білдіретін сөз немесе сөз тіркесі» (Энциклопедия), «ғылым мен техникада қолданылатын, арнайы, қатаң анықталған белгілі бір мағынасы бар сөз» (Словарь литературных терминов), «жалпы сөйлеу тілінде қабылданып, бекіген әдебиет ғылымының ұғымдары» (Словарь литературоведческих терминов), т.б.

Қазақ тіл білімінде термин мәселесі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап, қолға алына бастады. «Қазақ терминологиясының мәселесі ең алғаш рет1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында

өткен ғылыми қызметкерлердің республикалық 1-ші сьезінде сөз болған екен» (Ө. Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2007, 624 бет, 214-бет).

Қазақ терминологиясының негізін қалаған – Ахмет Байтұрсынов. Ол өзінің қазақтың тіліне, әдебиетіне арнап жазған ғылыми еңбектерінде алғаш рет терминдер жасап, оны жан-жақты негіздеді. А. Байтұрсынов біз қазір қолданып жүрген «терминнің» орнына «пән сөз» атауын қолданған. Ахмет ұсынған «пән сөз», кейде «пән сөздері» түрінде жиырмасыншы жылдары кеңінен қолданылды. Отызыншы жылдардан бастап, халықаралық терминге айналған ағылшынның «термин» атауы қолданылып келеді. Сонымен бірге осы уақыттар ішінде «терминнің» орнына «пән сөзімен» бірге «пән атаулары», «атау», «аталым», «атаусөз», «ұғымсөз», терминнің қазақшаланған нұсқалары «термін», «термен» атаулары ұсынылып, кейбіреулері біршама қолданыс тапқанымен де, бүгінгі күнге жете алмады.

Қазақ терминологиясын зерттеген ғалымдар да алдымен, термин дегеннің не екенін анықтап алудан бастаған. Профессор Қ. Жұбанов терминді «Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, при чем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни» (К. Жубанов. Исследования по казахскому языку. А., 1966, 273-бет) – деп анықтаған екен.

Академик І. Кеңесбаев пен профессор Т. Жанұзақов терминге «Ғылым мен техниканың, көркемөнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын тиянақты, тұжырымды ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз»(Тіл білімі сөздігінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1966) тұрғыда сыпаттама берген.

«Қазақ совет энциклопедиясында» (1977) «Термин, атау –

ғылым, техника, сол сияқты тұрмыстың белгілі саласындағы ұғымдарды дәл атау үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестері» – деп анықталыпты.

Соңғы жылдарда қазақ терминологиясының жай-күйін тереңдете зерттеп жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Құрманбайұлы терминге лингвистикалық тұрғыдан «ғылыми, немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі» деп, және де арнаулы мақсаттар тілі теориясы тұрғысынан «адам қызметі мен білімінің арнаулы салаларының жалпы, нақты немесе абстракті ұғымдарын белгілейтін белгілі бір арнаулы мақсаттар тілінің лексикалық бірлігі» (Ш. Құрманбайұлы. Терминтану. Алматы, 2006, 244-бет) деген анықтамалар беріпті.

Академик Ө. Айтбаевпен профессор Ш. Құрманбайұлының еңбектерінде қазақ термині мен терминологиясының жай-күйі тілдік тұрғыдан арнайы зерттеліп, филология ғылымының тұтас бір жеке саласы ретінде қалыптасты деуге болады. Сондай-ақ А. Байтұрсыновтың, Н. Төреқұловтың, Х. Досмұхамедовтің, Қ. Жұбановтың, І. Кеңесбаевтың, Ә. Қайдаровтың, Р. Сыздықованың, Ш. Сарыбаевтың, Т. Жанұзақовтың, Ә. Әбдірахмановтың қазақ терминологиясына арналған еңбектерінде құнарлы ойлар баршылық. Сондай-ақ Ш. Біләловтің, С. Ақаевтың, Б. Момынованың, Ә. Сапарбекованың, Г. Мамаеваның, Ғ. Әбілеваның, Б. Әбдірәсіловтің, Л. Дүйсенбекованың, С. Исакованың, Г. А. Досжанның т.б. еңбектерінде термин мен терминологияның бүгінгі күнгі жай-күйі хақында құнды деректер жеткілікті. Осы қысқа ғана тізімнің өзінен-ақ қазақ филологиясында термин мен терминология мәселелерінің көбіне тілдік ыңғайда зерттеліп келгендігін көреміз.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың өзінен-ақ термин мәселелерінің көбіне тілдік тұрғыдан зерттеліп келгендігі байқалады. Әдебиеттану ғылымының терминдері осы

күнге дейін қоғамдық ғылым терминдерінің бір саласы ретінде қарастырылып келді. Солардың бірінде әдебиеттану терминдеріне «жалпы жұрттың тілдік қолданысында тұрақталған әдебиет туралы ғылымның ұғымдары» («Термин литературоведческий – понятие науки о литературе, закрепленное в общепринятным словесном выражении» деген анықтама беріліпті (О. Р. Жуков. К вопрсу о специфике терминов лингвистики и литературоведения (сопостовительный анализ). «Научный диалог», 2012, вып. №12, Филология, 67-бет) – деген анықтама беріліпті.

Терминтану мәселелері осы күнге дейін әдебиеттанушылар тарапынан арнайы тыңғылықты зерттеу нысанына айнала алмай келе жатыр. Бұл салада З. Ахметовтің, Ғ. Әбетовтің, Ш. Елеукеновтің, т.б. бірлі жарым-ғалымдардың жекелеген мақалаларынан басқа арнайы іргелі зерттеу еңбектері жоқтың қасы деуге боларлық.

Профессор Қ. Жұмалиевтің жалпы редакциясын басқаруымен 1962 жылы шыққан Ғали Әбетовтің «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігінде»терминге анықтама берілмеген.

Академик З. Ахметов «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» (1996) «Термин (латынша terminus – шек, шеті, шегарасы деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер» деп, айқындаған.

Терминтану саласындағы зерттеулерде терминге қойылатын талаптар, оның өзіндік өлшемдеріжайлы да пікірлер баршылық. Академик Ө. Айтбаевтың анықтауынша, терминге «қойылатын басты талап: дәлдік, қысқалық, жүйелілік, бір мағыналылық» (Ө. Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2007, 42-бет).

Ал профессор Ш. Құрманбайұлы бұл мәселеге тереңдеп барған. Ол терминге қойылатын негізгі талаптар ретінде бірмағыналылығын, мағынасының дәлдігін, қысқалығы мен ықшамдылығын, тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сай

келуі, туынды сөз жасауға қолайлы болуын эмоциялық пен экспрессиялықтың болмауын, эстетикалық талаптарға сай келуін санайды. Ал заманауилығын, халықаралықтығын, құпиялығын жанама талаптар қатарында жол-жөнекей атай кеткен.

Шерубай мұнымен тоқталмай, өз ойларын тереңдете түскен. Терминге мағыналық, тұлғалық, прагматикалық жағынан келіп, сыпаттамалар берген. Семантикалық талаптарға мағыналық қайшылықтың болмауын, бірмағыналылығын, толықмағыналылығын, синонимдердің болмауын, тұлғасына қойылатын талаптарға тілдік нормаға сәйкес келуін, терминнің ықшамдылығын, сөз тудыруға қабілеттілігін, нұсқаларының болмауын, түсінікті-анық болуын, ал прагматикалық-функциональдыққа қолданысқа енгізілгендігін, жатық айтылуын жатқызған (Ш. Құрманбайұлы. Терминтану. А., 2006, 244 бет, 59-62-беттер). Сондай-ақ Ш. Құрманбайұлының еңбектерінде қазақ терминологиясының тарихы, теориялық, практикалық мәселелері, алда тұрған міндеттері жайлы бүгінгі күннің қажеттіліктері тұрғысынан келіп жасалынған қызғылықты байқаулар, тұжырымдар баршылық.

Термин және терминолгия саласында жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, терминге қойылатын негізгі талаптарды төмендегіше нақтылауға болады.

1. Терминнің бір мағыналылығы. Әдетте лексикалық қордағы сөздің мағынасы қолданылуына қарай мағынасы құбылып, өзгеріп тұрады. Әсіресе, көркем әдебиетте сөз зергерінің сөзді ойната білуіне орай, оның мағынасы бірде жарқ-жұрқ етіп, сәуле шашса, енді бірде күңгірт тартып, көмескілене түседі. Суреткер жонглерше ойнап, бір сөздің өзіне түрліше мағына беріп, құлпыртып жіберуі мүмкін. Ал ғылымда олай емес. Белгілі бір ғылым саласының терминологиялық жүйесінде қолданылған термин нақтылы бір ғана мағынаны дәл білдіріп, екіұштылықтан аулақ болуы тиіс. Мағына екіұдайлы болып, түрліше ұғынылып тұрса,

онда ол сөз термин емес.

2. Термин барынша қысқа, қолдануға ыңғайлы болуы керек. Бір сөзбен ұғымның, немесе құбылыстың толық мағынасын қысқа жеткізуге мүмкін болмаған жағдайда ғана сөз тіркесімен беріледі. Мысалы, тіл білімі, құрмалас сөйлем, көркем әдебиет, ауыз әдебиеті, өлең құрылысы, т.б. Жеті-сегіз буынды өлең, қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт өлеңдері, әдебиеттің ұлттық сипаты деген сияқты үш, не одан да көп сөздерден тұратын терминдер де кездеседі. Бірақ бұлар – өте аз.

3. Терминнің түрлі экспрессивті, эстетикалық қасиеттерден тыс болуы.Ауызекі тілде қолданылатын сөздің мағынасы болумен қатар, модальдық, экспрессивтік, эстетикалық сыпаттары да бар. Мысалы, бір сөз ылғи да жағымды жағдайларда қолданылса, екінші бір сөз келеңсіз кездерде ауызға оралады. Сөйлеген сөзінен адамның көңіл-күйін, ұнаған-ұнамағанын, қолдаған-қолдамағанын байқауға болады. Сиқырлы сөзді түсіне білген адамға сөзден ауыр, сөзден қуатты, сөзден құдіретті нәрсе жоқ. «Сөз сүйектен де өтіп кетеді». Ал терминде мұның бірі де жоқ. «Термин дәл болумен қатар мұздайсуық, түрлі экспрессивті әсерлерден тысқары» (А. А. Реформатский. Что такое термин и терминология. «Вопросы терминологии» (Материалы Всесоюзного терминологического совещания). М., 1961,стр. 52). Қоғамның, автордың түрлі әсерлеріне термин бейтарап қарайды.

4. Стилистикалық жағынан да термин бейтараптық танытады. Термин сөзі жеке қолданылғанда, түрлі әлеуметтік әсерлерден ада болса, терминологиялық жүйедегі сөйлем ішінде де қатар тұрған басқа сөздердің ықпалына ұшырамай, бейтараптық қалпын сақтайды. Ал бұл сөз белгілі бір ғылым саласының терминологиялық жүйесінен тыс қолданылса, ол өзінің терминдік қасиеттерін жоғалтып, жай сөзге айналады да стилистикалық өзгерістерге ұшырай беретін болады.

5. Терминдердің жүйелілігі. Сөздер белгілі бір жүйеде

өмір сүреді. Мысалы, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі. Тілдердің барлығы дерлік белгілі бір ғылыми заңдылықтар тұрғысынан зерттелініп, жүйеге түскен. Әр тілдің өзіндік ерекшелігін айқындап тұратын негізгі бір заңы болады. Мысалы, қазақ тілінде – үндестік заңы. Десек те бүкіл өмірдегі құбылыстардың барлығы бір заңның аясына сия бермейтіндігі сияқты тілде де осындай «ескертпелер» кездеспей қоймайды. Ал терминге келетін болсақ, мұндағы жүйелілік қатаң сақталынады. Терминологияға қойылатын талаптарға жауап бере алмаса, ол терминдік сыпаттарынан айрылып, жай сөзге айналады.

6. Терминнің халықаралық сипаты. Термин ғылым мен техника дамуының жаңалық атауы ретінде алғаш рет пайда болатындықтан да мұндай ұғым бұрын басқа тілдерде жоқтықтан, оның үстіне жаңаның аудармасын немесе тыңнан сөз жасаудың қиындығынан барып, сол басқа тілдегі дайын сөзді өздеріне ыңғайлап ала салады. Осы уақыттарға дейін қазақ тіліне жаңа терминдер көбіне орыс тілі арқылы келсе, соңғы уақыттарда ағылшын тілінен енуде. Халықаралық ғылым тіліне айналып үлгерген ағылшын тілінің үлесі қазір әсіресе техникалық ғылым терминдерінің денін құрайды. Техникалық, жаратылыстану ғылымдарында терминдердің халықаралық сыпаты басым болса, әлеуметтік, ұлттық құбылыстарды зерттейтін қоғамдық ғылымдарда ұлттық атаулардың үлес салмағы едәуір.

Терминдер термин сөздер және терминдік тіркестерден тұрады.

**Термин сөздер**: айтыс, ақын, арнау, аударма, әдебиет, әліпби, әдістеме, әңгіме, бата, буын, дастан, дыбыс, екпін, ертегі, жалғау, жаңылтпаш, жарапазан, жұрнақ, жырау, жыршы, кейіптеу, шумақ, толғау, роман, т.б.

**Терминдік сөз тіркестері**: аралас құрмалас сөйлем, атаулы сөйлем, ашық буын, әдеби ағым, әдеби байланыс, әдебиет теориясы, жалғамалы тіл, жуан дауысты, еріндік дыбыс, қатаң дауыссыз, т.б.

Терминология дегеніміз – терминдердің жиынтығы, терминдер туралы ілім. Терминология «ең алдымен, тілдің арнайы лексикасының даму заңдылықтарын тексеретін ғылым саласы, сонымен бірге ол ғылым мен техниканың жеке салалары терминдерінің жиынтығы» (Ө. Айтбаев).

Орыс тілінің энциклопедиясында терминология «арнайы білім мен қызмет салаларының ұғымдарын білдіретін терминдерінің жиынтығы; сондай-ақ нақтылы бір тілдегі терминдердің жиынтығы (мысалы, орыс терминологиясы) түрінде анықталыпты.

В. П. Даниленко терминология жалпы алғанда, әдеби тіл лексикасының бір бөлігі санаса (В. П. Даниленко. Русская терминология. М., «Наука», 1977, 5-бет), А. Реформатский оны ғылымға, техникаға, саясатқа ғана тән саналы түрде жүргізілетін интеллектуалды әлеуметтік әрекет деп, анықтаған(А. Реформатский. Что такоетермин и терминология. «Вопросы терминологии», М., 1961, 50-бет).

Тіл білімі терминдерінің сөздігін жасаған О. С. Ахманова «Терминология – нақтылы ғылым саласының мағынасы сәйкес сөздермен бекітілген ұғымдарының жүйесі» (Ахманова Ольга Сергеевна. Словарь лингвистических терминов. М., 2004, 6-бет) – деп, ал О. Р. Жуков «Терминология – арнайы ұғымдарды білдіріп, кәсіптік қарым-қатынасты жүзеге асыруға қызмет ететін лексикалық бірліктердің жиынтығы» (О. Р. Жуков. К вопросу о специфике терминов лингвистики и литературоведения (сопостовительный анализ). «Научный диалог», 2012, вып. №12. Филология. 64-бет) жазады.

И. С. Квитко, В. М. Лейчик, Т. Г. Кабанцев (Терминоведческие проблемы редактирования. Львов, 1986, 100-бет) секілді ғалымдар терминологияны адамзат білімі мен қызметінің арнайы ауқымында – ғылым мен техниканың белгілі бір саласында белгілі бір ұғымды білдіру мақсатында тарихи қалыптасқан терминдер жиынтығы деп біледі.

Профессор Ш. Құрманбайұлы терминологияның өзін түрліше түсінуге болатындығын айта келіп, орыс ғалымдары

оған әр түрлі қырынан берген анықтамалардың бес түрін келтіріпті:

«1. термин сөздердің жиынтығы немесе жалпы көптеген саны белгісіз терминдер;

2. қандай да бір сала терминдерінің (ұғымдары мен атауларының) жиынтығы (медицина терминологиясы, география терминологиясы);

3. терминдердің жасалуы, құрамы мен қызметі туралы ілім;

4. белгілі бір тілде қолданылатын белгілі бір білім саласы терминдерінің жасалуы, құрамы мен қызметі және олардың басқа тілдердегі баламалары (эквивлентгері) туралы ілім;

5. жалпы терминологиялық ұғым» (Ш. Құрманбайұлы. Терминтану. А., 2006, 244 бет, 166-167-беттер).

Терминологиялық қызмет негізінен мынадай бағыттарда жүреді:

а) ғылым мен техникада бұрындары болмаған жаңа терминдер жасау;

ә) бұрыннан келе жатқан терминдерді жаңа жағдайға байланысты қайта қарап, жетілдіріп отыру;

б) білім-ғылым саласында «жұмыс жасап жатқан» терминдер мен терминдік жүйені қалыпқа (стандартқа) түсіру;

в) осы салада атқарылған жұмыстарды терминологиялық жүйеге енгізу;

г) терминологиялық сөздіктер жасау;

д) терминологиялық стандарттар жасап, қабылдап отыру;

е) терминологиялық сөздік банктерін жасау; т.б. (А. В. Суперанская, Н. В. Подольская, Н. В. Васильева. Общая терминология. М., 2005, 162-бет).

Бұл анықтамаларда терминологияға түрлі қырларынан келіп, түрлі сипаттары ашыла түскен. Осы сияқты пікірлерге сүйене отырып, терминологияны қысқаша түрде **белгілі бір ғылым саласындағы мағыналық, лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық жақтарынан бір-бірімен байланыстағы терминдердің жиынтығы; терминнің та-**

**рихы, оған қойылатын өлшемдер мен оның ұстанымдары (принциптері), жасалу жолдары мен атқаратын қызметі жайлы ілім; терминдерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы** деп, анықтауға болады.

Мемлекет, ұлт, ғылым үшін аса маңызды саналатын мұндай терминологиялық жұмыстарға бізде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы басшылық жасайды. Мемлекеттік терминология комиссиясы білім-ғылым, кәсіп салаларында термин ретінде қолданылып жүрген сөздердімамандардың талқысына салып, талқылау барысында құпталған сөздер мен сөз тіркестерін термин ретінде ресми түрде бекітіп отырады.

# ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ терминологиясы – ХХ ғасырдың жемісі. Бұл өткен ғасырға дейін қазақта термин болмады деген сөз емес. Қоғамдық өмірдің, кәсіптің түрлі салаларында кейбір сөздер біздің бүгінгі ұғымымыздай, алғаш рет термин ретінде қолданыла бастады. Бірақ бұлар көбіне белгілі бір заттың атауы түрінде қолданылды да термин ретінде әлі толық қалыптаса қойған жоқ болатын. Мысалы, өлең, жыр, қисса, дастан секілді атаулар жиырмасыншы ғасырға дейінгі қазақ әдебиетінде жиі қолданылып, термин ретінде қалыптасып келе жатқан-тұғын.

Десек те ғалым Ислам Жеменейдің анықтауынша, Махмұд Қашқаридың сөздігінде кездесетін «жоқтау» атауының әдеби термин ретінде қолданыла бастағанының өзіне үш мың жылдай уақыт болыпты (Қараңыз: Шейх Ахмет Құдайдад Тарази. Көркем сөз өнері. А., 2013, 3-бет). «М. Қашғаридың аталған еңбегін түркі тілдеріндегі терминологиялық атауларға арналған алғашқы сөздік деп атауға толық негіз бар» (С. С. Исакова. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007, 12-бет).

Он сегізінші ғасырдағы Бұқар жырау «Өлең – сөздің данасы», он тоғызыншы ғасырдың соңында Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп, жырлады. Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең», «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, Өлеңі бірі жамау, бірі құрау» дегендеріндегі «өлеңнің» терминдік сипат ала бастағандығы байқалады.

Ал осы «өлең» сөзін Ш. Уәлиханов термин ретінде қолданып, оған «Өлең. Ол да төрт жолдан құрылып, әуелгі екі жолы мен төртінші жолы (а а б а) ұйқасына бағынатын бір ырғақпен аяқталатын силлабикалық өлеңнің түрі» (Ш.

Уәлиханов. Таңдамалы. А., 195-бет) деген анықтама беріпті. Шоқанның қолданысындағы «өлең», «жыр», «жоқтау», «қайым өлең» атаулары толық термин мағынасында алғаш рет қолданысқа түсті деуге болады.

Жалпы, терминдердің пайда болып қалыптасуында ұлттық баспасөз, баспа істері аса маңызды рөл атқарады. Қазақ даласында он тоғызыншы ғасырдың екінші жарымынан бастап шыға бастаған «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» (1888- 1893) беттерінде қазақ сөздері термин ретінде қолданыла бастады. Мұның өзі газетте білім, ғылым, өнер, мәдениетке шақырған материалдардың басыла бастауына байланысты еді. Мысалы, «Дала уалаятының газетінде» әдебиетке қатысты мақалаларда мақал, өлең, жыр, қысса, ертегі, ұйқас, әліпби, әріп, жұмсақ әуез, қатты әуез, рәуіш, қазақ тілі, бақсы, шешен деген сияқты сөздер термин ретінде көріне бастады.

Қазақ терминологиясының қалыптаса бастауына жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ даласында шығып тұрған «Айқап» (1911-1915), «Қазақ» (1913-1918), «Ақжол» (1920-1925), «Сана» (1923), «Таң» (1924) секілді басылым беттерінде өнер, білімге қатысты басылған мақалаларда кей атаулардың терминдік сыпаттары айқындала түсті. Әсіресе «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында әдебиетке қатысты жарияланған материалдар ғылыми сыпат ала бастады.

«Қазақ» газетінде жарияланған А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», М. Дулатовтың «Абай», «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан», «Әбу Бәкір Ахмеджанұлы Диваев», «Ахмед Яссауи», «Тоқай», «Исмаил Гаспринский» т.б. мақалалары қазақ әдебиеттану ғылымының іргесі беки бастағанын аңғартты. Абайтанудың берік қағылған темірқазығы саналатын Ахметтің «Қазақтың бас ақынында» ақын, жазушы, сыншы, өлең, бунақ деген кейіннен әдебиеттану ғылымының терминдеріне айналған сөздер орынды қолданылған. Сондай-ақ осы газет беттерінде сын, сын өнері, драма, поэзия, проза, халық әдебиеті, ертегі, өлең,

жұмбақ, мақал, мәтел, т.б. ғылыми мақсатта қолданылып, терминдік мағынасы беки түсті.

Қазақ филологиясының негізін қалаған А. Байтұрсыновтың араб әліпбиіндегі қазақ жазуындағы әріптердің сөздің басында, ортасында, соңында жазылуы хақындағы «Жазу мәселесі» («Қазақ», 1913, №34), «Жазу жөндеу» («Қазақ», 1913, №43 М. Әуезовтің « Ғылым тілі» («Абай», 1918, №18), Х. Досмұхамедұлы, М. Жұмабаев, Ә. Дибаевтың «Қазақ емлесі» («Шолпан», 1923), «Еңбекші қазақ» газетінде 1924 жылы М. Дулатовтың «Әліппе мен жазу ережелері»», Ж. Аймауытұлының «Жазу мәселесі туралы соңғы сөз», «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба», «Қазақ тілін жүргізу қазақша оқуда», 1927 жылы Ж. Аймауытұлының «Емле, әріп жайында», Т. Шонанұлының «Қазақстанда латын әліппесінің жұмысы», «Жаңа әліпби жұмысы», «Ақ жолда» Х. Досмұхамедұлының «Қазақ тіліне латын харфін алу мәселесі», «Советская степь» (1928, 28 ақпан) газетінде С. Сейфуллиннің «Терминдер мен терминология хақында» («О терминах и терминологии») т.б. мақалалар, сондай-ақ Ғ. Қараштың «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), Н. Төреқұлұлының «Жат сөздер туралы» (Москва, 1927) секілді еңбектер жарық көрді.

Осы кездерде Ахметтің қазақ әліпбиінің, қазақ жазуының негізін қалаған «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. Баяншы» (Орынбор, 1912), «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші кітап. (Орынбор, 1912), «Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылған әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас» (Орынбор, 1913), «Қазақша әліппе. Оқу құралы» (Орынбор, 1914), «Тіл құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық» (Орынбор, 1914), «Оқу құралы. Усул сотиемен тәртіп етілген қазақша әліппе. Бірінші жылдық» (Орынбор, 1915), «Оқу құралы. Усул сотиемен тәртіп етілген қазақша алифба» (Орынбор, 1916), «Оқу құралы. Бастауыш мектепте

екінші жыл оқылатын қирағат кітабы» (Орынбор, 1916), «Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы)» (Ташкент, 1918, 1920, 1922; Қызылорда, 1925, 1926), «Әліппе астары» (Орынбор, 1924), «Тіл – құрал түрлері» (Қызылорда, 1924), «Оқу құралы» (Қызылорда, 1921; Ташкент, 1922; Орынбор, 1925)), «Әліпби: Жаңа құрал» (Ташкент, 1927), т.б., Т. Шонанұлының «Қазақ тілінің оқу құралы» (орыс мектептері үшін, 1923) атты кітаптары шықты.

Сөйтіп қазақ терминологиясының негізі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жарық көрген А. Байтұрсыновтың «Тіл-құрал», «Әліппе», «Әдебиеттанытқыш», Е. Омарұлының «Пішіндеме», Х. Досмұхамедұлының «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану», Ж. Аймауытовтың «Психология», Н. Төреқұловтың «Жат сөздер туралы», М. Дулатовтың «Есептану», М. Жұмабаевтың «Педагогика», Ж. Күдериннің «Өсімдіктану», сондай-ақ С. Қожановтың, Т. Шонанұлының, Қ. Кемеңгеровтің, т.б. еңбектерінде қаланды деуге болады. Өткен ғасыр басындағы басты мақсаты ұлт тілінде терминдер жасау болған қазақ терминологиясының тарихын арнайы зерттеген Ш. Құрманбайұлының анықтауынша, осы кездерде жасалған терминдердің 90 пайызы қазақтың төл сөздері де, шеттен кіргендерінің саны 10-15 пайыздан аспайды.

Төңкерістен кейінгі жаңа дәуірдегі өмірде болып жатқан өзгерістерге, білім-ғылым саласының дамуына байланысты орыс тілінен қазақ тіліне жаппай келе бастаған атау сөздер ұлт зиялыларын ойландыра бастады. Сырттан кірген сөздерді аудару, не болмаса қазақшаландыру мақсатымен 1922-жылы тұрақты түрде жұмыс істейтін арнайы комиссия құрылды. Құрамында 5-6 қызметкері бар бұл комиссияның жұмысын А. Байтұрсынов басқарды. 1923 жылы қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік мәртебе алды. Жиырмасыншы жылдардың соңына қарай, термин мәселесімен Қазақ АССР Оқу комиссариаты, оның жанындағы Академиялық орталық шұғылданды.

Қазақ терминологиясының қалыптасуында А. Байтұрсынов тарихи рөл атқарды. Оның отызыншы жылдарға шейін шыққан оқулық, оқу құралы қажеттіліктерін өтеу мақсатымен жазылған еңбектерінде және де баспасөз бетінде жарияланып тұрған мақалаларында, түрлі жиындарда, оның ішінде 1924 жылы маусым айында Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының бірінші сьезінде, 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың бірінші құрылтайында жасаған баяндамаларында қазақтың ұлттық филологиясының терминдік негіздері толық жасалды деуге болады.Сөйтіп, қазақ тілтануы мен әдебиеттануы жиырмасыншы ғасырдың бірінші жарымындағы халықтың сауатын ашу, білім беру мақсаттары бойынша жазылған оқулық, оқу құралдары арқылы өмірге келіп, мұның жалғасы кейіннен барып ғылыми ізденістерге ұласты.

Қазақ терминологиясының атасы аталған Ахмет Байтұрсыновтың қазақ мәдениетіне сіңірген еңбектеріне тоқталғанда, ең алдымен оның қазақ филологиясының негізін қалағанын айтамыз. «А. Байтұрсынұлы – жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға» (Ш. Құрманбайұлы. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы. «Ана тілі», 21-27.02.2013). Тіл білімі саласына келсек, ол қазақ тілінің әліпбиінен, терминдерінен бастап, грамматикасын толық жазып шықты.

Термин жасаудың негізгі ұстанымдарын анықтау, терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияның негізгі даму бағытын, мазмұнын айқындайтын негізгі орталық мәселе болып табылады. Осы проблема дұрыс шешілсе, бұл тек терминжасамның ғана емес, жалпы тіл білімінің дұрыс бағытта дамуының бірден-бір кепілі де болып табылады.

Сондықтан да «Тіл тазалығы дейтініміз, ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау...Жалғыз-ақ біздің қашатынымыз – жатшылдық (жат сөзшілдік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп,

мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек» (А. Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1989, 151-бет) – деп білген А. Байтұрсыновтың филологиялық еңбектерінде бірде бір шетел сөзін термин ретінде қолданбаған. Термин жасауда ана тілінің бай мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, қазақ тілінің ғылым тілі бола алатындығын дәлелдеп берді. Ал шетел сөздерін «жат сөздер» атап, тілде баламасы болмаған жағдайда ғана қабылдауға болады, онда да қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп білген.

Ахмет мұндай сөздерді жайдан-жай айта салған жоқ. Ол өзінің ұзақ жылдар бойғы ғылыми ізденістері барысында қазақ терминологиясының негізін салып, негізгі қағидаларын анықтап қана қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асырған. Қазақ білімпаздарының Орынбор қаласында өткен бірінші сьезінде (1924) және 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың бірінші құрылтайында жасаған баяндамаларында терминжасамның негізгі қағидаларын ұсынды. Олар төмендегіше анықталды:

А. Алдымен, ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі алынуы керек.

Б. Ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөзді туыстас тілдерден алу.

В. Кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіліп алынады.

Г. Қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін өзге тілден енген сөздер қазақша айтылуына сәйкес өзгеруі тиіс (Қараңыз: Алаштың тілдік мұрасы. А., 2009, 45-46 беттер).

«Ана тілі» атауын алғаш енгізген Ахмет «Тіл-құрал» оқулықтарында 310 лингвистикалық термин қолданыпты. Оның ішінде 108-і фонетикаға, 11-і лексикологияға, 109-ы морфологияға, 64-і синтаксиске, 18-і жалпы тіл біліміне қатысты (Ахметтану бастамалары. 2005, 14-15 беттер). Осылардың ішіде 118 термин қазіргі тіл білімінде қолданылып жүр екен. Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, жалғау, жалғаулық, есімдік, есімше, көсемше, жұрнақ, дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, дауысты дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, буын, рай, мүше,жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем секілді терминдер қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияда өте сәтті жасалынған, оған қойылатын барлық талаптарға толық жауап беретін терминдер қатарында.

Академик Ө. Айтбаевтың анықтауынша, А. Байтұрсынұлы төмендегідей терминдерді жасап, оны өзінің еңбектерінде қолданған: буын, дыбыс, дыбыс жүйесі, жарты дауысты дыбыс, ымыралы дыбыс, ымырасыз дыбыс, қатаң дыбыс, таңба, қарып, дәйекші, дауысты, дауысыз, сөз, қос сөз, сөз жүйесі, қосалқы сөз, түбір сөз, туынды сөз, сөйлем, сөйлем жүйесі, тіл, түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, демеу, демеу сөз, сызықша, ұяң, қосымша, үндестік заңы, түбір сөз, туынды сөз, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, жалғау, одағай,т.б. (Ө. Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2007).

«А. Байтұрсынұлы ұсынған (жасаған) лингвистикалық терминдердің сәттілігі, қолайлылығы соншалық, олар тез қалыптасып, орнығып, мейлінше өміршең болып шықты. Автор жау атанып, атын тарихтан сызып тастаған кезеңдердің (1929-1988) өзінде ол терминдердің барлығы дерлік сол қалпында қолданылып келді, қолданылып отыр» (Р. Сыздықова. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынов көтерген тарихи жүктің бірі. «Туған тіл», 2008, №1, 26-бет).

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышы» арқылы әдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптастырды.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ терминологиясының қалыптасуына елеулі еңбек сіңіргендердің бірі – Елдос Омаров. Алашорда қозғалысының белсенді қайраткерлерінің қатарында көрінген ол 1917 жылы желтоқсан айының 5-13-і аралығында өткен «Жалпы қазақ-қырғыз сьезін» ұйымдастырушылардың бірі болды. Елдос 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының бірінші сьезінде «Қазақша пән сөздер» тақырыбында жасаған баяндамасында «Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті бола коймайды. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағынасы аз да болса тиісті ұғымды сездірерлік болса, оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек. .. Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп, өзгертіп алу керек... Тілдің заңына көнбейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады; тілдің негізгі қасметтері, тұрлаулы заңдары бұзылады» (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сьезі. Алматы, 2005, 96-97 беттер) деді. .

Жиын осы баяндамада негізделген қазақ тілінде термин жасауға қойылатын ұстанымдарды бекітті. Олар төмендегідей болатын:

«1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын...

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған сөздер басқа түрік халықтарынан ізделсін...

3. Иаурапа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөзі болып алынсын...

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада байыналып көрсетілген

заңдарынша өзгертіп алынсын» (сонда).

Қазақ білімпаздарының сьезінде баяндама жасаған А. Байтұрсынов пен Е. Омаровтың сөздерін салыстыра қарағанда, екеуінің термин жайлы айтқан ойларының бір арнадан шығып жатқандығы байқалады. Осы бір ұлттық тіл білімінің, ұлттық ғылымның дамуындағы аса бір маңызды мәселе жөнінде алаш зиялыларының бір ыңғайда көрінуінің өзі сол кездегі жаңадан дамып келе жатқан қазақ филологиясының дұрыс бағытта екендігін аңғартқан үлкен жетістігі еді.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақ даласына келген жаңа заман ұлт зиялыларының алдына жаңа міндеттер ала келді. Түрлі себептермен қоғамдық, мәдени дамуы кенжелеп, білім-ғылым саласы тұралап қалған елді көтеру ұлт оқығандарының алдында тұрған үлкен межеге айналды. Бұл ретте халықтың сауаттылығын арттыру, білім беру жүйесін жетілдіру, ғылымға жол салу сияқты жұмыстар кезек күттірмей, алдыңғы қатарға шықты. Міне, осы кездерде қоғамдық өмірдің әр саласында жүрген қазақ оқығандары өздерінің барлық істерін тастап, аса зәру болып тұрған білім беру саласына қарай ойысты. Ақын, қоғам қайраткері А. Байтұрсынов қазақ тілінен, әдебиетінен, М. Жұмабаев педагогикадан, Ж. Аймауытов психологиядан, дәрігер С. Аспандияров пен теміржолшы М. Тынышбаевтарихтан, қоғам қайраткері С. Қожанов есептен, жазушылар М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов әдебиет тарихынан оқулықтар, оқу құралдарын жазуға мәжбүр болды. Мұның өзі қазақ тіліндегі ғылыми терминдерді қалыптастыруға, дамытуға кең мүмкіндіктер жасады.

Дегенмен де бұл істер көптеген қиындықтарды жеңу арқылы барып жүзеге асты. Осы бағыттағы негізгі мәселенің бірі ғылыми терминдерді жасау проблемасы еді. Бұл ретте дәрігер болғанына қарамастан қазақ тілін, оның ішінде оның негізгі жаны үндестік заңын зерттеп, іргелі еңбек жазған Халел Досмұхамедұлы «Қазақ тілі – ғылым жолына

шалынбаған, сөздері ғылым іретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын кез келді» – деп жазды.

Терминжасамға келгенде, Халел де А. Байтұрсынов, Е. Омаров секілді шеттен енген сөздерге қарсы емес, бірақ олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгеріп, қазақ сөзінің кейпіне түсіп, қабылдануы керек деп білді: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін, тілге «өзілік» болу үшін сол тілдің заңымен сай, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді қолданғанда, тіліміздің заңымен өзгеріп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады»; «Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алуымыз керек... Біз тілімізге жат сөздерді кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек. Жаңа түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп, өзгертіп алуымыз керек»; «Қазақ тілі жаңа тұрмысқа керекті сөздерді тағы алмай тұра алмайды, тілесең де осылай болады, тілемесең де... Басқа мәдениетті елдерден қашып тіл байымайды. Бірақ сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды. Опыр-топыр болып, тіліміздің негізгі заңдарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберу де бар. Қазақ тілінде шыққан әдебиеттерді қарасақ, тура жазылған бір кітап, бір журнал, бір газет жоқ» (Х. Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Алматы, 1998, 147-148 беттер).

Телжан Шонанұлы да 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөзінде шеттен енген термин сөздердің жазылуы турасында «Біздің ұстанымымыз біреу-ақ: қазақ тілінен сырттан кіріп жатқан сөздер де қазақ тілінің орфографиясы бойынша жазылып, оның дыбыстық, морфологиялық заңдылықтарына бағынады... Шеттен енген сөздерді бұқараның жеңіл меңгеріп, оңай оқып, түсінуі үшін оның

қазақ тілінің табиғатына бағынуы міндетті. Бұл дегеніміз, біз шеттен сөз алғанда оның материалдық мағынасы сақталынған негізін аламыз да, морфологиялық, басқа да жақтары түгелдей қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімделуі керек» (Телжан Шонанұлы. Үш томдық шығармалары. 3 том. Алматы, -2013, 235-236 беттер)- деген пікір білдірді.

Ұлттық негізді «Психологияны» (1926) жазғанда, 320 шамасында термин қолданған (Ш. Құрманбайұлы. Алаш және терминтану. А., 2008, 115-бет) Ж. Аймауытовтың терминологиялық лексика қалыптастырудағы пікірі сәл өзгешелеу. Жүсіпбек термин мәселесінде қатаң ұстанымдардан гөрі өмірдің қайнаған қазанына салып жіберіп, әбден пісіп-жетілгенін қабылдау керектігін дұрыс санайды. «Пән сөздері қалай табылады?» атты осыған орай арнайы жазған мақаласында ол мәселенің ұңғыл-шұңғылына үңіліңкіреп, термин жасаудың өзіндік жобасын ұсынады:

«1. Сөз туралы қиналмай, тілді өз ағымына жіберейік. Ұнамды сөз алынып отырар да ұнамсызы шығып қала берер.

2. Кіріп қалған жат сөздерден қашпайық. Орынсыз тілге зорлық қылмайық.

3. Сөзді пән мамандары, кітап жазушылар шығарсын.

4. Сөз таба алмайтын шөлдірік адамдар кітап жазбасын. Оқу кітаптарын педагогтер жазу тиіс. Оқыту жолын білмеген адамның кітабы ұғымды болмайды. Педагогтің шебері жазу керек.

5. Жаңадан сөз қосушылар тапқан сөздерін кітабына айрықша жазып отырсын.

6. Кітап жазушылар екі-үш жыл өткенде, тіл туралы кеңесіп, табылған тілдерді қорытып отырсын.

7. Пән сөздері, әйтеуір жаттап алынған сөздер, мейлі кітап бетінде, мейлі газет журнал бетінде болсын, орысшасымен бірге (орысшасы қазақ қарпімен) жазылып отырсын.

8. Қолайсыз алынған сөздер туралы баспасөз бетінде сын жазылып, жобалар ұсынылсын.

9. Білім кеңесі (яки оның орнындағы мекеме) істей алса,

жаңа шыққан сөздерді жинастырып, лұғат кітап бастырып отырсын» (Ж. Аймауытов. Пән сөздері қалай табылады? «Алаштың тілдік мұрасы», А., 2009, 202-бет).

XX ғасырдың бас кезіндегі аса көрнекті қоғам қайраткерлерінің бірі, жан-жақты білімдар Нәзір Төреқұлов термин мәселесіне арнап, «Жат сөздер туралы» (Мәскеу, 1926) атты еңбегін жазды. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ терминологиясы негізінен ұлттық терминдерге басымдық бергенімен шеттен енген терминдер де көптеп еніп жатты. Енді сол термин ретінде сырттан кіріп жатқан сөздерді қазақшаға қалай қабылдаймыз деген мәселелер туындады.

Филологиялық тұрғыдан жан-жақтылықты қажет ететін осы бір мәселе хақында Н. Төреқұлов толымды, ғылыми жағынан негізді пікірлер айта алған. Нәзір «Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін... Басқаның сөзін бұзбай айтам деп, тіліңді бұрып жүргенде, өз тіліңнен айрылып қаларсың... Қазақ сөзі болып әбден сіңуі үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы керек...» (Н. Төреқұлұлы. Жат сөздер туралы. Астана, 2005, 12, 22, 25 беттер) – деп, мәселені турасынан шешті.

«Жат сөздер туралыны» баспаға дайындаған Ш. Құрманбайұлы кітаптың соңына «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 14 сәуірінде жарияланған пікірді қоса беріпті. Онда Нәзірдің бұл еңбегін жақсы бағалап, ол айтқан пікірлерді ары қарай дамыта түскен: «Жат сөзді қазақша шоқындырып алмасақ, қазақ тілі бұзылады... Жат тіл сөз алғанда, отқа май құйып, сәлем еткізіп, қазақ тілінің заңына бағындырып алу керек... Қазақ тілін ардақтағысы келген, өз тілін дұрыстағысы келген адам тіл бетіне секпіл салып, ажарын бұзғысы келмеген адам Нәзір кітабын оқып, ойлансын» (сонда, 36 бет).

Термин саласында жүргізілген жұмыстардың барысында жиырмасыншы жылдарда алғашқы терминдік сөздіктер шыға бастады. Бұл ретте Қ. Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмаш» (Мәскеу, 1925), Н. Қаратышқанұлының

«Пән сөздер» (Қызылорда, 1927), Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясының «Атаулар сөздігі» (Алматы, 1931) секілді еңбектерді алдымен атаймыз.

Бұл сөздіктер ғылыми тұрғыдан келгенде, көптеген кемшіліктеріне қарамастан, қазақша терминдер жасау жолындағы алғашқы тәжірибелер, жетістіктер ретінде елеулі еңбектер қатарында. Мысалы, Қ. Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмашында» (Москва, 1925) поэма – дастан, творчество – шығармашылық, антитеза – шендестіру деп берілген. Бірақ кейіннен, отызыншы жылдары бұлар өзгеріп, орыс тіліндегі нұсқасы қалды.

Қазақ терминқорын жасаудағы алғашқы адымдар санатындағы бұл сөздіктер осы саланың алғашқы жетістіктері болғанымен де сол кездегі ресми баспасөз бетінде ұлтшылдық бағыттағы еңбектер ретінде қатаң сынға алынды. Солардың бірі М. Қайыпназаров «Атаулар сөздігін» «Термин мәселесі бұл сөздікте ентернасаналдық сөздерін аударуға келмейтіндеріне қазақ тонын кигізіп барып алуға тырысқан, бұл дұрыс саясат дей алмаймыз» – дей келіп, «қазақ тілі құрылысына бәлшебектік басшылық ету» (М. Қайыпназарұлы. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін. «Социалды Қазақстан», 1932 жыл, 10 қазан) – мәселесін көтерген. Мұның өзі жай ғана өзіндік пікір білдірген мақаланың бірі ғана емес, сонымен бірге Қазақстанда жиырмасыншы жылдардың соңына қарай күшейе түскен саяси қуғындаулардың қазақ тіліне де жетіп, ұлттық бағытта жасалынған жұмыстардың барлығына да тоқтау салып, салып қана қоймай, осы салада елеулі еңбек сіңірген азаматтарды қуғындай бастауының да бір көрінісі болатын.

Сөйтіп, жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ терминологиясы алашшыл қазақ оқығандарының арқасында ұлттық бағытта дамып, қалыптасса, отызыншы жылдардан бастап, бұл процесс күшпен тоқтатылып, терминдерді орыстандыру саясаты жүзеге аса бастады. Филология ғылымында

үстемдік етуші орыс тілінің ғана мүддесі көзделіп, басқа ұлт тілдерінің өзіндік ерекшеліктері ескерілмей, терминжасамда ұлттық термин жасау мүмкіндіктері шектеліп, термин қабылдағыш тілдерге айнала бастады. Осындай саяси мақсатты жүзеге асыру үшін 1933 жылы 22 маусымда Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің қаулысымен Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылып, оған осы салада жүріп жатқан жұмыстарға идеялық жағынан бағыт-бағдар беріп, басшылық жасап отыру міндетін жүктеді.

Жиырмасыншы жылдардың терминжасамында басты ұстаным ретінде қазақ тілінде термин жасау ұстанылса, енді терминологияның халықаралық сыпатта, яғни орысша болуы оның дамығандығының көрінісі ретінде алдыңғы планға шықты. Терминнің халықаралық сыпатта болуы оларды жай сөздерден ажырататын басты белгісі саналды. Өйткені бір мағынадағы әр тілдегі сөздер бір-біріне ешуақытта да сәйкес келмейді деп саналды. Осы уақыттарға дейін қазақ терминологиясын жасаған алашшыл азаматтарды олар қазақ тілінен интернационалдық терминдерді қуып шықты деп, айыптады. Тіл білімінде осындай саясаттың жүргізілуіне байланысты қазақ терминологиясы өзінің ұлттық сыпатынан айрыла бастады.

КСРО халықтарының ұлт тілдерінде ғылыми терминдер жасаудың негізгі принциптері 1930 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық партия мәжілісінде айқындалды. Оқу-ағарту мәселелерін қараған жиында ұлттық тілдердегі терминологияның даму бағыты ретінде интернационализм мен халықаралық сыпат басты ұстаным ретінде атап көрсетілді. Мәжіліс қабылдаған қаулыда тіл мәселесіне келгенде партия ұйымдарына төмендегідей қағидаларды басшылыққа алып отыру ұсынылды:

«а) для наиболее культурно отсталых народов, создающих только сейчас научные основы языка, содействовать более быстрому сближению местных наречий и говоров в единый литературный язык, вместе с тем обеспечивая всемер-

ное развития определивщихся нацязыков;

б) всемерное упрошение орфографии, писменности и приближение ее к фонетике языка за счет выбрасывания устаревших наслоений и освобождения от необосновных подчинений другим языкам;

в) при выроботке новой терминологии, особенно специальной и научной, необходимо бороться с широким и непременным пользованием арабизмами, иранизмами, латинизмами, руссицизмами, и т. д. и преимущественно пользоваться общепринятыми терминами;

г) необходимо ускорить темп перехода восточных народовСССР с арабского алфавита на новый алфавит, так как одновременное существование рядом двух алфавитов краине затрудняет дело прсвещения широких масс» (Вторе Всесоюзное партийное совещание по народному образованию. Стенографический отчет. М., 1931, 308-бет).

Отызыншы жылдардағы қазақ терминологиясының сыпатын 1933 жылы «Мемлекеттік терминкомның бюллетенінде» (№2) жарияланған сол кездегі Мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы Қ. Жұбановтың «Термин сөздердің спецификасы» («О специфике слов-терминов») атты мақаласынан байқауға болады: «Қай тілдің де сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып, ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына кіреді...Бір сөз белгілі тілінде қандай мағынада қолданылған түрінде қалып отырса, ол сөз термин қатарына кіре алмайды...Сондықтан да ұлттық терминдер болмайды деп, сеніммен айтуға болады...Терминдер барлық уақыттарда да халықаралық сыпатта... Демек, қазақ терминологиясын бір жағынан, интернационалдық, екінші жағынан, қазақ тілі базасында жасалынған терминдер құрайды» (Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010, 524-528 беттер).

Соғысқа дейінгі дәуірде Мемлекттік терминологиялық комиссия бекітіп, «Ғылым ордасының қазақша ғылым-

әдебиет кеңесінде қабылданып алынған пән сөздер» деген тақырыппен жарияланған тізімде филологияға қатысты төмендегідей терминдер кездеседі: әуезе (эпос), әуезелеу (повествование), ақын (поэт), ырғақ (ритм), буын (слог), бунақ (стопа), бейне (символ), берне, сипат, тұрпат (образ), тіл (слог, стиль), тіл қисыны (стилистика), толғау (лирика), тармақ (стих), толғаулы сөз (лирическая поэма), жалаң сөз, қара сөз (прозаические произведение), шумақ (строфа), шендестіру (антитеза), шежіре (летопись), шешен сөз ораторское искусство), дарынды сөз (поэзия), сөйлеу (речь), көркем сөз (художественное слово, художественное произведение), т.б. (Ғылым ордасының қазақша ғылым-әдебиет кеңесінде қабылданып алынған пән сөздер. «Мемлекеттік терминкомның бюллетені»). Мұнда ұсынылғандардың біразы термин ретінде қалыптасып бүгінгі әдебиеттану ғылымында қолданылып жүр. Ал енді біреулерінің мағыналары ауысып, кейбіреулері термин ретінде қолданылудан шығып қалған.

Сөйтіп, отызыншы жылдары өткен ғасырдың басында жасалынған қазақтың ұлттық терминологиясын жаппай халықаралықтандыру, яғни орыстандыру саясаты басталды. Осы үдеріс кешегі тәуелсіздік алған кезге дейін жалғасып, ұлттық терминологияның дамуына орны толмастай нұқсан келтірді. Нәтижесінде қазақ терминологиясы деген аты бар да ал іс жүзінде 80-90 пайызы аударылмай, сол күйінде қабылданған, сол күйінде түбір сақтап жазылатын терминдер өмірге келді. Бұған дәлел ретінде 1936 жылы шыққан «Қазақ тілінің терминдерін», 1937 жылғы «Қазақ-орыс және орыс-қазақ терминологиялық сөздігін» келтіруге болады. Сөйтіп, шеттен енген терминдердің тұлғасын сақтап қабылдау, жазу тіліміздің негізгі саналатын үндестік заңының бұзылуына әкеп соқтырып, мұның өзі тіліміздің одан арғы дамуына қауіп төндіре бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде біршама саябырсыған қазақ терминологиясы қырқыншы жылдардың соңына қарай жандана бастады. Н. Сауранбаевтың редакторлығымен

1948, 1950 жылдары екі томдық «Терминология сөздігі» басылып шықты. Кітапқа жазылған алғысөзде Н. Сауранбаев сөздікті жасау барысында басшылыққа алынған негізгі ұстанымдарды атап көрсетті. Олар:

1) халықаралық терминдер аударылмай, орыс тіліндегі қалпында алынды;
2) халықаралық болып саналатын терминдік мәні бар орыс сөздері де орыс тіліндегі тұлғасын сақтады;
3) қазақ тілінде баламасы жоқ терминдер де аударылмай, орыс тілінде берілді;
4) бірнеше мағынасы бар терминдердің қай түрде алынуы бір принциппен шектелмей, олардың мағыналарының қазақ сөздерімен аталу мүмкіншілігіне қарай шешілді;
5) аударылмай алынған терминдердің мағынасына дәлме-дәл болмаса да шендесетін қазақ сөздері орысша алынған терминдермен қатар беріледі;
6) қазақ тілінің лексикасында тең мағыналы баламасы бар және орынды, қонымды аудармасы бар терминдер қазақ тіліне аударылып алынды;
7) полисемантикалы терминдердің әрбір мағынасына лайықты дәл балама сөз табылғанда, немесе қонымды аударма сөз тап келгенде, олардың әрбір мағынасы дербес сөздермен берілді;
8) аударылған терминдердің мағыналары бұрыннан бар сөздермен бірге жаңа туынды сөздермен де, сөз тіркестерімен де берілді;
9) аударылмай алынған халықаралық терминдер зат есмнің жалғаусыз атау күйінде алынды;
10) аударылмай алынған терминдер қазақ тілінің емле ережесінің туыс жүйелі принципіне сай орыс тіліндегі негізгі формасы сақталып жазылды.

Осы сөздікте С. Бәйішевтің «Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері» мақаласы берілген. Онда автор қазақ терминологиясы саласында осы уақыттарға дейін атқарылған жұмыстарды

ескішіл деп айыптап, жоққа шығарды: «... бұрынғы бағытты жақтаушылар қазақ әдеби тілінің даму ісінде ілгері емес, кері қарады, халыққа жаңалық емес, ескілікті, өсуші емес, өшуші нәрселерді ұсынды... Осыдан келіп бұл бағыттың өрісі тар, өмірі қысқа болды» – дей келіп, қазақ терминологиясының дұрыс жолда дамуына маркстік-лениндік методология айтарлықтай ықпал жасап отырғанын, оның үш тірек арқылы жүзеге асып отырғанына баса назар аударды:

«Бірінші тірек. Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт әрі түгелдей, әрі берік түрде маркстік-лениндік методологияға түсті. Қазақ тілінің терминологиясын жасау жолында марксизм-ленинизм классиктерінің даналық нұсқауларына түгелдей сүйеніп отырды.

Екінші тірек. Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт орыс халқының аса бай тіліне, оның сарқылмас алтын қазынасына сүйенді. Мұның өзі қазақ тілінің баюына, қорлануына, ғылыми-әдеби тіл болуына тікелей әсер етті, көп көмек берді.

Үшінші тірек. Қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт Қазақстан ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақ ССР үкіметінің күнделікті қамқорлығына, тікелей жәрдемі мен басшылығына сүйеніп отырды» (С. Бәйішев. Қазақ терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері. «Терминология сөздігі», А., 1948, 1-кітап, 15-бет).

Автор мақаласында партиялық басшылықтан туындайтын осындай принциптер мен міндеттердің жүзеге асуын елде билік жүргізіп отырған компартия алға қойып отырған түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет орнату жоспарымен байланыстырған. Мұның өзі басқа да қоғамдық ғылымдармен бірге тіл білімінің өзін де саяси мүддеге, яғни коммунистік партияның билігін қамтамасыз етуге, бір ғана тілдің үстемдік құрып, қалғандарының қолданыстан біртіндеп шыға беруіне пайдаланғанғысы келген ниетті анық байқатады. Сонымен бірге осы сөздікке берілген Н. Са-

уранбаев пен С. Бәйішевтің мақалаларынан және сөздіктің өзінен де қазақ терминологиясын орыстандыру арқылы орыс терминологиясының көшірмесі негізінде жасауға ұмтылушылықты да байқаймыз.

Десек те қазақ терминологиясы өзінің ұлттық дамуын тоқтата қойған жоқ. Ресми түрде орыстандандыру бағыты жүріп жатқанымен де әдебиетке, тілге қатысты жазылып жатқан мақалаларда, зерттеулерде қазақ тіліндегі терминдер жасалып жатты. Мысалға С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың қазақ әдебиетінің тарихына арналған монографиялық зерттеулерінде қазақ әдебиетінің терминдері ұлттық нұсқасында қолданылды.

КСРО халықтарының тілдеріндегі терминологиялық жұмыстарға саяси бағыт-бағдар беріп, ғылыми-әдіснамалық ұстанымдарды ұсынып отыру мақсатымен одақтық ауқымда түрлі жиындар жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрды. КСРО Ғылым академиясының ұйымдастыруымен 1959, 1967, 1974, 1981 жылдары терминология мәселелерін талқылаған жиындар өтті. Бұларда КСРО халықтарындағы терминологиялық жұмыстардың жай-күйі, бағыттары, ғылыми-техникалық терминологияның лингвистикалық проблемалары, терминологияны реттеу мәселелері жан-жақты талқыланды. Осылардың барлығына да қазақ ғалымдары қатысып, баяндамалар жасады; шығып сөйлеп, пікірлерін ортаға салды. Мысалы, 1959 жылы КСРО Ғылым академиясының ұйымдастыруымен Мәскеуде өткен Бүкілодақтық терминологиялық кеңеске Қазақстаннан М. Балақаев, Ә. Қайдаров, Т. Мұсақұлов, Қ. Рахимов, Қ. Әбішев, А. Әбдірахманов қатысып, бұлардың ішінде А. Әбдірахманов баяндама жасап, М. Балақаев, Ә. Қайдари, Т. Мұсақұлов, Х. Рахимов жарыссөзге шығып сөйлеген.

Осы кездердегі қазақ терминологиясында орыс сөздерін халықаралық термин ретінде қабылдаушылық басым болды. Қазақ тілінде термин жасау, орыс тілінен қазақ тіліне аудару мәселелерінде орыстың көптеген сөздерін аудармай, тер-

мин ретінде өзгеріссіз алу ұсынылды. Мысалы, мемлекеттің ССРО атауындағы «совет» сөзі аударылмай, күні кешеге дейін сол күйінде қолданылып келді (С. А. Аманжолов, А. Абдрахманов. О научной терминологии и переводной литературе в казахском языке. «Қазақ тіл білімі мәселелері». Алматы, 1959, 19-бет). Қазір «Советтік Социалистік Республикалар Одағы» тіркесіндегі «совет» сөзі «кеңес» түрінде аударылып, қолданылып жүр.

«Одақтас республикалар Ғылым академияларында терминологияны реттеу проблемасы» («Проблемы упорядечения терминологии в Академиях наук союзных республик») тақырыбында 1981 жылы Мәскеу қаласында өткен терминологтардың 4-ші мәжілісінде КСРО халықтарының бірлігіне қалтқысыз қызмет етіп отырған орыс терминологиясының қазіргі таңдағы жай-күйі, ұлт тілдеріндегі қостілділік пен болмашы ғана алшақтық ұстанымының бірігуіндегі терминология, жүйелі терминология жасау ұстанымы, әдеби терминологияның нормасы, термин жасау, кірме термин туралы, терминологиядағы қостілділік, одақтас республикалардағы терминологиялық ұйымдар айналысатын сөздік түрлері және сол сөздіктерді жасаудың әдіснамалық ұстанымдары талқыланды.

1956 жылдан Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтында Терминология бөлімі жұмыс істей бастады. Осы бөлімнің тікелей басшылығымен 1959-1963 жылдары 12 томдық орыс-қазақ терминдер сөздігін шығарды (тілтану, әдебиеттану, ботаника, география, геология, математика, металлургия, физика, экономика, спорт, тау-кен, топырақтану, т.б.). Одан кейінгі жылдарда механизм мен машиналар, педагогика мен психология, физика, химия, балық шаруашылығы, машина құрылысы, қоғамдық-саяси, т.б. терминологиялық сөздіктері болып жалғасты. Енді солардың кейбіреулерін атай кетейік: ӘбетовҒ. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. А., 1962; Әбдіров М., Құлқашев Т., Толыбеков С. Экономика

терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1962; Аққошқаров Е. Физика терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. А., 1974; Аманжолов Қ. Әскери терминдердің орысша-қазақша сөздігі., А., 1982; Арыстанбаев М. Ғ. Мұнай-газ терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 2011; Әубәкіров Ғ., Әбдірахманов С., Базарбаев К. Русско-казахский толковый словарь. А., 1962; Байсалов С., Уәлиев М., Әбжанов Қ. Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. А., 1986; Базарбаев Қ. Б. Орысша-қазақша әлеуметтік сала терминдерінің сөздігі. Астана, 2008; Балқашев Ү. Философия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1962; Жанетов Б., Жанетова Ф Ағылшынша-қазақша экологиялық сөздік. А., 2011; Жарықбаев Қ., Әбдірахманов Ә. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1976; Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. А., 1956; Қалиұлы Б. Өсімдік атауларының қазақша-орысша сөздігі. А., 2011; Қойбағаров Қ., Рақымбеков Ғ. Педагогика-психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1960; Мұсақұлов Т., Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А., 1960; Насырова М. Әлеуметтік-экономикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. А., 1968,1979; Орысша-қазақша қоғамдық-саяси терминологиялық сөздік. А., 1974; Русско-казахский словарь юридических терминов. А., 1986; Бекітілген терминдер мен атаулар. А., 1976,1979; М. Р. Түсіпбек, А. Қ. Құсайынов. Орысша-қазақша-ағылшынша политехникалық сөздік. Екі томдық. А., 2010; Өнертану терминдері. А., 2009; т.б. Әрине, шығып жатқан терминдер сөздігі мұнымен шектелмейді. Десек те осы тізімнің өзі-ақ терминологияның ғылымның, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамти бастағанын, жүріп жатқан жұмыстардың ауқымдылығын байқатады.

Ғылымның түрлі салаларына арналған терминологиялық сөздіктердің жарық көріп жатуы, сөз жоқ, қазақ терминологиясының айтулы жетістіктері болумен бірге

үздіксіз өсу, даму үстінде екендігін де аңғартты. Осы терминдер сөздігін жасау барысындағы негізгі мәселе жалпы орыстан енген, немесе халықаралық терминдерді тілімізге сол күйінде өзгертпей аламыз ба, болмаса қазақ тілінің үндестік заңына орайластыра қабылдаймыз ба деген сауал төңірегінде болды. Ұлтжандылар тіл тазалығын ойлағанымен де сол кездегі қоғамдық өмірдің барлық саласында кең көлемде жүргізілген саясаттың салдарынан шеттен енген сөздер мұрты бұзылмай, қазақ терминологиясының төрінен орын алып жатты.

12 томдықтың ішінде С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың «Лингвистикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі» (1956, 1966) шықты. Осыдан кейін тіл білімі бойынша А. С. Аманжоловтың «Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі. Казахско-русский словарь лингвистической терминологии» (1997), А. Салқынбай мен Е. Абақанның « Лингвистикалық түсіндірме сөздік» (1998), «Тіл білімі сөздігі» (1998, редакциясын басқарған Э. Д. Сүлейменова), «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік» (2000), «Қазақ тілі энциклопедиясы» (1998), А. Ә. Орынбаев пен А. И. Иманованың «Қазақша-орысша лингвистикалық терминдер сөздігі. Казахско-русский словарь лингвистических терминов» (2002), Э. Д. Сүлейменова мен Н. Ж. Шәймерденованың «Словарь социолингвистических терминов» (2002), т.б. еңбектер шықты.

Сонымен шын мәніндегі қазақ терминологиясы өткен ғасырдың алғашқы ширегінде алашшыл оқығандардың еңбектері арқылы өмірге келіп, одан кейінгі дәуірде Қ. Жұбановтың, Н. Сауранбаевтың, А. Аманжоловтың, І. Кеңесбаевтың, М. Балақаевтың ғылыми ізденістері арқылы өсіп-жетіліп, дами түсті. Кейінгі кездерде қазақ терминологиясының тілдік негіздерін зерттегенК. Мұсаевтың, Ө. Айтбаевтың, Б. Қалиевтың, А. Әбдірахмановтың, Б. Әбілқасымовтың, Ш. Біләловтің, т.б. еңбектері осы саланың елеулі табыстарына айналды.

Әсіресе, қазіргі қазақ терминологиясында профессор Ш. Құрманбайұлының өнімді еңбек етіп келе жатқандығын атай кеткен жөн.

Әдеби терминдердің қалыптасуына С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, І. Жарылғапов, М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, М. Әлімбаев, Р. Бердібай, З. Қабдолов, З. Ахметов, Ғ. Әбетов айтарлықтай еңбек сіңірді.

Осы кездердегі әдеби терминдер негізінен орыс тіліндегі сөздерді қазақшалау барысында жасалынды деуге болады. Мысалы, белгілі аудармашы Іслəм Жарылғапов өзінің айтуы бойынша, қазақ тілінде жаңадан бес мыңдай жаңадан сөз жасаған. Әрине, бұлардың барлығы бірдей қолданылып кетті деу қиын. Десек те Іслəмнің балмұздақ, баспагер, жағажай, саяжай, зымыран, ғарышкер, анықтама, мазмұндама, мəлімдеме, аялдама, қаламгер, баспагер, қаламақы, жазылым, өркениет, мемлекет, зейнетақы, оқырман, тыңдарман, көрермен, сарапшы, дəрісхана, күнделік, т.б. секілді қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін пайдаланып сəтті жасалынған сөздері ұлттық тілімізді байыта түскен аударма ісінің тамаша үлгілері қатарында көрінеді. Бұлардың ішіндегі қаламгер, баспагер, қаламақы, жазылым, өркениет, оқырман, тыңдарман, көрермен, т.б. сөздер әдеби терминдер ретінде қалыптасып кетті.

Академик Ө. Айтбаев қазақ терминологиясының дамуын бес кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезеңге он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысын жатызып, «сөз саптауларында терминдік ұғым арқалаған сөздерді қолдана бастаған» (Ө. Айтбаев. «Қазақ тіл білімінің мəселелері». А., 2007, 506-бет) деп, сипаттайды. Екінші кезеңді (1910-1930) А. Байтұрсынұлы есімімен, оның қазақ тілі мен әдебиетінің терминдік жүйесін жасауды қолға алуыменбайланыстырады. Үшінші кезеңді (1930-1940 жылдар) үш бірдей əліпби ауысқан, «шимай-шатағы көп тұс» депті. 1940-1980 жылдар аралығын төртінші кезеңге жатқызып, кирилицаға негізделген орыс жазуы қалыптасқан кез санай-

ды. 1985-жылдан кейінгі (2002) дәуірді бесінші кезең атап, бұл дәуірді «қазір қазақ тілі терминологиялық «бумды», яғни жаңа сөздер мен жаңаша қолданыстар дүмпуін бастан кешіріп отыр» (сонда, 508-бет) деп, айқындаған.

Белгілі қазақ терминтанушысы профессор Ш. Құрманбайұлы қазақ терминологиясының тарихын төрт кезеңге бөлген. Алғашқы кезеңіне он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан 1910 жылға дейінгі мерзімді көрсетіп, бұл кезде «жекелеген терминдер жасалып, қолданыла бастады» дейді. 1910-1930 жылдарды алаш кезеңі атап, осы кездерде «ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілді» деп сыпаттаған. Кеңестік кезең аталған 1930-1990 жылдары «кеңес халқына ортақ терминологиялық қор (жалпыкеңестік терминқор) қалыптастыру көзделді». 1990 жылдардан кейінгі тәуелсіздік кезеңінде «қазақ тіліндегі термин шығармашылығы едәуір өріс ала бастады. Қазақ терминологиясын қалыптастырудың қағидаттары мен даму бағытын айқындауды отандық ғалымдар өз қолына алды» (Ш. Құрманбайұлы. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясының қалыптасуы (1990-2010 жылдар). «Терминологиялық хабаршы». 2011, №3, 4-5 беттер).

Профессор М. Закиев татар терминологиясының тарихын үш кезеңге бөлген. Алғашқысы он тоғызыншы ғасырдың сексенінші жылдарынан жиырмасыншы ғасырдың басына дейінгі 40-45 жылдарды қамтып, татар тіліндегі терминдердің пайда бола бастауымен ерекшеленеді. Одан кейінгі екінші кезең жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін созылып, ғылымның барлық салалары бойынша терминдерді қамтыған 39 орысша-татарша терминологиялық сөздік жарық көрген. Үшінші дәуір Татарстанда 1992 жылы «ТР халықтарының тілдері туралы» қаулының шығуымен басталған (Мирфатых Закиев. О роли многоязычных терминологических словарей в сближении тюркских терминофондов. «Терминологиялық хабаршы», 2011, №3, 17-18 беттер).

Академик Н. А. Баскаков «КСРО халықтары тілдері терминологиясының қазіргі хал-жағдайы» (Современное состояние терминологии в языках народов СССР, «Вопросы терминологии». М., 1961, 55-70 беттер) тақырыпты мақаласында КСРО халықтары терминологиясының дамуын төмендегідей үш кезеңге бөледі:

Бірінші кезең – 1917-1929 жылдар. Бұл кезде бұрынғы терминдерді сынау, араб-парсы терминдерінен арылу, ескіні жаңамен алмастыру жүрді деп, сол кездерде жасалынған бейбауырмал, ортақшылдық сияқты қазақ терминдерін сынаған.

Екінші кезең – 1929-1945 жылдарда стихиялы түрде орыс және интернационалдық терминдер көп енді.

Үшінші, соғыстан кейінгі кезеңде ана тілі мен орыс тілі негізінде ұлттық терминологияның негізі қаланды.

КСРО халықтары терминологиясының дамуын бұлайша кезеңдерге бөлуден сол кездердегі кеңес халықтарының терминжасамдағы ортақ жолдары біршама көрініс тапқанымен де бүгінгі тәуелсіз елдер көзқарасымен қарағанда, биік ғылыми талаптарға жауап бере алмайтындығы байқалады. Кезеңдерге бөлудің кемшіліктері мақаланың біріншіден мақаланың алпысыншы жылдары жазылуы, содан бері жарты ғасырдан астам уақыттың өтуі болса, екіншіден сол кездегі кеңестік ғылымда үстемдік қылып тұрған маркстік-лениндік әдіснамаға байланысты болса керек.

Н. А. Баскаков 1917-1929 жылдарда бұрынғы терминдерді сынау, ескіні жаңамен алмастыру жүрді, яғни дайындық дәуірі болды дегенді аңғартады. Шын мәнінде, осы кездерде қазақ терминологиясының ұлттық негізі қаланып, қалыптасты. Қазақ тіл білімінің, оның ішінде терминологиясының қалыптасуына Ахмет бастаған алашшыл қазақ оқығандары тарихи еңбек сіңірді. Осы кезде «Ұлттық ғылыми-шығармашылық қауым қалыптасты. Қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми-көпшілік, ғылыми әдебиеттер жазылды. Қазақ тілі оқу-ағарту, білім мен ғылым салаларында

мүмкіндігінше пайдаланылып, ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілді». Нәтижесінде «Терминологияны дамытудың ғылыми қағидаттары алғаш рет жасалып, оны дамыту бағдары айқындалды.Бірнеше салалық терминдер жүйесі жасалып, ұлттық ғылыми терминологияның негізі қалана бастады» (Ш. Құрманбайұлы. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясының дамуы. «Терминологиялық хабаршы», 2011, № 3, 4-бет).

Орыс ғалымы 1929-1945 жылдары ұлттық тілдерге орыс және интернационалдық терминдер көп енді; соғыстан кейін ана тілі мен орыс тілі негізінде ұлттық терминологияның негіздері қаланды дейді. Бұл жерде ұлттық тілдерге орыс терминдерінің көптеп кіруі 1945 жылға дейін ғана емес, кешегі тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдарға дейін созылғанын айтқан жөн. Тек кеңес өкіметінің соңғы жылдарында жүрген қайта құрулар кезінде барып, ұлттық терминология жасау жолындағы ұмтылыстардың жандана түскендігі байқалды.

Сонымен, 1929-жылдан 1991-жылға дейінгі уақытты бір кезеңге жатқызып, оны қазақ терминологиясын орыстандыру дәуірі деп, атаса болады. «... үш ғасырдан астам уақыт бұрын басталған Ресей империясының отарлау саясаты және жетпіс жыл бойы жүргізілген кеңестік орыстандыру саясаты Кеңестер Одағына бағынышты түркі халықтары тілдерінің әліпби жүйесіне, терминографиялық нормаларына, орфографиялық емле-ережелеріне, грамматикалық құрылымына кері өзгерістер алып келді» (Г. А. Досжан. Жаһандану жағдайындағы түркі тілдерінің терминологиясына ағылшын тірінің ықпалы. Кітапта: «Түркологиялық жинақ», Астана, 2012, 185 бет).

Бұл кезде қазақ терминологиясы орыс терминологиясымен барынша жақындаса түсіп, мыңдаған терминдерді еш өзгеріссіз қабылдап, оның басқа тілдегі ұлттық көшірмесіне айналды. Жаңа терминдер жасауға келгенде шек қойылып, термин қазақ тілінде термин жасалмайтын болды. Тек орыс-

ша дайындарын қабылдай салу салдарынан қазақ терминологиясы тоқырауға ұшырады. Мұндай жағдай тек терминология саласы ғана емес, бүкіл қазақ филологиясының өзіндік болмысымен дамуын тежеді.

Қазақ терминологиясындағы үшінші кезеңге 1991-жылдан басталған, яғни еліміз тәуелсіздік алған кезден кейінгі жылдар жатады. Бұл жаңа кезеңнің өзіндік ерекшелігі қазақ терминологиясының бұрындары жүргізіліп келген жаппай орыстандыру ықпалынан ажырап, ұлттық негізді терминдер жасау жолына түсіп, бұл саладағы жұмыстардың өрістей түсуі дер едік.Сөйтіп, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, қазақ терминологиясының жаңа кезеңі, яғни ұлттық даму дәуірі басталды.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ терминологиясы кеңестік дәуірдегі кібіртігінен арылып, ұлттық даму жолына түсті. Бұрын қоғамдық өмірдің барлық саласы сияқты термин жасау да Кремльден бағыт бағдар алып отыратын болса, енді барлық мәселе өз қолына тиді. Істі неден бастап, қай бағытта, қалай жүргізу керек деген мәселелер өз шешімін күтті. Түрлі ұсыныстар айтылып, мақсаттар айқындала түсті. Солардың бірі профессор Байынқол Қалиұлы терминжасам жұмыстарын ұйымдастыру, оның қызметін жандандырып, тиімді ету жайлы:

«Енді не істеуіміз керек?

Ол үшін алдымен, мынадай алты түрлі істі қолға алуымыз жөн сияқты.

1. Терминком терминологиялық комиссия емес, мүмкін терминологиялық комитет болып, қайта құрылуы жөн болар...Аталған комитетке Республикалық «Қазақ тілі» қоғамын, Мемлекеттік ономастикалық комиссияны да біріктіруге болар еді... Қалай болған күнде де комитеттің өз мәртебесі, өз қаржысы, өзінің арнайы іріктеліп алынған тұрақты қызметкерлері, отырар белгілі орны болуы керек...

2. Қазақ Республиасы Ғылым Академиясының барлық институттарында, барлық ғылыми мекемелерде тек қана ғылыми терминдерді зерттеумен шұғылданатын бір-бір терминшінің мамандығы штаттық кестеде ккрсетілуге тиіс...

3. Терминкомның тек термин сөздерді ғана және олардың тек қазақша баламалары барларын ғана бекітіп отырғаны жөн...

4. Мейлі бірі орысша, екіншісі қазақша болсын, немесе екі сыңары да қазақша болсын, бәрібір, әйтеуір бір ұғымды білдіретін орысша бір терминге екі түрлі балама ұсынуға

болмайды. Өйткені, мұның екі түрлі балама ұсынудың терминдерді тұрақтандыруға зияны көп...

5. Қазақша жаңа терминдерді қолданғанда, кім болмасын, әлгі терминдер әбден қалыптасып, елдің бәріне түсінікті болып кеткенше, оның орысша мәнін жақша ішіне қатар беріп отырған абзал...

6. Терминком өзі бекіткен терминдердің дұрыс қолданылуына әр уақыт бақылау жасап отыруы керек...» (Б. Қалиұлы. Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері. Алматы, 2008, 12-14 беттер) – деген нақтылы ұсыныстар айтты.

Міне, осы сияқты айтылған ұсыныстардың барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің құрамындағы Тіл комитетіне қарайтын Мемлекеттік терминологиялық комиссия (Мемтерминком) құрылып, іске кірісті. Осы саладағы жұмыстарға жолбасшылық көрсетіп отыру мақсатымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі №444 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы» («Терминологиялық хабаршы», 2004, №1) жасалынған. Онда ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері «1) қазақ терминологиясын реттеу...;

2) салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, оларды өзгерту мен ауыстыруда қазақ тілінің қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану;

3) күн санап толассыз туындап жатқан терминологиялық ұғымдарға тілімізден дәл балама табуда да, сондай-ақ жаңа термин-атауларды жасауда да терминге тән нақтылықты сақтай отырып, олардың тілдегі қолданысында болатын белгілі бір шарттылықты мойындау;

4) терминдер мен атауларды қазақ тілінің негізгі ережелеріне, жазу дәстүріне сәйкес реттеу;

5) туыстас түркі тілдерінің тәжірибесін назарға алу;

6) сөз құрау моделінің барлық түрінің термин құрайтын мүмкіндіктерін ашу;

7) баламасыз шетел терминдерін ұлттық тілдің дыбыс

жүйесіне бейімдеу;

8) ғылымның нақты салаларына орныққан шығу тегі латын, грек, араб және т.с. с. Халықаралық терминдердің белгілі бір көлемін қамтитын жеке сөздік шығару;

9) зерттеу процесінде қолданылатын әлемдік тәжірибені, туыстас тілдердің, интернационалдық терминдердің моделдері мен терминдік атауларын пайдалану, оларды қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктері мен ережелеріне сәйкес бейімдеу;

10) орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминологиялық атауларды мүмкіндігінше қазақ тіліне аударып пайдалану, аударуға келмейтіндерін мағына жағынан сақтай отырып, граматикалық тұлға жағынан қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп пайдалану;

11) терминография бойынша жұмыстарды дамыту;

12) терминология салалары бойынша жүргізілетін кешенді іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету» (Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы. «Терминологиялық хабаршы», 2004, №1) – түрінде анықталған.

Қазақстандағы терминологиялық жұмыстарға Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы басшылық жасап отырады. Комиссияның жұмысшы органы – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің құрамындағы Тіл комитеті. Тәуелсіздік алғалы бері Мемтерминком 8230 терминді бекітіп, қолданысқа ұсынған. Осы бекітілген терминдердің 8036-сы, яғни 97,6 пайызы қазақ сөзі де, 194-і, яғни 2,4 пайызы халықаралық терминдер екен (Қараңыз: Ш. Құрманбайұлы. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясының дамуы (1990-2010 жылдар). «Терминологиялық хабаршы», 2011, №3, 9-бет).

2002 жылдан Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені «Терминологиялық хабаршы» жарық көріп

келеді. Таралымы 2000 дана тоқсан сайын шығып тұратын бұл журналдың қазір 43 саны жарық көрді. Журнал бетінде қазақ терминологиясының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми мақалалармен қатар ҚР үкіметінің тіл мәселелеріне арналған құжаттары, қолданылуға ұсынылатын салалық терминдер, жаңадан шығып жатқан еңбектерге пікірлер ұдайы жарияланып тұрады.

Мысалы, осы бюллетеннің 2003 жылғы №2 санында «А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынған тіл білімі терминдері мен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұсынған әдебиет терминдері мамандар пікірін біліу мақсатымен беріліп отыр. Бұл терминдер тізбесін Мемтерминком алдағы мәжілісінде қарайтын болғандықтан ұсыныс-пікірлердің 15 маусымға дейін жолданғаны жөн» – деген ақпараттық алғысөзбен әдебиеттануға қатысты жалпы саны 431, тіл біліміне қатысты 538 термин ғылыми көпшіліктің талқысына ұсынылған.

Осындай талқылаулардың барысында ұсынылған кейбір атауларға назар аударайық. «Классика» терминіне таңдаулы, озық (Қ. Рақышева, Жамбыл), өнегелі, маңызды (Ә. Сүлейменова, Шымкент), «процеске» барысы, өрісі (Қ. Рақышева), жүріс, барыс (Ә. Сүлейменова) атауларын ұсыныпты («Терминологиялық хабаршы», 2003,№2, 66-67 беттер).

«Терминологиялық хабаршының» бағытынан хабардар болу үшін оның соңғы санына (2013, №3) көз салайық. «Хабаршы» «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы» 1998 жылғы 21 сәуірдегі №367 және «Қазақстан Республикасы жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы туралы» 1998 жылғы 21 сәуірдегі №368 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №397 қаулысымен ашылып, ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат

министрі Құлмұхамед Мұхтар Абрарұлы бастаған 19 мүшесімен таныстырған.

Журнал беттерінде «Терминологияның теориялық, ғылыми-практикалық, әдістемелік мәселелері» айдарымен берілген Т. Жанұзақтың «Географиялық терминдердің апеллятивпен байланысы», Д. Ысқақұлының «Қазақ терминологиясындағы терминге анықтама беру мәселесі», Н. Базылханның «Көне түрік дәуірінің кейбір этномәдени атаулары жайында», А. Жапбаровтың «Қазақ тілі терминологиясының өзекті мәселелері», М. Ахмет-Төренің «Медицина терминдері туралы», Ф. Р. Ахметжанова мен Л. Б. Елшібаеваның «Туынды терминнің танымдық табиғаты», Н. Қадырбаевтың «Термин сөздер – ел әлеуетінің көрсеткіші», А. Ысымұлының «Техникалық терминдер жасаудағы ізденістер» тақырыптарындағы мақалалардың көтерген мәселелерінің маңыздылығы дау тудырмайды.

«Ұсыныстар» айдары аясында мұнай-газ, телерадио, дипломатия, темір жол, индустрия және жаңа технологиялар салалары бойынша қолдануға ұсынылатын терминдердің тізімі берілген. Осы сияқты ғылым мен қоғамдық өмірдің түрлі салаларында қолданылуға ұсынылатын терминдерге бюллетеннің әр номерінен тұрақты орын беріп, мамандардың, жалпы көпшіліктің талқысына шығарып отыру дәстүрге айналған.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ терминологиясының дамуына барлық жолдар ашылып, жан-жақты дамып, жаңа биіктерге шықты. Ұлттық терминологияның жаңа кезеңдегі қарқынды дамуын көрсете алатын мына бір мағлұматтарды келтіре кетейік. Тәуелсіздік алғанға дейін терминология саласынан бір де бір докторлық диссертация жазылмай, 15 кандидаттық диссертация қорғалса, тәуелсіздік жылдары (2010 жылға дейін) 9 ғылым докторы, 38 ғылым кандидаты дайындалыпты. Салыстыруды жалғастырсақ, монография саны 2-ден 12-ге, терминологиялық сөздіктер 90-нан 200-ге, ғылыми мақалалар 300-ден 900-ге дейін өскен.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ терминологиясының түрлі мәселелеріне арналған Ә. Қайдаридың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» (1998), Ө. Айтбаевтың «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (1988), «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (2007), Б. Қалиевтың «Қазақ тілі терминдерінің сөздігі» (2000), «Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері» (2008), Е. Әбдірәсіловтің «Қазақ терминографиясының жүйесі», Ш. Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998), «Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты» (2002), «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары (2004), «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» (2005), «Терминтану» (2006), «Алаш және терминтану» (2008), «Терминтанушы құралы» (Астана, 2009), «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер» (Астана, 2009), Ш. Біләловтің «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері» (1996), т.б. іргелі зерттеулері жарық көрді. Бұларда жаһандану дәуіріндегі қазақ терминологиясының зәру мәселелері ұлттық құндылықтар жасау тұрғысынан батыл көтерілді. Кеңестік дәуірдегі терминологияда негізінен орыстық, интернационалдық терминдерге басымдық беріліп келсе, енді ұлттық терминология жасау мәселесі жан-жақты қарастырылып, күн тәртібіне қойылды.

Профессор Б. Қалиұлы терминжасамда басшылыққа алынуы тиіс деп, төрт түрлі ұстанымды ұсынды:

«1. Орысша терминдердің тіліміздегі қазақша баламаларын табу;

2. Оларды қазақ тіліне калька әдісімен сөзбе-сөз аудару,

3. Әлгі орысша, немесе еуропаша терминдердің орнына қолдан қазақша термин жасау;

4. Шет тілден келген терминдерді қазақ тілінің дыбысталу заңдылығына бағындырып алу және оларды солай жазу, яғни оларды варваризм сөздерден кірме сөздерге айналдыру» (Б. Қалиұлы. Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері. Алматы, 2008, 50-бет).

Философ Қ. Жүкешев «халықаралық терминдерді жаппай аударуға болмайды, қазақ тілінде сол терминнің мағынасын дәл беретін және басқа терминнің немесе ұғымның аудармасы ретінде қолданылмаған сөз болып тұрғанда ғана аударылады, қолданылғанда түбір сақталып, жалғау қазақ тілінде жалғанады, сөз қазақ тілінің сингармониялық заңына икемделеді, орыс тіліндегі нұсқасы қабылданады, жасау немесе аудару қажет болғанда термин алдымен, қазақ тілінің өзінің лексикалық қорынан, одан ыңғайлы сөз табылмаса, көне қазақ тілдерінен, олардан ыңғайлы сөз табылмаса, ретімен туысқан халықтар тілдерінен, олардан ыңғайлы сөз табылмаса, араб, парсы тілдерінен алынуы керек» (Қ. М. Жүкешев. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. Алматы, 2008, 226-бет) – деген ұсыныс айтады. Автордың халықаралық терминдерді қабылдағанда, олардың түбірі сақталып, орыс тіліндегі нұсқасын қабылдау керек деген пікірлері хақында ойлану керек.

Ұлттық әдеби терминологияның дамуына көрнекті ғалым, академик Рахманқұл Бердібай елеулі үлес қосты. Мысалы, ғалым «поэзияны» шығыс, оның ішінде түркі халықтарының көпшілігі қолданатын «назым» атауымен ауыстыруды ұсынып, өзінің еңбектерінде осы терминді пайдаланды. Қоғамдық-әлеуметтік құбылыс ретінде әдебиетте де жиі қолданылып жүрген «көзқаман» терминін енгізді. Қырғыздың атақты «Манас» жырында кездесетін осы бір сөзді қайта тірілтіп, оған жаңаша мағыналар үстеп, ғылыми айналымға қосты. «Көзқаманға» төмендегіше анықтама берді: «Көзқамандар – ең алдымен, өз халқының тілін білмейтін, оны жат санайтын, іңгәлап дүниеге келгеннен ер жеткенге дейін басқа түсінік пиғылда тәрбиеленген жандар... Көзқамандар – жағымсыз құбылысты өте анық беретін термин. Мысалы, мәңгүрт – оң-солын білмейтін милау, миғұла адам. Ал көзқамандық мәңгүрттіктен анағұрлым залалдыы ұғым. Көзқамандар – ақылды, білімді, кітап та жазады. Өзгеге «үкім» айтуға да жарайды. Бірақ, олар осы қасиеттерін өз

халқына қарсы дұшпандық әрекеттерге жұмсайтындар... Мәңгүрттер есінен айрылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер» (Р. Бердібай. Ел боламыз десек... Алматы, 2000,121-122 беттер).

Қазақ әдебиеттану ғылымының терминдік қалыптасуына З. Ахметов айтарлықтай еңбек сіңірді. Ол «Әдебиеттану терминдерін жетілдірудің зәрулігі (ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1996, №4), «Әдебиеттану ғылымы саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдер» («Әдебиеттану терминдерінің сөздігі», 1996), т.б. мақалалар жазды. Осы саладағы ғалымның елеулі еңбегі ретінде «Әдебиеттану терминдерінің сөздігін» (Құрастырған З. Аметов, Т. Шаңбай. А., 1996) ерекше атап өткен лазым.

Автор жалпы терминология саласындағы проблемалар туралы айта келіп, әдебиеттану ғылымының терминдерін қалыптастыру жайлы ойларын ортаға салады. Әдеби терминдер жасаудың принциптеріне, оның алдында тұрған проблемаларға кеңінен тоқталған. Жетілген ғылыми терминдердің болуы – әдебиеттану ғылымы дамуының бірден-бір шарты. Сондықтан да бүгінгі ғылымның әдебиеттің даму деңгейіне сай келетін ғылыми терминдерді жасау қазақ әдебиеттанушыларының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі санайды.

Терминология мәселелеріне арналған түрлі ғылыми жиындар, халықаралық конференциялар мен симпозиумдар жүйелі түрде жиі өткізіліп тұратын болды. Терминжасамның түрлі проблемаларын талқылаған «Терминология: теория және тәжірибе» (2001), «Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері» (2002), «Салалық терминология: бүгіні мен болашағы» (2003), «Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері» (2004), «Қазақ терминологиясы және бұқаралық ақпарат құралдары» (2004), «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (1989), «Терминология мәселелері. 1930-1990 жылдар» (1 том, -2005; 2 том, -2006), «Терминдерді біріздендіру мәселесі» (2005), т.б. ұжымдық ғылыми жинақтар шықты.

Бүгінгі қазақ терминологиясы немен айналысып жатыр, қандай проблемаларды шешуде деген сауалдарға жауап іздесек, ең алдымен, ұлттық терминологияның қалыптасып, жетілу үстінде екендігін айтар едік. Бұл бұрындары ұлттық терминология болмады деп, осы уақыттарға дейін атқарылған жұмыстардың барлығын жоққа шығару емес. Керісінше, кеңестік кездерде орыс тілі негізінде жасалған терминдерге сын көзімен қарап, ғылыми тұрғыдан саралап, негіздеп, бүгінгі күннің кәдесіне жарата беру, жарамаса, заман, ғылым талаптарына үйлеспейтіндіктерін дәлелдеп, қолданыстан шығару болмақ. Бір сөзбен айтқанда, қазақ тілінің ғылыми негізді терминологиясын жасау аса маңызды мәселенің бірі ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.

Тіл – әрдәйім даму үстіндегі құбылыс. Тілдің толығуы негізінен жаңадан сөз жасау, байырғы сөздерді жандандыру, басқа тілдерден өзінде жоқ ұғым атауларын алу арқылы жүріп отырады десек, бұл ең алдымен, терминжасамға тікелей қатысты. Жаңадан сөз жасау дегеніміз, басқа тілдерден келіп жатқан терминді баламасы болса, қазақ тіліне аудару, жоқ болса, лексикалық-синтаксистік тәсілдер арқылы жаңадан сөз жасау, бұл да қиындықтар туғызса, интернационалдық терминді қазақ тілінің ережелеріне сәйкестендіріп қабылдау деген сөз. Осы процесс өз ретімен, тәртібімен жүріп отырса, терминжасамның да дұрыс бағытта жүретіндігі кәміл.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі әлеуметтік мәселелерін зерттеп жүрген Қ. Жүкешев қазіргі қазақ терминологиясындағы «терминдерді қос сөздермен аудару» (миграция – көші-қон, лекарство-дәрі-дәрмек), «терминдерді аударғанда көпсөзділікке жол беру, бір сөзбен берілген термиді көп сөзбен беру» (коррупция – сыбайлас жемқорлық), «терминдерді аудару үдерісінде мағыналық қателікке жол беру» (транспопрт-көлік), «терминдерді екі немесе бірнеше сөздермен аудару», «қате аудару», «қисынсыз жаңа сөз жасап аудару» (ресторан-мейрамхана), «екі немесе бірнеше терминді бір сөзбен аудару» (абитуриент-талапкер,

истец-талапкер), «өзге терминнің аудармасы міндетін атқарып жүрген сөзді екінші рет қолдану» (космодром-ғарыш айлағы, (айлақ – причал болатын) (Жүкешев Қ. М. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. Алматы, 2008, 29-30 беттер).

Терминология дамуының басты екі бағыты бар дейтін болсақ, соның ішінде ұлттық тіл негізінде өсіп-өркендеуі – негізгі, табиғи жол. Қазақ терминологиясы қалыптасқан жиырмасыншы жылдарда, қазақ тілі негізгі терминжасам көзіне айналып, оның барлық мәселелері ұлттық мұраттар тұрғысынан шешіліп, тура жолға түскендей болған. Бірақ та бұл жағдай ұзаққа бармай, отаршылық саясаттың күшеюі салдарынан кері қарай, яғни тілді орыстандыру саясаты жүргізіліп, қазақ терминдерінің 80 пайызға жуығы жат тілді болып шыға келді. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ терминологиясы ұлттық даму жолына қайта түсіп, өткен ғасыр басындағы алашшылдар дәстүрін қайта жалғастырып келеді.

Айтуға оңай болғанымен, кеңестік кездерде «Халықаралық терминдер орысша қалай алынса, қазақша да солай алынады» (1935 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің 812 қаулысы), «қазақ тілінде баламасы жоқ шетелдік және орыс терминдер аударылмай алынатын болсын, бұлардың жазылуы орысша болсын» (ВКПб Орталық Комитетінің В. И. Ленин мен И. В. Сталин шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты 1947 жылғы арнайы қаулысы), «орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша, өзгертілмей жазылады» («Қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелері», А., 1983, 18 параграф) түрінде әбден заңдастырылып, бекітіліп, өмірге еніп кеткен, тіліміздің өзіндік заңдылықтарын бұзып, ерекше жағдайда қолданылып келген терминдерді өзгерту – оңайға соқпасы аян.

Бұл жерде тағы да айтарымыз, шеттен келген терминдердің барлығын қазақыландыру мақсат емес. Егер де оның дәл осы мағынаны беретін қазақшасы бола тұра ол қолданылмай,

кірме термин пайдаланылып жүрсе, онда ойлану керек. Онда да жан-жағымызға қарап, басқа елдерде, оның ішінде түркі тектес туыс тілдерде қалай екендігін байқап барып шешім қабылдаған жөн.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАЙ-КҮЙІ

«Әдебиеттану ғылымында қолданылатын терминдердің жиынтығын» (Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1998, 77-бет; Литературный энциклопедический словарь. Москва, 1987, 438-бет), «мағынасы сөзбен бекітіліп, жұрт қабылдаған әдебиет ғылымы туралы ұғымдарды» (Словарь литературоведческих терминов. Москва, 1974, 407-бет) әдебиеттану терминологиясы деп атаймыз. Қазақ әдебиетінің ғылыми атаулары Ш. Уәлихановтың ауыз әдебиетіне арнап жазған еңбектерінде алғаш рет ғылыми термин ретінде қолданылды деуге болады. Қазақтың тұңғыш ғалымы бұрыннан айтылып келе жатқан жыр, өлең, қайым өлең, қара өлең сияқты халық сөздерінің мағынасын жаңғыртып, оған ғылыми сыпат беріп, жаңа тұрпатта пайдаланды.

Шоқан «Қазақ халық поэзиясының түрлері» атты еңбегінде күнделікті халық тілінде қолданылып жүрген «жыр», «жоқтау», «қайым өлең» сөздерін де арнайы атау ретінде қолданып, оларды терминдік тұрғыдан анықтаған: «Жыр – рапсодия, жырламақ деген етістік, мәнерлеп айту деген ұғым білдіреді»; «жоқтау – әдебиеттің ең ескі түрі. Оның шығуы үй ішінде, қауым ортасында игі адамдардың дүниеден көшкеніне өкініп, оларды еске түсіру ретінде айтылған жыр»; «қайым өлең – төрт жолдан құралған әр шумағында жеке-жеке идея жататын өлең. Бұл өлеңдер дауыс ырғағына негізделіп айтылады» (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. А., 195-бет).

Қазақ терминдерін бір ізге түсіріп, жүйелеу істері өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап қолға алынды. 1923 жылы Қазақстанда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік мәртебе алды. Шет сөздерді қазақ тілінеауда-

ру мақсатымен 1922-жылы тұрақты түрде жұмыс істейтін арнайы комиссия құрылды. Бұл комиссияның жұмысын А. Байтұрсынов басқарды. Жиырмасыншы жылдардың соңына қарай, термин мəселесімен Қазақ АССР Оқу комиссариаты, оның жанындағы Академиялық орталық шұғылданды. Осы шаралардың барлығы терминологиялық жұмыстардың жандана түсуіне игі ықпалын тигізді. Комиссия бекіткен терминдер мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. Енді соның біріне назар аударайық.

**Ғылым ордасының қазақша ғылым-əдебиет КЕҢЕС1НДЕ ҚАБЫЛДАНЫП АЛЫНҒАН ПƏН СӨЗДЕР**

Арнау – Обращение
Айшық – Строй
Əуезе – Эпос
Аңдату, таныстыру – Приступ
Əуезелеу – Повествование
Əліптеме, суреттеме – Описание
Айтыс – Прение
Ақын – Поэт
Үдету, өршіту – Усиление
Өлең шығару – Слихосложение
Өлең – Речь стихотворная
Рғақ – Ритм
Өмір баяны – Биография
Өңдеу – Редакция
Екпінді – Ударно
Үндеу – Воззвание
Буын – Слог
Бунақ – Стопа
Бейне – Символ
Берне, сипат, тұрпат – Образ
Бернелі сөз – Образная поэзия

Байымдама – Рассуждение
Бөлім – Отдел
Баяндау – Обявление
Байналау – Разяснение
Білдіру – Сообщение
Тіл – Слог (Стиль)
Тіл әуезділігі – Благозвучие
Тіл қисыны – Стилистика
Толғау – Лирика
Тармақ – Стих
Толғаулы сөз – Лирическая поэзия
Тұрлау – Тезисы, положение
Жалаң сөз, қара сөз – Проза, прозаическое произведение
Жәдету – Воспоминание
Шумақ – Стропа
Шендестіру – Антитеза
Шұбыртпа – Период
Шежіре – Летопись
Шешен сөз – Ораторское слово
Дарынды сөз – Поэзия
Даналық (өзгертіліп) – Философия
Заман қат – Записки, мемуары
Сөйлеу – Речь
Сәнді әліптеме – Художественное описание
Қайырма – Повторение
Қара сөз – Речь вестихотворная
Қортынды – Вывод
Көркем сөз – Художественное слово, художественное произведение
Мағына – Смысл» («Қызыл Қазақстан», 1923, №19, 24) .

Басқа да ғылым салаларының атауларымен қатар берілген тізімнің ішінен біз тек әдебиетке қатысы барларын ғана іріктеп алдық. Осы алғаш рет ұсынылған әдебиеттану терминдерінің ішінде термин ретінде қалыптасып, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан ақын-поэт, ырғақ-ритм, буын-слог,

бунақ-стопа, толғау-лирика, шумақ-строфа, шендестіру-антитеза, шежіре-летопись, шешен сөз-ораторское слово, көркем сөз-художественное слово секілді ғылыми атаулар бар. Осылардың ішінде енді біреулері мысалы, эпосты әуезе, лириканы толғау, прозаны қара сөз деп аталып, бүгінгі күннің өзінде-ақ термин болуға сұранып тұр.

Қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің шын мәніндегі жолын XX ғасырдың басындағы А. Байтұрсыновтан бастайды. Ахметтің «Әдебиет танытқышы» (1926) әдебиет теориясынан жазылған алғашқы монографиялық зерттеу болумен бірге оның терминдерін де ғылыми тұрғыдан негіздеп, анықтап, қолданысқа қосқан тарихи еңбек болды. Сондықтан да Қазақ филологиясының атасы А. Байтұрсынов оның терминологиясының да бастауында тұр.

Ахметтің «Әдебиет танытқышта» қолданған әдебиеттану терминдері 327 болса, соның 57-сі ғана бүгінгі күні термин ретінде сақталынып қалыпты. Олардың ішінде көріктеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, мегзеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу сияқты терминдер бар.

Бұлардың кейбіреулері қазір орыс тілінен енген терминдерге синоним ретінде қолданылып жүр. Мысалы, Ахаңдағы «көріктеуді» эпитет, «алмастыруды» синекдоха, метонимия, «бейнелеуді» аллегория, «әсірелеуді» ұлғайту, кішірейту, «мезгеуді» метонимия, синекдоха, «қайталақтауды» сөз қайталау, «кекесіндеуді» сатира, юмор деп жүрміз. Осыларды салыстыра қарағанда, Ахмет қолданған қазақша атаулардың терминнің мағынасын дәл беріп тұрғандығы байқалады. Мұның өзі – алдағы уақыттарда ойланарлық мәселе болса керек.

Жалпы терминологияның дамуында ұлттық және интернационалдық бағыттар қатар жүріп отырады. Терминжасамда осы екеуінің бір-бірімен үйлесе, бір-бірін толықтыра отыруы – табиғи, жемісті жол. Десек те осы тепе-теңдіктің бұзылып, бір жағына қарай ауытқып отыратын жағдайлар

жиі кездеседі. Обьективтік және субьективтік жағдайларға байланысты бұлардың кейде бірі алға шығып, екіншісінің жолын кесіп отыратын кездері де болады. Біздіңше, ұлттық терминология негізінен, ұлттық даму бағытында болып, қажет болған тұстарда ғана халықаралық терминдерге жүгінуі қажет. Ахмет Байтұрсыновты қазақтың ұлттық терминологиясының атасы, негізін салушы дейтініміз де сондықтан.

Терминологияда ұлттық пен интернационалдықтың ара жігі, ара қатынасын анықтап алу – тіл білімінде осы күнге дейін ғылыми шешімін таппай келе жатқан аса маңызды мәселелердің қатарында. Солардың бірі қандай атауларды интернационал термин дейміз? Бұл туралы ғалымдар түрліше пікірде. Бір ғалымдар интернационал терминге қайсысы көп тілдерде кездесетін атауларды жатқызса, енді біреулері нақтылай түсіп, оның екі, үш, немесе бес (ағылшын, неміс, француз, испан, италян) әлемдік тілдерде қолданылуын шарт санайды. Енді біреулері оның қанша тілде қолданылатынына емес, семантикалық мағынасының интернционалдық сыпатта болуы шарт деп біледі. О. Есперсен термин қай тілден алынса, сол ұлттың басымдығын көрсетеді дейді (Jespersen J. Paper in international langvage. L. 1921. – S. 142)

Ахметтің филологиялық терминдерінде шет сөздерден жасалғаны – жоқтың қасы. Соған қарамастан, ол жасаған терминдер осы саладағы классикалық үлгілердің қатарында. Мұның басты себебі біріншіден, ғалымның қазақтың бай тіліне тұңғыш рет ғылымның түренін салып, термин жасау мүмкіндіктерін, тіл заңдылықтарын барынша орынды пайдалана білгендігі болса керек. Сондықтан да А. Байтұрсынов жасаған филологиялық терминдердің ұлттық сыпаты басым.

Ахмет салған терминологиядағы ұлттық жол түрлі кедергілерге қарамастан, кеңінен қолдау тауып, өмірге еніп жатты. Ахме бастаған қазақ терминжасамындағы ғылыми дәстүрді қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп, алғаш рет мо-

нографиялар жазған Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов шығармашылықпен дамытып алып кетті.

«Қазақтың әдебиет тану ғылымына алғашқы тартылған сүрлеу» (С. Мұқанов) болған С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты іргелі еңбегінде әдебиетке қатысты көптеген атаулар алғаш рет ғылыми термин ретінде қолданылды. Қазақ әдебиетінің тарихына арналып, оны алғаш рет ғылыми тұрғыдан саралаған көлемді зерттеуде қазақ әдебиеті, ауыз әдебиеті, ел әдебиеті, ақын, жинақ, дастан, билер дәуірінің әдебиеті, әдебиет нұсқалары, жыр, тіл өнері, ырғақ, күй, ән өлшеуі, қара сөз, ырым сөздері, үгіт сөздері, көркемдеген сөздер, ереже, өнегелі сөз, тақпақ, мақал, мәтел, толғаулы жыр, күйлі жыр, сарынды жыр, жырлы әңгіме, әнді өлең, күйлі өлең, өлеңші, жыршы, жырау, сарын, нақыл, өлең, әңгіме, аңшылық, малшылық әңгіме-ертектері, салт өлең-жырлары, дін жырлары, төрттүлік мал туралы жырлар, қайуандар туралы жырлар, билер сөздері, жастық ойын-күлкі өлең-жырлары, батырлар жыры, ертектер, тойбастар, сыңсыма, беташар, бесік жыры, қоштасу, өсиет жырлары, естірту, көңіл айту, жоқтау, тақпақ, бақсының жырлары, шақыру, арбау, байлау жырлары, бәдік, жарапазан, бата, билер сөздері, батырлар әңгімесі, түр, мазмұн, ауысқақ сөздер, ауысқақ тақарып, ауысқақ жайттар,т.б. атаулар термин ретінде алынып, бұлардың көпшілігі кейін қалыптасып кетті.

С. Мұқановтың «ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде» (1931) ұлттық әдебиетке қатысты мынадай терминдер көрініс тапты: көркем әдебиет, әдебиеттің тарихы, әдебиеттің қисыны, әдебиеттің әдісі, әдебиеттің сыны, ырғақ, әдебиет дәуірлері, ақын, жазушы, жан жүйесі, ұлт мінезі, байшылдық, жолбикелік, халық әдебиеті, қалам қайраткері, аударма, көркемдік, мысал, жинақ, роман, ел әдебиеті, кейіпкер, жаңашылдық (либералдық), поэма, санағат (өнер), пернелеу, тіл жағы, құрылыс жағы, сөз құрылымы, түр (форма), тема (тақырып), сыршылдық (лирика), бейнешіл

(символист), мазмұн, буын, қара сөз, сөйлем құрылысы, сөз жүйесі, тыныс, жат сөз, тексеру, драма, пьеса, әдебиет бағыты, әңгіме, идея (мақсат), ұзақ роман, ұзақ әңгіме. Осы терминдердің көпшілігі қазіргі әдебиеттану терминдерінің қатарында жүр. Енді біреулері қолданылмағанымен де сол дәуірдің ғылыми деңгейін көрсететін тарихи терминдерге айналса, кейбіреулері хақында ойлануды қажет етеді.

Осы жерде тағы да бір мәселенің шеті қылтияды. Ол – Ахметтер еңбек еткен жиырмасыншы жылдардың терминологиясында халықаралық терминдердің мейлінше аз кездесетіндігі. Бұл кемшілік емес пе? Біздіңше, емес. Өйткені, ХХ ғасырдың бас кезіндегі ғылымның даму дәрежесі, халықаралық қатынастардың қанат жаюы бүгінгі күнмен салыстыруға мүлдем келмейтін. Сол себептерден де шеттен терминге ұмтылып келіп жатқан сөздер де бүгінгі күндегідей тасқын емес-тұғын.

Ғ. Әбетовтің «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі» 1962 жылы жарық көрді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, сол кездерде басшылыққа алынып отырған ұлттық саясаттың салдарынан бұл сөздікте терминдердің негізін орыс тілінен енген сөздер құрады. Енді нақтылы мысал ретінде әдебиеттану терминдерінің сөздігіне көз жіберейік.

Ең алдымен, Ғ. Әбетовтің «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі» осы саладағы алғашқы еңбек екендігін атап өткен жөн. Кітапқа берілген алғысөзде автор «Сөздікті құрастыруда энциклопедиялық сөздіктер, шет сөздер сөздігі және Л. И. Тимофеевтің, Г. Н. Поспеловтің, В. Жирмунскийдің, И. А. Виноградовтың, Б. Томашевскийдің, А. П. Квятковскийдің, Г. Л. Абрамовичтің, Л. В. Щепилованың, В. И. Сорокиннің, т.б. көптеген авторлардың әдебиет теориясы жөнінде жазған еңбектері мен әдебиеттану терминдерінің сөздіктері түгел дерлік қарастырылып, негізгі нұсқалар ретінде пайдаланылды. Л. Тимофеев пен Н. Венгровтің «Краткий словарь литературоведческих терминов» (1958),

А. Квятковскийдің «Словарь поэтических терминов» (1940) дейтін сөздіктеріне, екі томдық «Литературная энциклопедия. Словарь литературных терминов» (1925) сөздігіне және «Большая Советская Энциклопедияның» екінші басылуына қатты көңіл бөлінді» (6-бет)- деп, ескертілуінен-ақ сөздіктің негізгі ғылыми базасы орыс тілі мен маркстік-лениндік әдіснама болғаны байқалады. Осындай бағытты, осыдан туындайтын ұстанымдарды басшылыққа алып отырғандықтан да «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігіне» кірген орыс терминдерінің көпшілігі аударылмай, аударылса да сол күйінде беріліп, содан кейін барып қазақшасын жанына қосымша ретінде ұсынып отырған.

Сөздікке 720 термин енсе, соның 669-ы орыс және басқа да шет елдік терминдер де, 51-і ғана қазақ тілінде, оның ішінде де халық поэзиясына тікелей қатысты терминдер болып шыққан. Олар мыналар: абай өлеңі, абай шумағы, абай өрнегі, абыз, айтыс, айтыс өлең, айтысу, ақын, халық ақыны, алтыаяқ, бәдік, бақсы, бақсы сарыны, беташар, естірту, жарапазан, жар-жар, жоқтау, жұбату, жыр, жыр ағымы, жырау, жыршы, қайым айтыс, қайым өлең, қайымдасу, қара өлең, қарасөз, қисса, қоштасу, назым, назым сөз, нақыл сөз, наурыз өлең, өлең, өлең сөз, өлеңші, өтірік өлең, сал, сарын, сегізаяқ, сыңсу, сыпыра жырау, сері, тақпақ, терме, тойбастар, толғау, хикая, шайыр, шешендік сөз (Ғ. Әбетов. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1962, 7-8 беттер).

Осында келтірілген қазақы терминдердің көпшілігі қазіргі қазақ әдебиетінде, ғылымында кеңінен қолданылып жүр. Десек те ойландырарлықтары да бар. Мысалы, «абай өлеңі», «абай шумағы», «абай өрнегі», «сыпыра жырау» деген секілділер термин дегеннен гөрі белгілі бір ақынға қатысты айтылатын сөз тіркестеріне жақындау. Сол сияқты «алтыаяқ», «сегізаяқ», «жыр ағымы» да, куплетті де, строфаны да шумақ деп аударуы да ойландырады.

Ғали Әбетов сөздікті құрастыру барысында Қ.

Жұмалиевтің, Е. Ысмайыловтың, Б. Кенжебаевтың, т.б. еңбектерін негізге алғандығын ескерткен. Бұл жерде А. Байтұрсыновтың атының аталмауы түсінікті болса керек. Автордың Ахметтің «Әдебиет танытқышымен» таныс еместігі байқалғандай. Десек те Ғалидың кейбір қазақша терминдері Ахметтің ізімен көрінген. Мысалы «антитеза» екеуінде де шендестіру, «гипербола» әсірелеу, «троп» ауыстыру болып, бірдей алынған. А. Байтұрсынов «аллегорияны» бейнелеу, Ғ. Әбетов пернелеу, «метонимияны» Ахмет алмастыру, Ғали аудармай, метонимия, «сатираны» Ахаң кекесіндеу, Ғалекең сатира, сықақ деп беріпті.

Ғ. Әбетовтің осы сөздігінен соң, ұзақ уақыттар бойы мұндай еңбектер жарық көрмеді десе де болғандай. Мұның себебі сол кездегі кеңестік заманның ыңғайына орай, оған ғылыми, тәжірибелік маңызы бар мәселе ретінде онша мән берілмей, орыс тілді сөздіктер тұрғанда, қазақ тіліндегілердің айтарлықтай сұранысқа ие болмауы еді. Оның үстіне сөздікті жасай алатын әдебиеттің теориялық мәселелерімен жан-жақты қаруланған ғалымдардың тапшылығы да байқалды. Осы сияқты жағдайларға байланысты «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» (Құрастырған З. Ахметов, Т. Шаңбай. А., 1996, 1998) араға біраз уақыттар салып барып жарық көрді.

«Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» барлығы 524 терминге түсіндірме берілген. Осы 524-тің 328-і орысша да, 196-сы ғана – таза қазақ тіліндегі терминдер. Бұл – пайызға шаққанда 65 болады екен.

Әңгімені нақтылай түсейік. «А» әрпінде берілген терминдердің жалпы саны – 56. Олардың ішінде абайтану, абыз, азат жол, айтыс, ақ өлең, ақын, алты буынды өлең, аңдату, аңыз, аралас буынды өлшем, арбау өлеңдер, арнау, арнау өлең, арнау сөз, аттас сөздер, аударма, ауыз әдебиеті – барлығы 17 сөз ғана қазақша да, қалғанының барлығы шеттен енген сөздер. Осы сияқты жалғастыратын болсақ, «В» (2), «Г» (10), «З» ( 2), «И» (10), «Й» (3), «Р» (16), «У» (1), «Ф»

(9), «Х» (7), «Ц» (1), «Ч» (2), «Э» (16), «Я» (1 ) әріптері бойынша берілген жалпы саны 84 термин түгелдей орысша бір әрпінің бір жері қисаймай, сіресіп тұр.

Сонда бүгінгі күнге дейін, яғни тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдан аса уақыт болып қалса да біз әдебиеттану ғылымында ұлттығынан гөрі халықаралық сыпаты, нақтылай түссек, қазақ тілінен гөрі орыс тіліндегісі басым терминдерді қолданып келген боламыз. Мұнымыз қазақ әдебиетіне орыстың көзімен қарап, ғылымының қалыбына салған болып шықпай ма? Әдебиет өнер туындысы, ал өнер ұлттық сыпатта болады дейтін болсақ, сонда біз осы уақытқа дейін әдебиетімізді ұлттық тұрғыдан бағалай алып келдік пе деген сияқты сауалдар да туындайды.

«Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» бір адамның, немесе бірнеше автордың еңбегі емес, әдебиеттің теориясына қалам тартқан қазақ ғалымдарының ұжымдық еңбегі болып шыққан. Сөздікті құрастырып, алғысөзін жазған З. Ахметов – осы кітаптағы «Автология», «Автордың бейнесі», «Азаматтық лирика», «Акростих», «Арнау Өлең», «Ассоциация», «Әдебиет», «Әдеби характер», «Әдебиеттану», «Әдебиеттану әдісі», «Әдебиеттің көркемдік мәні», «Әдебиеттің халықтығы», «Әлеуметтік лирика», «Әңгіме», «Әсерлеу», «Бунақ», «Диалог, сөйлестіру», «Драма», «Дыбыс қайталама», «Еркіті өлең», «Жанр», «Идея», «Идеялық», «Интонация», «Кейіпкер», «Кейіптеу», «Композиция», «Көңіл-күй лирикасы», «Көркем бейне», «Көркемдік әдіс», «Көркемдік деталь», «Көркемдік уақыт», «Көркемдік тіл», «Көркем өнер», «Қайталама ұйқас», «Қара өлең ұйқасы», «Лирика», «Лирикалық кейіпкер», «Лирикалық шегініс», «Мазмұн», «Мақал», «Меңзеу», «Метафора, ауыстыру», «Миниатюра», «Оралым», «Өлең», «Өлең құрылысы», «Өлең өлшемі», «Өлең ырғағы», «Өтірік өлең», «Портрет», «Поэзия», «Прототип», «Реализм», «Романтизм», «Символ», «Стиль», «Сыншыл реализм», «Сюжет», «Тақырып», «Талдау», «Тармақ», «Теңеу», «Термин», «Толымды ұйқас» ,

«Трагедия», «Тұспалдау», «Түйдек», «Түршілдік», «Ұйқас», «Характер», «Цикл», «Шешіліс», «Шиеленіс», «Экспозиция», «Эпитет», т.б. сияқты теориялық мақалалардың авторы. Кітаптағы «Аңдату» мен кіріспе орнына берілген «Әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдер» атты мақалалардың авторы.

Кіріспеде әдебиеттану терминдерінің мәселесі жалпы ғылымның алдында тұрған терминдерді қалыптастыру проблемасымен байланысты қарастырылған. Ұлт тілінің толыққанды өмір сүруінің бір шарты – оның ғылым тілі бола алуында. Қазіргі қазақ қоғамында ғасырлар бойы өзге өктем тілдердің шырмауында шырмалып, еліміз егемендік алғаннан кейін барып еркіндікке шыққан қазақ тілінің болашағына күмәнмен қараушылардың кездесіп қалатындығы жасырын емес. Олар бұл пікіріне дәлел ретінде Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл екендігіне қарамастан, оның күні бүгінге дейін ғылым тілі бола алмай келе жатқандығын алға тартып, қарсы шығуда.

Бұл мәселеде Зәкеңе құлақ салайық: «Бүгінгі таңда ғылым тілін дамыту өте қажет. Мұны біз оны жетілдіре түсу, өркендету керек деген мағынада айтамыз. Жалпыхалықтық тіліміздің байлығы қандай шексіз мол болса, қазақтыңәдеби тілі,өлең тілі қандай кемелденген, бейнелі, оралымды келсе, ғылыми тіліміздің байлығы да, толысу, шыңдалу мүмкіндіктері де сондай орасан зор. Ал қазіргі кезде ғылым тіліндегі жетімсіздік неде десек, сан алуан ғылымдық пәндерде, зерттеулерде қазақғылыми тілін қолдану жағы аз дер едік. Қалыптасқан ғылыми тіл ғылымның қай саласында да бар. Бірақ сол тіл үнемі қолданылғанда ғана күшіне кіріп, жарқырай түседі» (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996, 4-бет). Бұл жолдарды оқи отырып, мәселе тілдің ғылым тілі бола алмайтындығында емес, оған деген ниеттің салқындығында, соның салдарынан ғылым тілінің өз дәрежесінде көріне алмай жатқандығына көзіңіз жетеді.

З.Ахметов «Термин болуға лайық әр сөзді өз алдына

бөліп алып, жекелеп қарау ұтымды болмайды, ой жүйесіне орай алғанда ғана әр сөз мағынасы іріленіп, ұғым-түсінікті дәл береді. Ғылыми ұғымдарды білдіретін терминдер, атау сөздер дұрыс ажыратылып, рет-ретімен өз орнына қойылып, тұрақталып қалыптасқанда ғана әрқайсысы өзіндік жаңаша мағынаға ие болып, тілдің байлығын арттыра түседі. Сөзді әр түрлі қырынан алуға, мағынасын түрлендіруге шек қойылуы, ғылыми ұғымның мәнісі, мазмұны, белгілі бір қалыпқа түсіріліп, сол арқылы ғылыми пәнге қажетті тұрақты терминдер жасалып, үнемі қолданылып отыруы, міне, мұныңөзі ғылымның табиғатына, ондағы ойды дәлелдеп айту мақсатына бірден-бір сәйкес келеді, соған мүмкіндік туғызады» (сонда, 5-бет) – деп біледі. Бұл пікірлердің бүгінгі біздің қоғамымызда қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мақсатында жүргізіліп жатқан қыруар жұмыстарға септігін тигізері анық.

«Әдебиеттану терминдерінің сөздігінен» (құрастырған З. Ахметов, Т. Шаңбай. Алматы, 1996, 1998) соң, жаңадан мұндай сөздік шыға қойған жоқ. Оның басты себебі тәуелсіздік алғаннан кейін басталған терминология жүйесін бүгінгі күннің биік талаптары тұрғысынан қайта қарап, жөнге түсіру жұмыстары жалғасып жатыр. Оның есесіне Қазақстан Республикасы жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның бекіткен терминдері «Терминологиялық хабаршы» альманағында, басқа да түрлі жинақтарда тұрақты түрде жарияланып келеді.

2004 жылы шыққан «Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі» мен 2009-жылы жарық көрген «Бекітілген терминдер сөздігіне» соңғы жиырма жылдың көлемінде термин ретінде ресми түрде бекіген атау сөздер енген. Соңғысы – алғашқысының толықтырылған нұсқасы.

Әрине, мұнда берілген әдебиеттану терминдерінің барлығын талдап жатуға мүмкіндіктің жоқтығы белгілі, оның үстіне қажеті де шамалы. Десек те қазақ терминологиясының

бүгінгі күнгі жай-күйін аңғару мақсатымен еңбектің «А» әрпімен берілген терминдеріне көз салайық:

«автор бейнесі – образ автора
автор сөзі – авторская речь
автор ойы – замысел автора
авторлық аударма – авторизованный перевод
авторлық баяндау – авторское повествование
авторлық дана – авторский экземпляр
авторлық қаламақы – авторский гонорар
авторлық қолжазба – авторская рукопись
авторлық қолтаңба – авторский автограф
авторлық мәтін – авторский текст
авторлық түпнұсқа – авторский оригинал
авторлық түсініктеме – авторский комментарий
автоэпиграмма – автоэпиграмма
ағартушылық реализм – просветительский реализм
азаматтық лирика – гражданская лирика
айтыс – айтыс
айтысу – поэтическое состязание
академиялық басылым – академическое издание
академиялық стиль – академический стиль
ақын – ақын, поэт
ақындық өлең – поэтический стих
александрия өлеңі – александрийский стих
алтыбуынды өлең – шестислоговый стих
араб әдебиеті – арабская литература
арабтану – арабистика
аралас ұйқас – витая рифма, смежная рифма
арнау – посвящение
арнау өлең – песня-посвящение
ассонанс – ассонанс
аударма – перевод
аударма теориясы – теория перевода
ауыз әдебиеті – устная литература
астарлы сөз – подтекст» (Бекітілген терминдер сөздігі.

Қазақша-орысша, орысша-қазақша (15 мыңға жуық термин (Алматы, 2009, 117, 125-130, 136 беттер).

«А» әрпімен басталған 33 атаудың ішінде гректің музыкалық аспаб ұғымын білдіретін «лирика», грекше жазу деп, оқылатын эпиграмма сөзіне авто қосылып, «автоэпиграмма», латынша үйлесімді ұғындыратын «ассонанс» халықаралық термин ретінде берілген. Сондай-ақ, бұрыннан қолданылып келе жатқан латынның жаратушы, негізін қалаушы деген ұғымын білдіретін «автор» 12 сөзбен қосылған (автор бейнесі, авторлық қолжазба, авторлық аударма, т.б.), латынның «реализмі» (шындық, заттылық) «ағартушылық реализм», «стилі» (жазу мәнері) «академиялық стиль», «теория» «аударма теориясы» тіркестерінде термин ретінде ұсынылған. Осылайша жеке бір сөздің өзі, не болмаса екі сөзді тіркестердің біреуі секілді шеттен енген терминдердің жалпы саны жиырма шақты екен. Сонда барлығы 33 терминнің 20-сы халықаралық сипатта. Мұны пайызға шаққанда, тегі жат жұрттық терминдердің көрсеткіші алпыстан асып жығылады екен.

«Бекітілген терминдер сөздігінде» Мемтерминком қайта қарап, бұрын қабылданғанды басқаша тұлғада бекіткен терминдер де кездеседі. Мысалы, «актуальный» 2004 жылғыда «актуалды» деп берілсе, кейінгісінде «өзекті» деп, нақтыланған. Сол сияқты «декоративное искусство» бұрынғыдай «қолданбалы өнер» емес, «сән өнері», «компонент» сөзі «құрамдас» болып өзгерген.

Соңғы шыққан «Бекітілген терминдер сөздігіне» (2009) комиссияның әр жылдарда бекіткен қоғамдық өмірдің, ғылымның түрлі салаларына арналған 15 мыңға жуық термин кірсе, соның ішінде әдебиетке қатыстысы – 414. Осы Мемтерминком әдебиеттану саласында қолдануға ұсынып отырған төрт жүзден астам терминнің негізі – қазақша. Оның ішінде араб-парсы тілдерінен келіп, қазақтың «шапанын» киіп, тіл заңдылықтарына мойынсұнып, сіңісіп кеткені соншалық, шеттен екендігін ажырата алмастай, қазақы күйге

енген терминдер де бар.

Бекітілген терминдердің елудейі – ішінде орысы да бар, Батыс тілдерінен алынғандар. Атап айтқанда, автор, автоэпиграмма, ассонанс, баллада, бард, бестселлер, беллетрист, беллетристика, водевиль, герменевтика, декаденс, драматург, драматургия, жанр, композиция, лирика, пароним, пиктограмма, пиктография, синоним, мелодрама, мемуар, метатеза, метафраза, миф, мифология, очерк, парадокс, Парнас, Пегас, перифраз, поэма-памфлет, поэтика, роман, роман-памфлет, романс, романтика, роман-эпопея, серенада, символизм, сонет, стиль, сценарий, сюжет, тезис, теория, типология, трагикомедия, фантастика, фарс, финал, фольклор, шарж секілді терминдер.

Осы атаулардың көпшілігі – әлемдік әдебиеттану ғылымында кеңінен қолданылып жүрген халықаралық терминдер. Біздің де бұларды осы тұлғада пайдаланғанымыз дұрыс. Десек те, кейбіреулері хақында ойланған жөн. Мысалы, бестселлер, композиция, лирика, миф, поэтика, стиль, финал, фольклор, шарж сияқты сөздердің іздестіріп отырып, қазақша, болмаса туыстас тілдерден осы мағынаны дәл беретін баламасын табуға болатын сияқты. Бұл терминдер әлемдік тілдердің көпшілігінде қолданылатындықтан да баламасын анықтап жатсақ, екеуін де қатар қолдануға болады. Бұдан ештеңе бүліне қоймайды, керісінше ұлттық тілдің мүмкіндігі барынша пайдаланылып, бойына қан жүреді, мәртебесі асып, өміршеңдік қабілеті арта түсетін болады.

Сондай-ақ «Парнас», «Пегас» сөздерінің термин ретінде берілуі, онда да бас әріппен жазылуы да – ойланарлық.

Қазіргі қазақ әдебиеттану терминдерінің жай-күйіне көз жүгірткенде, бұл мәселемен бұрын да, қазір де ешкімнің арнайы айналыспайтындығы байқалады. Кезінде Ахмет Байтұрсынов негізін салып берген ұлттық әдебиет терминдерін жасау дәстүрінің кеңестік кезеңдерде үзіліп қалып, жаппай орыстандыру үдерісі белең алды. Алпысыншы жылдары Ғ. Әбетовтің (Краткий русско-казахский

словарь литературоведческих терминов. Алматы, 1962), тоқсаныншы жылдары З. Ахметов пен Т. Шаңбаевтың құрастыруымен шыққан (Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996, 1998) әдебиеттану терминдер сөздігінен басқа бұл салада айтарлықтай еңбектер жарияланбапты. Бұларда берілген терминдердің көпшілігін орыс тілінен енген атаулар құрайтындығы тағы да белгілі.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан соң, терминология саласында бұрындары жіберілген кемшіліктерді жою істері қызу қолға алынды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның басшылығымен, қолдауымен қыруар жұмыстар атқарылуда. Осы ресми орган Мемтерминком бекіткен ғылым мен техниканың, қоғамдық өмірдің түрлі салалары бойынша жасалынған терминдік сөздіктер көптеп шығуда. Бұл ретте тілші ғалымдардың жасап жатқан жұмыстары айтарлықтай.

Десек те мұндай сөздерді әдебиеттану ғылымына келгенде айта алмаймыз. Мемлекеттік тіл атқаруға тиіс ғылым тілі болуға келгенде, әдебиеттану ғылымы терминдерінің деңгейі сын көтере алмайды. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының деңгейін аңғартатын оның терминдеріне де назар аударып, ғылыми, практикалық мәселелерін зерттеп, талқылап, ұлттық тұрғыдан шешуді қолға алатын уақыт жетті деп білеміз.

Бұл мәселеге келгенде, мынадай жәйттер есте болғаны лазым. Ең алдымен, орыстанып кеткен терминдердің қазақша баламасы болса, соны алып, алғанда оның басқа да түркітектес елдердің тілінде, яғни түркілік сыпатта болу жағын да қатаң қадағалап отырған жөн. Мұның өзі бір жағынан, терминдердің ұлттық тамырын тереңдете түссе, екінші жағынан, қазақ тілін өзге де туыстас тілдермен жақындатып, түркілік сыпатын арттырады; қолданылу аясын кеңейтіп, халықаралық реңк береді.

Ал баламасы қазақта да, түркі тектес тілдерде де болмаса, онда бұрыннан басқа да тілдерде қолданылып келе жатқан

атауларды интернационалдық термин ретінде қабылдау керек. Оларға жаңадан термин сөз жасап шаршаудың қажеті шамалы. Ғылыми терминдер бір жағынан, ұлттық, екінші жағынан, халықаралық сыпатта болуы керек дейтін болсақ, осы екі жағының ұлттық тілдің мүддесі тұрғысынан үйлесім тауып жатуы – аса маңызды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ХАҚЫНДА

Халықаралық терминдерге «Қазақ совет энциклопедиясында» төмендегіше анықтама беріліпті: «Интернационализмдер, интернационалдық лексика – көптеген халықтардың тілдеріне ортақ сөздер мен сөз тіркестері. Интернационализмдер туыстас емес тілдерде де семантикалық, графикалық және сыртқы түрі жағынан ұқсас болады. Интернационализмдер қоғамдық-саяси, ғылыми, мәдени және экономикалық қатынастар мен халықаралық байланыс нәтижесінде туып, белгілі бір тіл арқылы дүние жүзінің бірнеше тілдеріне таралады. Мысалы, ағылшынның спорт сөзі орыс тілі арқылы үндіеуропа тілдеріне және қазақ, өзбек, татар, кырғыз т.б. тілдерге тараған. Интернационализмдер белгілі бір тілге енгенде, сол тілдің фонетикалық және грамматикалық жүйелеріне сәйкес қолданылады.

Интернационализмдердің негізгі белгілерінің бірі – бірнеше халықтың тілінде бір ұғымда айтылатындығы. Мысалы, «коммунизм», «партия», революция», «идея», «атом», «космос», «прогресс» т.б.» (Қазақ Совет Энциклопедиясы. 5-том, Алматы, 1974, 51-бет).

Қазақ терминологиясының жай-күйін зерттеушілердің бірі профессор Ғ. Қалиев халықаралық терминдерді тілдік тұрғыдан төмендегіше анықтайды:

«Интернационализмдер – сыртқы тұлғасы жағынан бірдей, мағынасы жағынан толық, не жартылай сәйкес келетін, ғылым, техника, саясат, мәдениет, өнер саласындағы халықаралық ұғымдарды білдіретін, әр түрлі тілде, оның ішінде туыс емес тілдерде қолданылатын сөздер. И. әдетте Еуропа, Америка, Азия елдерін қамтитын үлкен ареалдарға тараған. И.-дің ішінде неғұрлым жақсы зерттелгені – негізгі қоры классикалық грек, латын сөздерінен тұратын «еу-

ропеизмдер». Бірақ қазіргі тілдерден еніп, халықаралық қолданысқа түскен сөздер де аз емес: нидерланд тілінен теңіз терминдері, итальян тілінен музыка терминдері, ағылшын тілінен спорт терминдері т.б. ; жаңа И.орыс тілінде жасалып (спутник, совет, ленинизм, т.б.) әлемнің көптеген тілдеріне енді. Әлеуметтік-экономикалық процестердің, ғылыми-техникалық, мәдени байланыстардың күшеюіне байланысты И. қоры 20 ғасырдан бері дамып келеді» (Ғ. Қалиев. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі». Алматы, 2005, 142-бет).

«Ұлт қай өркениет қауымдастығына, қай халықаралық одаққа жататын болса, соның барлық ғылыми ұғымдарын, философиялық қағидаларын, әдеби армандары мен лирикалық (поэтикалық) сезімдерін бейнелейтін арнаулы сөздері болуы керек. Түріктер қазір қалайда Еуропа өркениетіне кіруге шешім қабылдағандықтан, олар барлық еуропалық ұғымдар мен мағыналарды түсіндіре алатын жаңа сөздерге мұқтаждық сезетін болады» (З. Көкалып. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, 2000, 90-бет).

«Жалпы кез келген терминология ұлттық және интернационалдық қабаттардан тұрады. Таза бір ғана тілден тұратын терминология жоқ. Әсіресе жаратылыстану ғылымдарының терминологиясында латын, грек сөздерінің қабаттары қалыңдау. Тіпті әлемдік тіл саналып жүрген ағылшынның өзінде де көптеген терминдер латын, грек сөздерінен алынған (Блумфилд Л. Язык. Москва, 2002, 500, 507 беттер).

Кеңес өкіметі жылдарында қазақ тіліне көбірек әсер еткен орыс тілінің өзінде екі мыңдай (Қараңыз: Е. Н. Шипова. Словарь тюркизмов в русском языке. М., 1976), кейбір деректерде 4-5 мыңдай түркілік атаулар бар екен. Ғалымдар украин мен орыс тілдерінің 80 пайыздайы кірме сөздерден тұрады дегенді айтып жүр. Сол сияқты даму үстіндегі кез келген тілдің 50 пайыздайын шеттен енген сөздер құрайды.

Мұның жаһандану арқылы бүкіл әлемді аузына қаратып

отырған ағылшын тіліне де қатысы бар. С. Бизақовтың анықтауынша, ағылшын тілінің 40 пайызы ғана өзінікі (С. Бизақов. Қазақ тілі қандай тіл? А., 2010, 354-бет). Ағылшын тіліне жыл сайын 800-ден астам жаңа сөз басқа тілдерден еніп жатады екен (Түркологиялық жинақ. Астана, 2012, 202-бет). Қазіргі қазақ тілінің құрамындағы араб, парсы, орыс, интернационалдық терминдер үлесі де айтарлықтай. Демек, таза тіл жоқ. Барлық мәселе түптің түбінде оның қалай кіргендігінде, қаншалықты мөлшерде екендігіне байланысты болса керек.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Түрік республикасының құрылуына байланысты осы мемлекеттің негізгі тірегі болатын тіл мәселесі бірінші орынға шықты. Бұрындары араб-парсы сөздерінің орынды-орынсыз көп енуіне байланысты халық сөйлейтін тіл мен билік қолданып келген ресми осман тілінің арасындағы алшақтық едәуір болатын. Осыған байланысты тілдің түркілік сыпатын сақтап қалу, жат сөздерден арылу мақсатымен тіл реформасы жүргізілді. Тілді тазартып, түркілік қалыпқа келтіру науқаны барысында «Ғылыми терминдердің ішінен қажетсіз алынған қаншасын кездестіреміз десеңші! ...түрік тілінде баламасы жоқ сөздерді төбемізге көтереміз. Тілімізге жаңа терминдер әкелетін мұндай сөздерге ұлттық сөздігіміздің есігі ашық. Бірақ, түрікше баламасы бар және ешқандай мағынасы жоқ синоним сөздерді енді тілімізден шығарып тастауға тиіспіз» (З. Көкалып. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, 2000, 83-бет) – деген мазұндағы ұстаным басшылыққа алынып отырды.

Жиырмасыншы жылдары қазақ терминологиясының ұлттық негізін қалаған алаш оқығандары өзгеден енген сөздерді «жат сөздер», «кірме сөздер», «бұратана сөздер», «бөгде сөздер», «қотыр сөздер», «бұралқы сөздер» атап, онша жақтыра бермесе, отызыншы жылдардан бастап, оларды «интернационал терминдер», «халықаралық терминдер» деп, «мәдениеттендіре» түсті. «Интернационал», «халықаралық» терминдердің көбеюін барынша дәріптеп,

мұны дамығандықтың, термин жасауда халықаралық биік деңгейге шыққандық деп түсіндіріп келді. Осындай асыра сілтеу саясат жүргізілуі барысында қазақ терминологиясы «интернационалдық биікке көтеріліп», ұлттық сыпаты кеми түсті. Бұл жердегі бар мәселе термин жасаудағы екі бағыттың, яғни, ұлттық тілден жаңадан термин жасау мен халықаралық терминдерді сол дайын күйінде алудың бір-бірімен үйлесім таппай жатуында болса керек.

Орта ғасырларда Орта Азияға ислам дінінің ене бастауымен бірге арабтың тілі мен мәдениеті де бірге келіп, араб тілі тілімізге дендеп ене түсті. Мұның прогресшілдік жағымен бірге кері жақтары да болды. Ұлтжанды зиялыларды мазалаған нәрсе араб сөздерінің көптеп қабылдануы түркі тілінің өзіндік табиғатына қауіп төндіруі мүмкін. Ғалым Л. Рүстемовтің анықтауынша, қазақ тіліндегі араб-парсы салмағы 18-20 пайыз. Ал Орта Азиялық басқа халықтарда мұның үлес салмағы бұдан да жоғары. Міне, түркі тілдерінің басына төнген осындай жағдай туралы кезінде өзбектің ұлы ағартушысы Абдурауф Фитрат «Түркі тілінің бақытсыздығына басты себеп – араб басқыншылығы. Араб жаулап алушылары өлкемізге жалғыз саяси ел билеу жүйесін ғана емес, оған қоса діни идеологиясын, жазуын, әдет-ғұрпын, салт-санасын ала келген еді. Бірақ, тіліміз тығырыққа тірелмес, өшпес, жасай берер. Неге десеңіз, оның тамыры терең, байлығы мол. Алайда ол араб, парсы тілдерінің тұтқынынан бұлқынып шығып, құтыла алар ма, әлде қол аяғы байлаулы қала берер ме?» («Интирокиун», 1919, 15 маусым, №32) – деп, алаңдаушылық білдіріп, дабыл да қағыпты.

Міне, осындай жағдайда түрікшіл Зия Көкалып «Жаңа түрік тілі біріншіден, тілімізді қажетсіз араб-парсы фразеологизмдері мен сөз тіркестерінен тазарту, екіншіден, оған әлі бізге белгісіз ұлттық фразеологизмдер мен түсіндіру тәсілдерін, үшіншіден, әлі өзімізде болмағандықтан біз жаңадан жасауға мәжбүр болып отырған халықаралық

сөздерді қосу арқылы өмірге келеді. Бұл үш жұмыстың біріншісін тазарту, екіншісін ұлттандыру, үшіншісін -жетілдіру деп атай аламыз» (З. Көкалып. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, 2000, 92-бет) – деп, жазыпты.

Осы мәселелер хақында А. Байтұрсынұлы Бакуде түркітанушылар құрылтайында сөйлеген сөзінде «... басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежеге жеткен... Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты» -десе, тағы бірде «Өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала берсе, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөліктеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жібереді» (Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармалары. Алматы, 1998, 413-бет), «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек» (А. Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991, 350-351 беттер) – деген пікірлер білдірді.

Осы сияқты пікірлерді орыс терминологиясына қатысты Д. С. Лотте де айтыпты: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау, әрине, басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге әкеліп тіреді».

Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың құрылтайында жасаған баяндамасында терминжасамның негізгі қағидаларын ұсынды: «1. Алдымен, ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзі алынуы

керек. 2. Ондай сөз табылмаған жағдайда ондай сөзді туыстас тілдерден алу. 3. Кең тараған халықаралық терминдер қабылданғанда, олар қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіліп алынады. 4. Қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін өзге тілден енген сөздер қазақша айтылуына сәйкес өзгеруі тиіс» (Қараңыз: Алаштың тілдік мұрасы. Алматы, 2009, 45-46 беттер). Ахаң анықтап берген халықаралық терминдерді қабылдауға қойылатын осы өлшемдер күні бүгінге дейін өзінің дұрыстығын дәлелдеп келеді.

Ш. Сарыбаев «Біз жаңа тұрмысқа килігіп қалып, жаңа тұрмыстағы жаңа мағына ұғымдарға кездесіп отырмыз. Сол ұғымдарға лайықты сөз таба алмай, әуре-сарсаң болып жатырмыз. Жаңа ұғымдарға табатын сөзіміз термин ғой. Бұлай болғанда терминдерді қалай қолдану керек? Ең әуелі өзімізде сол ұғымды түсіндірерлік сөз болса, соны алуымыз керек. Дайын болмаса, жат сөз демей-ақ сол мағынаны толық беретін терминнің өзін алу керек. Бірақ мұның билігі маманда болса, бет алды, қалай болса, солай ала бермей, тіліміздің ережесіне бағындырып отырсын. Тілдің өзінің маманы бар, кім көрінген қол сұға бермесін» – дегендері есте болғаны жөн.

Термин жасау мәселесіне келгенде, ХХ ғасырдың басындағы А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ оқығандарының негізінен ұлттық бағытта болғанын көреміз. Х. Досмұхамедұлының

«Жат сөздерді қолданғанда, тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» (Х. Досмұхамедұлы. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. «Алаштың» тілдік мұрасы», Алматы, 2009, 122-123 беттер);

Н. Төреқұловтың:

«Басқа мәдениетті елдерден «қашып» тіл болмайды. Бірақ сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды; опыр-топыр болып, тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберуі де бар...Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін... Басқаның сөзін бұзбай айтам деп, тіліңді бұрып жүргенде, өз тіліңнен айрылып қаларсың... Аурoпа сөздерін алғанда, қазақ тілінің ыңғайына қарай заң қою керек... Жалғыз-ақ әріп ауыстырумен жат сөз қазақ сөзі болмайды. Қазақ сөзі болып әбден сіңуі үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы керек...» (Н. Төреқұлұлы. Жат сөздер туралы. Астана, 2005, 12, 22, 25 беттер) – деген пікірлерінің ғылыми негізділігіне, өміршеңдігіне, дұрыстығына бүгінгі күндері көзіміз анық жетіп отыр.

Шеттен енген сөздердің қазақ тілінде айтылуы, жазылуы деген сияқты мәселелер жиырмасыншы жылдардың күн тәртібінен түспей, баспасөз бетінде қызу талқыланды. Алаш оқығандары түгелдей дерлік орыс атауларының түбірін сақтап жазу дегенге қарсы қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарының орындалуын жақтады. Тіл заңдылығын сақтаудың қажеттігін ғылыми жағынан негіздеген бірсыпыра пікірлер айтылды.

Қошке Кемеңгерұлы:

«Үндестік заңына» бағынбайтын, ерте заманда сіңіскен жат сөздер бар. Бұларды өзгерту қиын» («Жаңа мектеп», 1926, №14-15).

А. Байтұрсынұлы:

«Жат сөздерді басқалар, мәселен,орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар деймін» («Еңбекші қазақ», 26.01.1928).

Ш. Сарыбайұлы:

«...шеттен алынған сөздердің дыбыстарын да қазақылайық ( «Еңбекші қазақ», 05.12.1928).

Телжан Шонановтың сол кездегі Қазақстан билігінің орталық ресми органы «Еңбекші қазақ» газеті бетінде «Шет

сөздердің емлесі жайында» («Еңбекші қазақ», 25-26.03.1929) арнайы мақала жарияланды. Онда мынадай ұсыныстар айтылған: «Жат сөздер халық айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінігіне үйлесімді, хат тануына оңтайлы болуы үшін, жат тіл імләсін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек... Жат сөз қазаққа қол байырғы болуы үшін керекті жерінде барлық дыбысын өзгертуіміз керек. Өйткені, әр тілдің дыбыстарының айтылатын, шығатын жлдары бар. Сол жолмен жүрмеген дыбысты адам айта алмайды. Орысша сөйлеген қазақ он жыл оқыса да, орыс тілінің дыбысын дұрыс айта алмайтыны осыдан» (ХХ ғасырдағы қазақ тіліндегі зерттеулер. Алматы, 2013, 17-18-беттер).

Автор шет сөздер дыбысын қалай өзгертіп жазу керектігінің үлглерін көрсетеді. Мысалы, **ф** дыбысын **п**, не **б** (фарыз-парыз, фығыл-бейіл), **х** дыбысын **қ** (Мұхтар-Мұқтар, хайыр-қайыр), **ц**-ны **с** (станция-станса, купец-көпес), **ч**-ны **ш** (чай-шай, чек-шек), **в**-ны **у** (Москва- Мәскеу, Кокчетав-Көкшетау), **щ**-ны **ш** (прикащик-бүркәншік), т.б.

Қазақ тіліне шеттен келіп жатқан сөздерді қалай қабылдауымыз керек деген мәселе хақында төмендегідей пікірлер бой көрсетті:

«Орыспен былайғы тұрмыстағы өзгешеліктеріміз өз алдына тұрсын, тіл жағынан үш қайнаса сорпамыз қосылмайды ғой. Көзге шыққан сүйелдей орыстың «у» мен «и»-ін әкеліп, жазуымызға қосқанмен, оның былайғы өнері бізге жұға қоймайды. Құр ғана орыстың әрпін тану үшін тілімізде жоқ әріпті әліпбиіміздің ішіне әкеліп,қыстырмалауда түк мән жоқ» (Н. Қаймекеұлы. Емлені түзету туралы. «Еңбекші қазақ», 19.02.1929);

«а – жат сөздерді тура жазып, мағынасына нұқсан келтірмейміз; в- емлемізді басқа түрік елдеріне жақындастырамыз» (Қ. Басымұлы. Емлемізді түзеу туралы. «Еңбекші қазақ», 1928, 22.11.1928);

«Жат сөздерді қазақшалау, болмаса өзін алу жөнінен қысқаша айтқанда, төмендегі пікірдеміз:

1 – Шеттен келген сөздерге үйлесімді өзімізден дайын лайықты сөз болатын болса, қазақшалаған жөн.

2 – Өзімізде лайықты сөз болмаған күнде тыңнан жасалма сөз жасап, былықтырудың қажеті жоқ. Одан да сол сөздің өзін алуға жөн.

3 – Сол сөздің өзін алғанда, қазақтың тілінің сарынына түсіріп, сөз әуеніне, дыбыс заңына келтіріп алу керек. Олай болмай шет сөзді өз күйінше аламыз десек, тілімізді шұбарлап алған боламыз» (Байсамбайұлы, Құрысбекұлы. Емле өзгерісіне біздің дауысымыз. «Жаңа мектеп», 1928, №4, 45-бет); т.б.

Осы бағытта айтылған пікірлерді ескеріп, қорытындылай отырып, 1929-жылдың 2-4 маусымында Қызылорда қаласында өткен конференция «Қазақ тілінің емлесі» туралы қаулы қабылдады. Онда қазақ тіліне енген халықаралық терминдердің жазылуы жайлы басқарманың атынан «жат сөз емлесі қазақ сөзімен бірдей болады» («Жаңа мектеп», 1929, №5, 5-бет) – деп, анықталды.

Осылайша ұлттық тамырдан бастау алып, жемісті жолда дами бастаған әдебиеттану терминологиясы отызыншы жылдардан бастап, терминдерге интернационалдық сыпат береміз деген сылтаумен жаппай орыстандыру науқанына душар болды. Мәскеудің пәрменімен күш алған бұл үдеріс қазақ терминологиясының бағытын мүлдем өзгертіп жіберді. Сол кездегі Мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы Қ. Жұбановтың «...ұлттық терминдер болмайды деп, сеніммен айтуға болады...Терминдер барлық уақыттарда да халықаралық сыпатта... Демек, қазақ терминологиясын бір жағынан, интернационалдық, екінші жағынан, қазақ тілі базасында жасалынған терминдер құрайды» (Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010, 524-528 беттер) – деген нұсқаулары негізінен басшылыққа алынып отырды.

Қ. Жұбанов ғылыми атаулардың халықаралық сыпатын төмендегіше түсіндірді: «Термин — әр елдің сөзінен алын-

са да, мысалы, «еңбек» , «ақша» немесе халықаралық сөзбен алынса да, мысалы, «капитал», «валюта» сияқты – қашан да халықаралық болады, өйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді. Өндіріс бүкіл жер жүзілік болып стандарт түрге көшкенін көреміз, осының белгісі болып халықаралық стандарт терминдер көбейеді, өзі көбінесе халықаралық стандарт сөзбен айтылатын болады» (сонда).

Бұрындары терминжасам ұстанымдарында алдымен, ұлттық терминдерге басымдық берілсе, енді халықаралық термин атын жамылған орыс тіліндегі атаулар алға шықты. Термин халықаралық болған сайын оның ғылыми терминдік сыпаты да арта түседі деп, ұғынылды. Терминология саласы бойынша жазылған еңбектерде осы бағыттың ғылыми жағынан дұрыс екендігі дәлелденіліп, іс жүзінде де жүзеге асып жатты.

Осы мәселені арнайы зерттеген Ш. Біләловтің пікірінше «Батыс еуропа халықтары тілдерінде болып келетін жаңа ғылыми техникалық атауларды түпнұсқада қабылдаған орыс тіліне нұқсан келе қоймайды, қайта сөздің бас аяғын дұрыстап жөнге келтіргеннен соң, ол көптен көз көріп, құлақ естіген орыс сөзі сияқты болып шыға келеді. Бұл негізінен, орыс тілінің жасандылыққа аса бейімділігі. Ғылым мен техника жетістігін орыс тілі арқылы меңгерген, ғылымдар биігіне орыс тілі арқылы көтерілген қазіргі қазақ тілі үшін орыс тілінің осы бір «жасанды» қылығы кереғар әсер етуде. Қазақ тілі сөз келбетін сақтау үшін, өзіндік заңдылықтарын бұзбау үшін, ғылыми техникалық атаулар қазақ тілінде меңгерілуі тиіс, қазақша сөйлеуге тиіс».

Десек те қазақ терминологиясының интернационалдық сыпаты барынша арта түсіп, ол 80-90 пайыздайға жеткенімен ондағы ұлттық болмысты түгелдей жойып жібере алмады. Тереңінде жатқан ұлттық ағыс керісінше, шиыршық атып, шымырлап ақты. Ұлттық терминология өзінің табиғи даму жолын бір сәтке де жоғалтқан жоқ. Осындай қиын кездерде жалпы бағыт интернационалдық сыпатта жүргенімен де

ұлттық әдебиеттану терминдері өмірге келіп жатты.

Осы кездерде жарық көрген С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1931), С. Мұқановтың «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», (1932) сынды іргелі зерттеу еңбектерінде әдебиетке қатысты ондаған терминдер қазақ тілінің лексикалық қорынан жасалып, терминжасам мүмкіндіктерінің молдығын танытты. С. Мұқановтың 1941 жылы жарық көрген «18-19 ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктерінде» де бұл дәстүр жалғасын тауып жатты. Осы еңбектерде орыс тіліндегі әдебиеттану терминдері мүлдем қолданылмады десе де болғандай.

1948, 1950 жылдары шыққан екі томдық «Терминология сөздігінің» алғысөзін жазған Н. Сауранбаев термин жасау барысында басшылыққа алынған он ұстанымды атаған. Солардың ішінде ең алдымен, «халықаралық терминдер аударылмай, орыс тіліндегі қалпында алынды; халықаралық болып саналатын терминдік мәні бар орыс сөздері де орыс тіліндегі тұлғасын сақтады; қазақ тілінде баламасы жоқ терминдер де аударылмай, орыс тілінде берілді» – деп көрсетуінің өзі сол кездегі қазақ терминологиясының жай-күйін аңғарта алса керек.

Ресейдің құрамында болған Қазақстанның басқа елдермен байланыстары үзіліп, ол тек орыстар жағымен ғана қарым-қатынастар жасауға мәжбүр-тұғын. Мұның өзі тең құқылы емес, бір жақтың өктемдігімен жүрді. Соның салдарынан қазақ терминологиясында оның интернационалдық бағыты жаппай орыстандыруға ұласты.

Интернационалдық атауларға қойылатын жоғарыдағыдай талаптарға орыс тілінен енген терминдер жауап бере ала ма? Латыннан, Еуропа тілдерінен орыс тілі арқылы енген бірлі-жарымды атауларды қоспағанда, көпшілігінде қарапайым ғана шарттардың орындалмай жатқандығын байқау қиын емес. Турасын айтқанда, отызыншы жылдардан бастап, қазақ терминологиясында интернационализмнің шапанын жамылған орыс тілінің «варваризмі» орын алды.

Мұның «озық үлгісі» ретінде Ғ. Әбетовтің «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігіне» көз салайық.

Автор сөздікті құрастырғанда орыс тіліндегі түрлі энциклопедиялық және шеттен енген сөздер сөздіктерін, орыс ғалымдарының әдебиеттану терминдері бойынша еңбектерін негізгі нұсқалар ретінде пайдаланғандығын ескерткен. Осының өзінен-ақ сөздіктің негізіне орыс тіліндегі терминдердің алынғандығы көрініп тұр. Осындай ұстанымдардан «Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігіне» кірген терминдердің көпшілігі орыс тіліндегі нұсқасында берілген.

«Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігіне» енген 720 терминнің 669-ы орыс және басқа да шет елдік терминдер болып шыққан. Оның үстіне бұл терминдердің барлығы да қазақ тілінің үндестік заңына бағынбай, түбірі сақталып, яғни орыс тіліндегі нұсқасында жазылған. Бұдан шығатын қорытынды – қазақ тіліндегі терминдерді халықаралықтандырамыз деп, шын мәнінде оны орыстандыру, оның ұлттық сыпатын жою шаралары жүргізілген.

Бұл бір ғана қазақ әдебиеттану терминдеріне қатысты мысал. Осы бағыт қазақ терминологиясының барлық салаларында жүргізіліп, қазақ тілін сақтап тұрған негізі саналатын үндестік заңын бұзып, оның болашағына қауіп төндіре бастады. Осы жағдай күні кешегі Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін жалғасты.

Осы орайда орыстың атақты сыншысы В. Г. Белинскийдің «Егер бір халық өзіне жат идеялар мен бөтен әдет-ғұрыптардың ықпалына түсіп, оларды өз ұлтының ерекшелігіне райлас өзгертіп, игеріп, бойына сіңіруге күші жетпесе, онда ол халық саяси өмір сүре алмайды. Өзіндік даралығы жоқ, қуыс кеуде адамдар қандай болса, ұлттық белгісі, бет-бейнесі жоқ халық та сондай» («Қазақ әдебиеті», 1998, 8 мамыр) – деген сөздері ойландырады.

Тәуелсіз ел болып, заман өзгергенімен де орыс тілінің қазақ тіліне басқыншылық, отаршылық шабуылы әлі күнге тоқтамай тұр. Қазіргі қазақ терминологиясындағы ең негізгі мәселе терминжасамның басты ұстанымдарын айқындап алу болып отыр. Кеңестік дәуірдегі термин жасауда орыс тілінен енген сөздерге, интертерминдерге басымдық беріліп, олар аударылмай сол күйінде қабылданып, орысша жазылып келсе, тәуелсіздік алғаннан кейін ана тілінің сөз байлығын сарқа пайдалану алдыңғы кезекке шықты.

Жалпы терминология атаулыға ұлттықпен бірге интернационалдық сыпат та жат емес. Керек десеңіз, белгілі бір тілдің терминологиясында халықаралық атаулардың болуы оны жай лексикадан айырып тұратын басты ерекшеліктерінің бірі деп те карауға болады. Демек, терминологияның ұлттық негізді болуымен бірге интернационалдық сыпатта да көрінуі заңдылық. Өйткені терминді ғылым тілі деп білсек, ғылымда ұлт жоқ. Бұл туралы кезінде Е. Омарұлы «Барлық халықтарға ортақ сөздерді жатырқамау керек деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп, жат түрінде алуға болмайды, қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұқсатып алу керек... Тілдің заңына келмейтұғын жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады; тілдің негізгі тұрлаулы қасиеттері бұзылады.... Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, құлағына ерсі болмаужағын қарастыру керек» – деп жазыпты.

Шын мәніне келгенде, әлемнің түкпір-түкпірінде ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар жалпы адамзат баласына жат емес. Ғылымның жетістіктерін пайдалану арқылы ғана қоғам алға дамып, өркениетке өол жеткізеді. Сондықтан да ғылымда ашылып жатқан жаңалықтардың әлемнің барлық халықтарына ортақ атаумен аталуы – заңдылық. Ал сол халықаралық терминге айналған атаудың әр тілде түбірі сақталып, сонымен бірге сол тілдердің өзіндік ерекшеліктеріне орай, соған бағынып, аздаған өзгерістерге

ұшырап отыруы бұл да заңдылық екені – тағы да анық

Әр нәрсенің өз жөні бар. Қазақ терминологиясын басқалардан өзгешелендіріп тұрған өзіндік төл тілдік ерекшелігі барлық уақытта да бұзылмауы керек. Сол бұзылғанда, оның өзіндік болмысы да бұзылып, табиғи қалпын жоғалта бастайды. Халықаралық терминнің шапанын жамылған орыс тілінен енген кірме сөздердің 70-80 пайызға дейін көптеп кіріп, оны қабылдауда тілдің өзіндік ерекшеліктері еленбей, аяққа тапталуы салдарынан кеңестік кезеңдегі қазақ терминологиясы өзінің ұлттық болмысынан айрылып, аударма терминдер сөздігі дәрежесіне дейін құлдырап кетті. Осындай жағдайлар басқа да көптеген тілдерде байқалады. Бізде күні бүгінге дейін шеттен енген терминдерді қабылдаудың тәртібі ғылыми тұрғыдан нақтылы белгіленбеген.

Қай тілдің терминологиясында да төл тілден терминдер жасау бірінші орында тұрады. Өкінішке орай, қазақ терминологиясында түрлі жағдайларға байланысты бұл ұстаным күні кешеге дейін орындалмай келді. Оның ең басты себебі кеңес өкіметі жылдарында орыстандыру саясатының мақсатты түрде қарқынды жүргізілуі болса, екінші жағынан орыс тіліндегі терминдерді дайын күйінде қабылдай салу, әрине, ұлттық негізде жаңадан атаулар іздеп, табылмаса, тыңнан жасап, басты қатырумен салыстырғанда әлдеқайда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми терминдерді негізді, негізсіз қазақ тіліне қарай қаптатып жіберді де мұның аяғы қазақ терминологиясының ұлттық сыпатын жоюға дейін алып келді.

Енді сол олқылықтардың орнын толтыру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Ал ана тіліміздің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану арқылы жасалынып жатқан жаңа терминдердің өмірге келуі осы уақытқа дейін қалыптасқан ұлттық терминологиямызды бұзу емес, керісінше, осы жолда жіберілген кемшіліктерді, келеңсіздіктерді жойып, олқылықтардың орнын толтыру, бойына қазақтың қанын

жүргізіп, терминологияның ұлттық болмысын қалпына келтіру бағытындағы ізгі қадамдар болып табылмақ. Десек те бұл істің асығыстықты көтермейтіндігі, шалағайлықтың жарға жығатындығы, ұзақ саралауды, ғылыми негіздеуді қажет ететіндігі әрдәйім есте болғаны жөн.

Қазіргі қазақ терминологиясында жүріп жатқан орыстанып кеткен терминдерді қазақыландыру үдерісіне қарсылар да жеткілікті. Олар терминнің халықаралық сыпатын алға тартып, кезінде жіберілген олқылықтардың орнын толтыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарсы шығуда. Терминдердің қазақша болуына қарсылардың дені – орысша білім алып, орысша тәрбиеленгендер. Олардың ішінде терминологияның қыр-сырын білмейтін, Батыстан енген терминдердің дұрыстығына еуропацентризмнің әсерінен әбден сеніп, үйреніп кеткен, жаңадан жаңғырып жатқан қазақ сөздері алғашында бір түрлілеу естілетіндіктен де мойындағысы жоқтар да бар. Енді солардың біреуі экономика ғылымдарының кандидаты М. Тайровты тыңдап көрейік:

«Қазақтың терминологиялық комиссиясы, міне, он жылдан асты, қарқынды түрде жаңа қазақ сөздерін жасаумен келеді. Қазақ тіліне соңғы 70 жылдан бері енген көптеген сөздер, оның ішінде халықаралық терминдер де бар, аударылуда. Шынтуайтына келгенде, халықаралық терминдерді тәржімалағанда, олардың мағынасы бұрмалануда. «Юстицияны» «әділет» деп аударды. Дәл емес. Ешбір елде «Әділет министрлігі» жоқ. Финанс министрлігі «Қаржы министрлігі» болды. Қаржыны қазақшалап нақтылай түссек, «ақша» немесе, «құрал». Ал «финанс» халықаралық термині «ақша» ғана емес, сонымен бірге оның пайда болу, бөліну, қолданылу жүйесін де білдіреді. Халықаралық термин «транспорт» сөзі «көлік» болып қазақшаланған. «Көлік» – қазақша мінуге, жүк тасуға пайдаланылатын үй жануарлары (ат, түйе, есек, өгіз). Бұл мақалада бәрін бірдей тізбелеп шығу мүмкін емес. Кейбіреулерін ғана мысалға келтіре кетейін: архитектура-сәулет, процент-пайыз, класс-

сынып, космос-ғарыш, программа-бағдарлама, редакция-сарапшы, пенсия-зейнетақы, паспорт-құжат... Қазақтар аз қолданатын, жұртшылыққа түсінікті орыс сөздері де аударылуда: самолет – ұшақ, вертолет – тікұшақ, автотранспорт, автомашина – автокөлік. Пельмен, манты, шашлык сияқты сөздер де қазақшаланған. Сонда ұнды қазақтардың кейінгі кездерде ғана пайдалана бастағандығына қарамастан, бұл тағамдардың бізде бұрыннан келе жатқандығын дәлелдемекшіміз бе. Мен ауылда өсіп, қазақ мектебін бітірдім; қазақ тілі мен әдебиетінен емтихандарды «беске» тапсырдым; қазақ әдебиетін оқимын. Бірақ ғарыш, пайыз, сынып, құжат, егеменді сияқты көптеген сөздерді өмірімде кездестірген емеспін. Сонда, бұл – не, терминком ойлап шығарған жаңа сөздер ме, не болмаса, басқа халықтардың лексиконынан алынған ба?»

(«Казахская терминологическая комиссия уже более десяти лет в ударном темпе создает новые казахские слова. Переводятся на казахский многие слова, в том числе международные термины, которые вошли в казахский языкв течение последних 70 и более лет. При переводе международных терминов по существу искажается их смысл. Так, «юстицию» перевели как «әділет», то есть «справедливость». Поэтому «Министерство юстиции» называется «Әділет министрлігі», хотя ни в одном государстве не существует «Министерство справедливости». Министерство финансов переведено как «Қаржы министрлігі». «Қаржы» по-казахски – «деньги» или «средство». А «финансы», международный термин, отражает не только деньги, но и систему их формирования, распределения и использования. Слово «транспорт» – международный термин, переведено как «көлік». «Көлік» по казахский означает домашнее животное (лошадь, верблюдь, осель, бык), котрые используется для верховой езды или как тягловая сила. В данной статье невозможно все перечислить. Лишь укажу некоторые примеры: архитектура – сәулет, процент – пайыз, класс – сынып, космос – ғарыш, программа

– бағдарлама, редакция – сарапшы, пенсия – зейнетақы, паспорт – құжат... Переводятся и привычные у населения русские слова: самолет – ұшақ, вертолет – тікұшақ, автотранспорт, автомашина – автокөлік, которые из казахов мало кто практическиупотребляет. Переведены на казахский слова: пельмени, манты, шашлык и др. Неужели мы хотим доказать, эти блюди у казахов существовали издавна, хотя муки казахи начали употреблять не так давно. Я вырос в ауле, окончил казахскую школу, при этом экзамены по казахскому языку и литературе сдавал всегда на «отлично» и читаю казахскую литературу. Но таких слов , как ғарыш, пайыз, сынып, құжат, егеменді и многих других в жизни не встречал. Это что выдуманные терминкомомновые слова или взяты из лексикона других народов?» («Новое поколение», 11.02.2005).

Осы пікірден халықаралық терминдерді сылтауратып, кезінде қазақ тіліне жөнсіз кіріп кеткен терминдерді реттеуге қарсы орысшылдардың көзқарастары толығырақ көрінетіндіктен де үзіндіні толығырақ беріп отырмыз. Он шақты жыл бұрын айтылған осы пікірлердің дұрыс-бұрыстығын сараламай-ақ, әділ сыншы уақыттың дегеніне жүгінейік. Мақалада сыналған «әділет», «қаржы», «көлік», «сәулет», «ғарыш», «сынып», «бағдарлама», «зейнетақы», «құжат», «ұшақ», «тікұшақ», «пайыз», «егеменді» сияқты атаулар бүгінгі өмірімізге сіңісіп, кеңінен қолданылып кетті.

Бұл турасында академик Ә. Қайдаров «тілдердің арасында ортақ интернационализм болмаса немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзінде термин ұғымдарының бәрін шет тілі сөздері ақылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон, т.б. халықтарды біз білеміз» – дейді. Бұдан терминологияның интернационалдық қасиеті болуымен бірге негізінен ұлттық сыпатының басым жатуы ұлттық ғылым дамуының бірден-бір көрсеткіші екендігіне көзіңізді жеткізеді.
Сонымен қазақ терминологиясының лексикалық құрамы

түркілік негіздегі қазақтың байырғы сөздерінен қалыптасқан терминдерден және де шет тілдерден енген кірме қабаттан тұрады. Сырттан кірген терминдердің өзін араб-парсыдан, орыстан және Еуропа тілдерінен деп жіктеуге болады. Морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық), семантикалық тәсілдермен жасалған бұлардың ішінде табиғи жолмен келген араб-парсылық терминдердің көпшілігі қазақтың зерлі шапанын, тымағын баса киіп, қазақтың төл сөзіндей қалыптасып кеткен.

Ал орыстан кірген терминдер күні бүгінге дейін түбірін сақтап, қазақ тілінің заңдылықтарына бағынғысы келмейтіндей сыңай танытып, оқырайып тұр. Ал айдарынан жел есіп, жаңадан келіп жатқан ағылшын тіліндегі терминдер «мен мықтымын, қабылдағың келсе де, келмесе де қабылдайсың» дегендей, адырайған мінез танытуда. Тіпті, сыртқы аяққиімін шешпей, үйге баса-көктеп кіріп, бұл жерде мен қожайынмын деген мінезімен төрге шығып, қазақ тілін көкірегінен итеріп, сыртқа шығарып жіберу әрекеттері жүріп жатқандай. Әрине, мұның барлығы да қандай да бір тәртіпке бағынғысы келмейтін озбырлардың әрекеттерінен туындап отырған тіл әлеміндегі заңсыздықтардың, басқыншылықтардың сыртқы көріністері ғана. Ал оған үңіле түссеңіз, не бір сорақылықтардың куәсі боласыз.

Ал енді мәселеге осы жерде түркілік ауқымда келетін болсақ, термин алмасу түркі тілдерінің арасында жүрмей жатыр деуге болады. Тарихи даму барысында түркі тілдерінің көпшілігі жеке-жеке әдеби тіл болып қалыптасты да әрқайсысы жан-жағына қарамай, өз жолымен кетіп бара жатыр. Тіл байлығын, терминдерін туысқан тілдердің есебінен емес, орыстың, ағылшынның тілдерінен өз беттерінше, қалауынша алып, байытуда.

Ал тәуелсіздігі жоқ тілдердің тағдыры тіптен аянышты. Оларда терминжасам мәселелері мүлдем сын көтермейді десе де болғандай. Бұл тілдерде ұлттық терминдер жасаудан гөрі дайын тұрған өктем тілдің терминдерін қолдана

салушылық басым. Ал терминдерді түркілік негізде біріздендіру мәселесі бұл тілдерде атымен жоқ. Осындай обьективтік, субьективтік жағдайлардың салдарынан жаңа терминдер қабылдау барысында бір кездерде түркілік бір түбірден өсіп өнген туысқан тілдердің арасы бір-бірінен алшақтай түсуде.

Мысалы, қарашай-бапқар тілінде тілтану терминдерінің қалыптасуы мен дамуынан арнайы диссертация қорғаған Л. Махиева негізінде бір ұлт саналатын қарашай-балқар халықтарының әкімшілік-территориялық жағынан қасақана екіге бөлініп, басқа ұлттармен селбесіп өмір сүруі салдарынан туындап отырған олардың терминологиясындағы ала-құлалықтарды атап көрсетеді. Міне, осындай жағдайдағы қарашай-балқар тілінде қазір бір терминнің шегараның аржағында бір, бер жағында екінші, екі түрлі атауы пайда бола бастағанын, екеуінің де мағынасы бірдей болғандықтан қатар қолданылып жатқанын айтыпты (Л. Х. Махиева. Формирование и развитие лингвистической терминологии карачаево-балкарского языка. Автореферат. 2003).

Сонымен, «шет тілінің сөздеріне мүмкіндігінше ана тілімізден және туыстас түркі тілдерінен балама тауып, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда оларды тіліміздің ішкі заңдылығына бағындыра қабылдасақ терминдеріміз дұрыс қалыптасқан болар еді. Ал «халықаралық» терминдердің бәрін өзгертпей қабылдау, ана тіліміздің мүмкіндігін шектеу деген сөз» (А. Смағұлова). Алдағы уақыттарда мұндай шараларды жүзеге асыру бұрындыры осы салада атқарылған қыруар жұмыстарды жоққа шығару, не болмаса бұзып, қайтадан жасау деген емес, керісінше соларды қазақ тілінің заңдылықтары негізінде жалғастырып, артық-кем жақтарын реттеп, ғылыми жүйеге түсіру болмақ.

Қазақ терминологиясының қазіргі жағдайы түрлі себептермен осы уақытқа дейін шешімін таппай келе жатқан осындай мәселелерін ғылыми тұрғыда рет-ретіне келтіріп, орын-орнына қоюды талап етеді. Бұл үшін ұлтқа, ғылымға деген ыстық ықылас пен сүйіспеншілік қажет.

# ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ТҮРКІЛІК НЕГІЗДЕ БІРІЗДЕНДІРУ

Қазіргі түркі тектес халықтар терминологиясы саяси мәртебесіне қарай негізінен екі түрлі бағытта дамып отыр. Бұрын бір ғана ел – Түркия өзінің тәуелсіздігін сақтап келген болса, өткен ғасырдың соңында әзербайжандар, қазақтар, қырғыздар, түркімендер, өзбектер тәуелсіздігін алып, барлығы алты ел егеменді ел болды. Бұл елдердің терминологиясы ұлттық тіл бағытында өріс алса, ал енді тәуелсіздіігі жоқ елдердің тілдері де тәуелді болуымен бірге терминологиясында да үстем тілдің басымдығымен интернационалдандыру жүріп жатыр; терминология түгілі ұлттық тілдің өзін сақтап қалудың өзі үлкен саяси мәселеге айналуда.

Ғасырлар бойы тәуелсіздігін жоғалтпай, көзінің қарашығындай сақтап келген анадолы елінде түрік терминологиясы тамырын тереңге жіберіп, бұрыннан ұлттық ғылымға, ұлттық мүддеге адал қызмет етіп келеді. Ал тәуелсіздігін тоқсаныншы жылдары алған Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан сияқты елдер де ұлттық даму жолдарына түсумен бірге терминологияны да осы бағытқа қарай бұрды. Қазір бұл елдердің терминологиясы жаппай ұлттандыру үдерісін басынан кешіріп отыр.

Түркі халықтары терминологиясының ұлттық тілдің ізімен дамуының екі түрлі жағы бар. Біріншіден, белгілі бір ұлт тілінің мемлекеттік мәртебелі толыққанды өмір сүруі үшін оның бірнеше шарттары орындалуы керек. Соның ең негізгілерінің бірі – ғылым тілі болуы. Ғылым тілі бола алмаған тіл – әлсіз тіл, ауру тіл. Бодан ұлттардың тілі ғылым тілі бола алмайтындығы белгілі. Ал тәуелсіздігін жаңадан алған елдер егемендігін баянды ету үшін алдымен, тілін

мықтайды. Өйткені тілі мықты болса, елі де мықты, тілі әлсіз болса, елі де әлсіз. Сондықтан да азаттық туын желбіреткен елдер алдымен, тіл майданында жіберіп алған есесін қайтаруға бар күшін салады. Тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, қоғамдық өмірдің барлық саласында, соның ішінде ғылымда да толыққанды қолданылуына барлық жағдайлар жасайды. Нәтижесінде тіл жаңғыра дамып, өміршеңдік қабілеті артады; мұның өзі халықтың рухани жағынан өркендей түсуіне алғышарттар жасайды. Қазір тәуелсіз елдердің тілдері болып отырған әзірбайжан, қазақ, қырғыз, түркімен, өзбек тілдері қайта түлеу үстінде. Бұл – ұлттық бағыттың жағымды жағы.

Әр нәрсенің жақсы жағымен бірге көлеңкесі де қатар жүреді. Терминология саласындағы ұлттық дамудың кері әсері деп, мұның өзі түбі бір түркі тектес халықтардың тілдерін бір-бірінен жасанды түрде алшақтата түсуге алып баратындығын айтар едік. Бізге туысқан халықтарды бөлшектеп, ажырататын емес, жақындататын тіл қажет. 200 миллионнан астам түркі халықтары бір-бірімен еркін түсінісе алатын ортақ түркі тілі, ортақ түркі терминологиясы керек.

«Бүкіл түркі жұртының болашағы, мәдениетінің сақталып, өсіп-өркендеуі – белгілі бір деңгейде ортақ терминологиясын, ортақ ғылым тілін қалыптастыруға байланысты. Бұлай болмаған жағдайда, олар бөлшектеніп, бірте-бірте дамыған мәдениеттерге сіңіп, жұтылып кетуі ықтимал. Осындай үлкен мақсат жолында әрбір түркі елінің іргелі мемлекетке айналып, тұтас түркі әлемін қалыптастыру үшін түркі тектес жұрағаттарымыздың парасат биігінен көрінетініне сеніміміз мол» (Ө. Айтбайұлы. Тілтірес. Алматы, 2014, 315-бет).

Жаһандану күшейе түскен ХХ1 ғасырдағы мәдениеттер майданы ұлттардың болашағын қамтамасыз ету үшін оның тілін мықтай түсуді талап етуде. Қазіргі таңдағы мықтылық халқының санына, немесе қалтасының қалыңдығына қарай емес, тілінің мықтылығына, сол тілден барып туындай-

тын рухының күштілігіне байланысты болып отыр. Жаңа қоғам мықты тілдердің қоғамы болғалы тұр. Онда әлсіз, шата тілдерге орын жоқ. Түркі халықтарының болашағына осы тұрғыдан келіп көз жібергенде, олардың тілдік жағдайы көңілді көншітпейді. Жаңа жағдайда түркі халықтары түрлі пендешілік, ұлтшылдық пиғылдардан арылып, түркілік болашақты бірлесе отырып, ойластпаса, мәселеге түркілік тұрғыдан келіп, ортақ мүддеге қызмет етпесе, ертеңі күңгірт болғалы тұр.

«Бөлінгенді бөрі жейді» дейді халық даналығы. Осыны қазіргі таңдағы жағдайға орай, ұлтаралық қарым-қатынастарға қарай бұрсақ, түркітектес халықтардың ертеңі оның бірлігімен тығыз байланысты. Олай болмаса, әлемдегі ұлттардың екі аптада бірін жұтып, жалмап келе жатқан жаһанданудың жұмырында кету анық.

Түркілік бірліктің бастауы тілде, сол тілде жасалынған ортақ рухани құндылықтарда жатыр. Тіл дегенде, түбі бір тілдеріміздің ортақ түркілік негіздерін көбірек іске қосып, бір кездері барша түркі халықтарына ортақ болып, қызмет еткен көне тілімізді жаңа жағдайға орай жаңғыртып, бүгінгі күннің игілігіне айналдыру, яғни қазақ терминдерін түркілік бағытта біріздендіру аса зәру мәселенің бірі ретінде күн тәртібіне қойылып отыр. «Мысалы, ғылым-білім, қоғамдық өмір мен саясататауларын түзу кезінде өз тілімізде жоқ, ұлттық баламасы табылмаған, тыңнан жасауға келмеген атаулар орнына Еуропа тілдері сөздерін ала бергеннен гөрі, бар болса, басқа түркі тілдеріндегі бұрыннан қолданылып келе жатқан немесе жаңадан жасалған сөздерді, сөз үлгілерін алған жөн болады» (Ы. Ақайұлы. Түркі терминдері мен тілдерін жақындастыру жолдары. Кітапта: Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. Астана, 2011, 75-бет).

Енді туыстас тілдердегі термин мәселесінің жай-күйін байқау үшін нақтылы мысалдарға жүгінейік. Ең алдымен, халықаралық қарым-қатынастарда қолданылатын сөздердің көп елдерде, оның ішінде қазақ, түрік тілдерінде де бірдей

болып келетіндігін айтар едік. Мысалы халықаралық экономикалық қатынастарда *амортизация, банкнот, банкир, баланс, бона, бюджет, гиперинфляция, гипотеза, интеграция, дивидент, дэмпинг, дефляция, девальвация, импорт, индекс, индустрия, инфляция, инвентарь, капитал, картель, коалиция, квота, кредит, лицензия, локаут, максимум, макро, микро, монополия, норма, оптимизация, патент, спекулация, стандарт, статистика, субвенция, туризм, чек, фактор, фирма, функция, экономика, эмбарго, эмблема*, *этикетка,* т.б. барлық елдерде дерлік, оның ішінде қазақ, түрік тілдерінде де қолданылып келеді.

Әдебиеттану терминдерінің ішінде төмендегі терминдер аздаған кейбір фонетикалық өзгешеліктеріне қарамастан, қазақ, түрік тілдерінде негізінен, бірдей: *абстракционизм, адаптация, ағым, акмеизм, альманах, анаграмма, анафора, анахронизм, анализ, аналогия, анекдот, анкета, аноним, антидактиль, антиутопия, антология, антономазия, антракт, архаизм, әдебиет, әдебиет терминологиясы, әдебиет терминдері, әдебиет тарихы, әдебиетші, аруз, әпсана, баллада, бәйіт, библиография, брошюра, вариант, водевиль, гармония, ғазел, дактиль, дадаизм, дастан, детектив, декаданс, декорация, демагогия, диуан, диалог, диалект, драма, дубляж, дублер, емле, жазба әдебиет, жаңашылдық, жаргон, импрессионизм, интермедия, интонация, интрига, идеал, идеология, идилия, карикатура, компаративизм, қисса, классик, классицизм, классика, композиция, комедия, контекст, кубизм, кіріспе, қаһарман, лирика, мадригал, мақала, мысал, мазмұн, мадақ, мелодрама, мәтін, метод, методология, мистицизм, мизансцена, мифология, модернизм, монодрама, монография, монолог, монтаж, нақыл сөз, насихат, натурализм, назым, новелла, нұсқа, обьективті, парабола, парадокс, пародия, перде, пейзаж, пьеса, поэма, поэтика, портрет, постмодернизм, предромантизм, пролог, пікір, прототип, пішін, психологизм, радиопьеса, релизм, редакция, реплика, риторика, ритмика, роман, романтика, роман-*

*тизм, романтизм әдісі, репортаж, рубаи, сахна, сентиментализм, сатира, символ, символизм, сценарий, саяси роман, скетч, сұхбат, сонет, скоморох, стиль, стилистика, структурализм, сөздік, сюжет, сюреализм, шедевр, шайыр, тарихи роман, тарихи жырлар, трагедиялық қаһарман, трагедия, трагикомедия, трилогия, түр, текстология, тәржіма, термин, тип, тіл, финал, фольклор, фрагмент, футуризм, формализм, формалистік әдіс, хабар, халық әдебиеті, хамса, характер, хикая, хроника, хронология, экспрессионизм, элегия, экзистенциализм, эпиграф, эпика, эпилог, эпизод, эпопея, эстетика, т.б.*

Тіл білімінің *абсорбция, ат, акустика, әліппе, ана тілі, аналитикалық тілдер, мағына, апостроф, аралық тіл, арго, арготизм, бас әріп, білім тілі, болымды-олымлу, дифтонг, тіл, тіл білімі, тіл құрылысы, тіл тарихы, тілдің философиясы, әдеби тіл, этимология, филолог, фонема, фонетика, фонетикалық бірлік, функционалдық сөздер, фонология, халық тілі, әріп, иероглиф, емле, емлелік сөздік, категория, морфем, морфология, морфологиялық принцип, нүкте, болымды, ортақ тіл, өлі тілдер, параграф, ресми тіл***,** *сөз, сөздік, техникалық тіл, түр* секілді терминдері де аздаған айырмашылықтары болмаса, екі тілде бірдей.

Қазақ-түрік тілдеріндегі әдебиеттанудағы *айтыс – атышма, мақал-мәтелдер – атасөздер, әзіл – мизаһ, акт – перде, бақсы – шаман, тақырып – тема, жазушы – жазар*, тіл біліміндегі *шылау – байлаш, ғылыми тіл – білім тілі, тіл білімі – діл білгісі, нүкте – нокта, қос нүкте – екі нокта, зат есім – исим, дыбыс – сес, сын есім – сифат, термин – терім, шақ – заман*, т.б. терминдер бірдей болмағанымен де екі тілде де түсінікті. Осы сияқты бір мағынаны білдіріп, екі тілде де (басқа түркі тілдерінде де) ұғынықты болып тұрған атау сөздердің бірін ғалымдар ақылдаса отырып таңдаса, сөйтіп қолданысқа ұсынса, ол біртіндеп қалыптасып кетер еді. Бұл ретте бұл терминдердің қайсысы түркі тілдерінде көп қолданады, қайсысының тұлғалық түрі терминдік мағынаны

дәл береді деген өлшемдер шешуші рөл атқаруы тиіс.

Қазақ тіліндегі *грамматика* түрік тілінде *грамер* болып жүр. Бұл екеуінің де тұлғасы – жат жұрттық. Қазақшадағы *грамматика* орыс тілінен алынса, түрік тіліне *грамер* ағылшыннан келген. Грамматика – шет тілдерінің көпшілігінде кездесетін халықаралық термин. Сондықтан да бұл сөзді аударып жатпай-ақ халықаралық термин ретінде түркі тілдерінің барлығында бірдей қолданылуға ыңғайлы формалық тұлғада қабылдау жағын ойластырған жөн.

Қазақ, түрік тілдерінің филологиялық терминдеріне көз жібере отырып, бұлардың көпшілігінің төркіні түркілік емес, яғни шет, оның ішінде араб-парсы, одан кейін батыс тілдерінен енген халықаралық терминдер екендігіне көз жетеді. Академик К. Мұсаевтың анықтауынша, КСРО кезінде 10 терминнің өзбекте 9-ы, қазақта 6-ы, түркіменде 5-і, қырғызда, қарақалпақта 2-і ғана ұлттық тілде болған (К. Мусаев. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР. Кітапта: «Развитие терминологии на языках союзных республик СССР». Москва, 1986, 89-бет). Бұл ірі басты тілдердің басындағы жәйт болса, аз санды халықтардағы жағдайы қалай болғандығы айтпаса да түсінікті шығар. Қысқасы, осындай жағдай барлық түркі тектес тілдерге ортақ екендігі айтпаса да түсінікті. Мұның өзі – ойлантатын жәйт.

Тілдің толыққанды өмір сүруінің бір шарты – оның ғылым тілі болуы, яғни сол тілде терминдерінің де болуы. Бұлай болмаса, тілдің де, сол тілде сөйлейтін ұлттың да келешегі күңгірт. Сондықтан да мәселенің осы жағы әрдәйім есте болғаны жөн. Ал халықаралық терминдер түркітектес тілдердің көпшілігінде қолданылып жүрсе, бұлардың қала бергені жөн. Бірлі-жарымдарының түркілік дәл баламасы бар болса ғана, оларды ауыстыру жағын ойластырып көруге болады.

Мысалы, түрік тілінде *тема* шет тілінен алына салса, қазақ тілінде *тақырып* деп аударылған. *«Тақырып»*

– *«теманың»* терминдік мағынасын дәл беріп тұрған түркілік атау. Сондықтан да жат жұрттық *теманы* түркілік *тақырыппен*, не болмаса, одан да қолайлы атау табылып жатса, сонымен ауыстырса, жөн болады. Осы сияқты қазақ тіліндегі *библиографияның* орнына түрік тіліндегі *қайнақша*, түрік тіліндегі *анкеттің* орнына қазақ тіліндегі *сауалнама* сұранып тұр. Осы сияқты қазақ-түрік тілдеріндегі адаптация-adaptasyon бейімделу, идея- fıkır негізгі ой, прототип-temel түп тұлға, термин-terım терім, көне сөздер-eskı sozler көне сөздер, не ескі сөздер, филосопия-felsefe пәлсапа, анафора-tekrır қайталау, ғұмырнама-bıyografı ғұмырнама, афоризм-hıkmetlı soz ділмар сөз, миф-mıtos аңыз, аннотация-ozet аңдатпа, түйін түрінде берілсе, екі тілде де, одан қалды түркі тілдерінің көпшілігінде түсінікті, әрі бірізді болар еді.

Халықаралық терминдерді алғанда туындайтын негізгі проблема – оны қалай алу керек? Сол күйінде, яғни түбірінде қалай жазылса, қалай оқылса, солай қабылдауымыз керек пе, не болмаса, тіліміздің өзіндік заңдылықтарына бағындырып, демек, азды-көпті өзгерістермен алуымыз керек пе?

Міне, осы мәселеге келгенде, екі түрлі бағыт қатар өмір сүріп келді. Оның бірі – шеттен енген терминдер сол тұлғасында ешбір өзгеріссіз қабылданады. Қазақ терминологиясындағы, сол сияқты бұрындары КСРО-ның құрамында болған, қазір де өмір сүріп жатқан түркітектес халықтардың тілдеріндегі халықаралық терминдер түгелге жуық осылайша жасалынған. Ал тәуелсіздік тұғырынан түспеген Түркияда шеттен енген атау сөздер түрік тілінің грамматикалық заңдылықтарына орай, өзгерістерге түсіп, қабылданып келуі – екінші бағыт.

Түрік терминологиясында *аналогия, антология, терминология, идеология, методология, мифология, текстология,* т.б. деген сияқты терминдердің соңындағы *«логия»* түрік тілінің ыңғайына қарай, *«ложи»* түрінде өзгертілген; дауысты дыбыстармен аяқталатын *анкета, баллада, драма, композиция, хроника, пародия, риторика, ритмика, романти-*

*ка, сатира, стилистика,* т.б. терминдердің соңындағы дауысты дыбыстар жоқ; *ағым -акым, айтыс – атышма, акцент – аксан, бәйіт – бейіт, пішін – бішім, дастан – дестан, әдебиеттану- әдебиет білімі, кіріспе – гіріш, хабар – хабер, әңгіме – хикая, емле – имла, мәтін – метін, поэма – поем, портрет – портре, сатира – сатир, символ – сембол, скетч – скеч, сонет – соне, сөздік – сөзлік, стиль – стил, сюжет – сюже,* т.б. атауларда фонетикалық-дыбыстық өзгерістер бар.

Міне, қазақ, түрік тілдерінде бірдей терминдер деп, мысалға келтіріп отырғандарымыздың өзінде де осылар сияқты ойласып шешетін мәселелер баршылық екен. Ортақ терминдерді реттеудің өзінен осыншама жұмыстар шығып тұрса, ал түркілік ортақ терминдер жасау мәселесінің аса күрделі екендігі өзінен өзі белгілі болса керек.

Жоғарыда біз мысалға келтірген әдебиеттану ғылымы бойынша, қазақ, түрік тілдеріне ортақ терминдердің ішінен түркілік түбірлі атау сөздердің аздығы көзге ұрып тұр. *Әдіс, емле, жаңашылдық, мақала, мысал, мазмұн, кіріспе, нұсқа, пішін* сияқты бірлі-жарымды сөздер болмаса, туыстас халықтарға түсінікті, ортақ түркілік түбірлі терминдердің кемдігі бұл салада атқарылар жұмыстардың аса ауқымдылығын байқатады.

Қазақтың *«бақсысы»* түрікшеде «*шаман*», «қыстырма сөз» «ара сөз», «ғұмырнама» «биография», «өтініш» «тілекше», «ақын» «шайыр», «жолжазба» «саяхатнаме», болып жүр. Осылардың қай-қайсысы болмасын, түсінікті болғанымен де терминге қойылатын өлшемдер тұрғысынан мағыналық жағын нақтылай түсуді қажет етеді.

Түрік тіліндегі «қайнақшаны» біз библиографияның орнына алуымызға болады. Ал түріктердің *«мотиф», «полемик», «план», «плот»* сияқты халықаралық терминдерінің орнына басқаларды былай қойғанның өзінде қазақ тіліндегі *«сарын», «пікір таластыру», «жоспар»* секілді атаулардың өздері сұранып тұрғандай.

Тіл білімі саласындағы екі тілде де бірдей мынадай ата-

уларды кездестірдік: *ат (атау), акустика, әліпби, аморф сөздер, ана тілі, аналиткалық тілдер, мағна, апостроф, аралық тіл, арготизм, арго, әдеби тіл, әріп, бас әріп, болымды, граматика, ғылыми граматика, ғылыми тіл, дифтонг, иероглиф, категория, морфем, морфология, нүкте, ортақ тіл, өлі тілдер, параграф, ресми тіл, сөз, термин, тіл құрылысы, тіл тарихы, филология, фонетика, фонология, халық тілі, этимология*, т.б.

Бұл мысалдардан тіл білімі саласында екі тілге де ортақ терминдердің аздығы бірден байқалады. Әдебиеттануда екі жаққа да түсінікті атаулардың көбірек болуы онда халықаралық терминдердің молынан пайдаланылуынан болатын. Ал тілтану саласындағы халықаралық терминдердің көпшілігі түрік тілінде ұлттық атауға ие болған.

*Архаизм – ескі келиме, ассимляция – бензешме, вокализм – сеслилер курамы, диалект – леһче, диалектология – леһче білімі, диссимиляция – башкаламаша, контекст – бағлам, лексикология – келиме білімі, сөзлік – білім, морфология – шекіл білгісі, омоним – еш сеслі, орфография – імле, синтаксис – сөз дізімі, структурализм – иапысалджлық, фонетика – сес білгісі, фонема – сес бірімі, этимология – көкен білімі, этнолингвистика – көкен діл білімі* секілді атау сөздер таза түрікше сөйлеп тұр. Түрік тілінен келтірілген бұл мысалдар аударуға келмейді деген халықаралық терминдерді түркі тілдерінде де сөйлетуге болатындығының айқын мысалы бола алады.

Ал енді осы сияқты мәселелердің қазақ тіл білімінде қалай шешім тауып жатқандығына назар аударайық. 2005 жылы Алматыда жарық көрген Ғ. Қалиевтің «Тіл білім терминдерінің түсіндірме сөздігінде» «А» әрпі бойынша берілген 165 атаудың 93-і шет, 30-ы шет және қазақ сөзінен тұратын аралас сөздер болып келсе, тек 42-сі ғана таза терминдер болып шыққан. Ал «ф» әрпімен берілген 44, «э» әрпінің 36 атаулар орыс тіліндегі нұсқасында, не болмаса, аралас тіркес түрінде жазылған. Сол сияқты «ц», «ч», «я» харіптерімен басталған

сөздер де қазақ тіліне жат тұлғада орын алыпты. Міне, нағыз «басбұзарлық» («варваризм») деген осы емес пе? Бұл жерде қазақ тіліне шеттен енген сөздердің түбірі сақталып жазылады деген баяғыда қабылданған өктем заңның күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқандығының куәсі боламыз.

Мұндай келеңсіз жағдайдан шығаратын бір ғана жол бар. Ол үшін біріншіден, қазақ әліпбиіндегі жат әріптерден арылу, екіншіден, сырттан енген халықаралық сөздер қазақ тілінің негізгі заңы – үндестік заңына сай жазылуын қамтамасыз ету қажет. Осы бір мысалдардың өзінен-ақ қазақ тіл білімі терминдерінің қазіргі жағдайын біршама байқауға болатын сияқты.

Бұл жерде тағы бір мәселе бар. Терминдер ұлттық болған сайын олар бір-бірінен алшақтай түседі де халықаралық сыпаты артқан кезде аралары жақындай береді. Сонда термин мәселесіне келгенде, осы бір аса нәзік, маңызды мәселе әрдәйім есте болғаны жөн. Барлық терминдерді аударып, ұлттық қыламын деушілік те, не болмаса, халықаралық терминдерді сол күйінде ала берушілік те біржақтылыққа апарып соқтырмай қоймайды. Бір сөзбен айтқанда, «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей», тепе теңдіктің сақталып отыруы қажет.

Терминжасамның да өзіндік заңдылықтары бар. Термин алдымен, ана тілінде жасалуы керек. Баламасы табылмаған жағдайда түрлі амалдармен жаңа ұғымды толық беретін жаңадан сөз жасалынады. Бұл да нәтиже бермеген кезде ғана барып, сырттан келіп, есік қағып тұрған терминді ішке қалай кіргізу жағын ойластыра бастайды.

Жиырмасыншы жылдары османлы тілін түріктендіру науқаны жүрген кезде негізінен төмендегідей ұстанымдар басшылыққа алынды:

«1. Ұлттық тілімізді жасау үшін османлы тілін мүлде болмағандай бір шетке ысырып тастап, халық ауыз әдебиетінің негізі болып келген түрік тілін сол қалпында алу және Ыстанбұл халқы, әсіресе Ыстанбұл ханымдары сөйлейтіндей

етіп жазу.

2. Халықтың сөйлеу тілінде синонимдері бар араб-парсы сөздерін тілімізден шығарып тастау, толық синонимі жоқ, тек кішкене нюансы барларын тілімізде қалдыру.

3. Халықтың сөйлеу тіліне кіріп, айтылуы немесе мағынасы жағынан өзгеріске ұшырағандықтан «ғалат» (қате, ережеден тыс) атанған араб-парсы сөздерінің осы өзгертілген формаларын түрік сөзі деп есептеу және олардың жазылуын айтылуына үйлестіру.

4. Орындарына жаңа сөздер қойылғандықтан қатып, семіп қалған бұрынғы түрік сөздерін тірілтуге тырыспау.

5. Жаңа сөздерді алдымен халықтың сөйлеу тіліндегі сөздердің арасынан іздестіру, табылмаған жағдайда түрік тілінің өнімді аффикстері, сөз тіркестерін құрастыру мен сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа сөздер жасау, бұл да мүмкін болмағанда, араб-парсы сөздерін сөз тіркесі түрінде емес, дара сөздер түрінде, жаңа сөздер ретінде қабылдау және тарихи кежеңдер мен кәсіптердің ерекшеліктерін көрсететін кейбір сөздерді, сондай-ақ техника саласындағы құрал-сайман аттарын шет тілдерден сол қалпында алу.

6. Түрік тіліндегі араб-парсы тілдерінің артықшылығын жою, бұл екі тілдің септеу-жіктеу тәсілдерін де, жалғау-жұрнақтарын да, сөз тіркестерін де тілімізге алмау.

7. Түрік халқы білетін және қолданатын әр сөз – түрік сөзі. Халық сүйетін және жасанды емес әр сөз – ұлттық сөз. Ұлттың тілі – өзінің өлі түбірінен емес, қолданыстағы түбірлерінен құралатын тірі организм.

8. Ыстанбұлдың түрік тіліндегі дыбыс үндестігі, сөздердің морфологиясы мен терминдері жаңа түрік тілінің негізі болыптабылатындықтан, басқа тұрік тілдерінен сөз де, септеу-жіктеу элементтерін де, жалғау-жұрнақ та, сөз тіркесін құрастыру ережелерін де алуға болмайды. Тек қана салыстыру жолымен түрік тілінің сөйлем құрылысын және фразеологизмдердің өзіндік ерекшеліктерін түсіну үшін бұл диалектілерді тереңірек зерттеуіміз қажет.

9. Түрік өркениеті тарихына қатысты еңбектер жазылған сайын бұрынғы түрңк құрылымдарының аттары болыптабылатын көптеген көне сөздер жаңа түрік тіліне енеді. Бірақ олар тек термин болып қалатындықтан бұлардың өмірге оралуы қатып-семіп қалған элементтердің (фосильдердің) тірілуі сияқты қабылдануы керек.

10. Сөздер өздері білдіретін мағыналардың суреттемесі емес, таңбалары болып табылады. Сөздердің мағыналары олардың түбірлерін білгенмен түсінікті болмайды. 11. Осы принциптердің негізінде жаңа түрік тілінің (түсіндірме) сөздігі мен грамматикасы құрастырылуы қажет және бұл кітаптарда жаңа түрік тіліне енген араб-парсы сөздері мен фразеологизмдерінің құрылысы, құрылыс формалары жайындағы мәліметтер тілдің физиологиялық бөліміне емес, палеонтологиялық және генеологиялық саласы болып табылатын сөзжасам бөліміне орналастырылуға тиіс» (Зия Көкалып. Түрікшілдіктің негіздер. Алматы, 92-94 беттер).

Ал бізде бұрындары бұл мәселеге келгенде, басты көп ауырта бермей, орыс тілінде дайын тұрған терминді ала салатынбыз. Кеңестік кезеңде ұлттық терминологияда интернационалдық терминдерге басымдық берілгендіктен де төл тілде баламасы болса да оны термин ретінде алмай, орыс тіліндегісін қабылдады. Басқа елдерден келгендері де ішке тек орыс тілі арқылы енді. Өйткені, орыс тілі әлемдік империяның тілі болды да оның үстемдігі КСРО қарамағындағы ұлттардың тілдеріне ешбір даусыз жүріп жатты.

Ресей құрамындағы елдерде бұл жағдай, яғни терминдерді орыстандыру қазір де жалғасуда. Е. И. Оконешников якут тілінің терминологиясының қалыптасуы орыс тілінің арқасында жүзеге асқанын жазады («На всем протяжении своего формирования и развития терминология якутского языка испытывала на себе постоянное имплицитное и эксплицитное влияние русской терминологической лексики на всех уровнях... Донаучная терминология языка саха сво-

им возникновением обязана деятельности дореволюционных русских исследователей языка, фольклора и этнографии» (Оконешников Егор Иннокентьевич. Лингвистические аспекты терминологии якутского языка. Диссертация ... доктора филологических наук: 10.02.02, Якутск, 2005). Осындай жағдайлар тәуелсіздігі шектеулі тілдердің барлығына дерлік тән..

Халықаралық терминдерді қабылдау тәртібін кезінде қазақтың алашшыл оқығандары белгілеп беріп кеткен болатын. М. Дулатов «Біз сөз іздегенде, ең алдымен, қазақшаның өзінен іздейміз. Қазақшада керек мәнге сөз табылмаса, бізге жақын түрік елдерінен іздейміз. Оларда табылмаса, ауропа сөзін аламыз» – десе, Х. Досмұхамедұлы 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ білімпаздарының құрылтайында сөйлеген сөзінде «Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алуымыз керек» (Қараңыз: «Алаштың тілдік мұрасы». Алматы, 2009, 146-бет)- деп, тайға таңба басқандай, шеттен енетін сөздерді қабылдау ретін көрсеткен болатын.

Осы сьезде Елдес Омарұлы жасаған «Қазақша пән сөздері» баяндамасы бойынша қабылданған қаулыда «Қазақтың өз сөздерінен табылмаған пән сөздері басқа түрік халықтарынан ізделсін, басқа түрік тілінде пән сөздері жалпы түрік сөздері болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» – деп бұл мәселе нақтылана түскен болатын.

Орынборда (1924) өткен сьезде сөйлеген сөзінде және 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың бірінші құрылтайында «Пән сөздерінің жүйесі туралы» жасаған баяндамасында А. Байтұрсынов түркітектес халықтардың терминология жасаудағы негізгі ұстанымдарын айқындап, нақтылап берді. Терминжасамдағы Ахаң ұсынған ұстанымдар төмендегіше:

а) қазақ тіліндегі сөздерге басымдық беру;

ә) қазақ тілінде мұндай сөздер табылмаған жағдайда туыстас тілдерден алу;

б) кеңінен қолданылып жүрген әлемдік терминдер қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертіліп, алынады;

в) қазақ тілінің табиғатына сәйкес келе бермейтін барлық шет сөздер қазақ тілінің айтылуына орай дыбыстық, грамматикалық жағынан толық өзгеріске түсіп қана қабылданады (Қараңыз: Алаштың тілдік мұрасы. Алматы, 2009, 45-46 беттер). Бұлай жасау тілді варваризмнен сақтайды деп ескерткен.

Өкінішке орай, кеңес өкіметі жылдарында орыс тілінің басқа тілдерге үстемдігін қамтамасыз ету мақсатымен мұндағы туыстас түркі тілдерінің орнын орыс тілі басып, ұлттық терминологияның аса бір маңызды ұстанымын бұзып, кеңестік дәуірдегі қазақ терминологиясының дамуына орасан зор нұқсан келтірді. Осындай қитұрқы саясат жүргізу барысында қазақ терминологиясының негізін орыс сөздері құрап, түркілік табиғаты әлсіреп, олармен аралары алшақтай түсті. Сондықтан да түбі бір болғанымен де, қазіргі түркі халықтарының ғылыми терминологияларында оларды жақындататын түркілік негіздерден гөрі оларды бір-бірінен алыстата түсетін славяндық сыпаттардың басым жатқандығы таң қалдырмайды.

Тоқсаныншы жылдары бірсыпыра түркі елдерінің, атап айтқанда, әзірбайжан, қазақ, қырғыз, түркімен, өзбек халықтарының тәуелсіздік алуына қарамастан, табиғи түрде жүруі тиіс түркі тілдерінің арасындағы термин алмасу, түркілік біріздендіру үдерісі өз дәрежесінде жүрмей, Батыстан терминнің киімін киіп, қаптап еніп жатқан сөздердің топаны әлі күнге дейін толастар емес. Екпінінің қаттылығы соншалық, тіліңе, одан қалды ұлт болашағына балта шаба бастады. Сондықтан да тілдің, ұлттың төбесіне қара бұлт үйіріліп, оның келешегіне қауіп төндіре бастаған кезде, қамсыз қалудың өзі қылмыспен бірдей.

Түркі халықтарының бірлігі, бұл мақсатқа жету

жолындағы түсіністікке алып баратын ортақ тіл, оның негізі түркілік терминология жасау мәселесі өткен ғасырдың басында қызу қолға алынып, басталғанымен де түрлі саяси жағдайлардың салдарынан оның жүзеге асуы ұзақ уақыттар бойы тоқтап қалды. XX ғасырдың соңына қарай бірнеше түркі елінің тәуелсіздігін алып, тарих сахнасына қайта шығып, қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты бұл мәселе қайта көтеріліп, күн тәртібінен түспей келеді. Бұрындары жекелеген ғалымдардың, елдердің ұсыныс-бастамалары түрінде қозғалып келген бұл мәселе енді жалпытүркілік сыпат алып, түркілік ауқымға шықты. Қазір Түркі кеңесінің жанынан құрылған терминологиялық комитет түркітілді елдерге ортақ терминдер түзу, оны қолданысқа енгізу мәселелерімен айналысуда. Осы комитеттің алғашқы жиындарында түркілік ортақ терминдер жасау аса маңызды мәселе ретінде көтеріліп, алға нақтылы міндеттер қойылды.

Осындай жиындардың бірі 2011 жылы Астана қаласында өтті. ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті, Түркия Республикасының Тіл комитеті мен Түркия ақпараттық технологиялар қоғамы мұрындық болған халықаралық конференцияда екі елдің ғалымдары бас қосып, осы мәселе төңірегінде кеңінен пікір алысты. Аталған жиында негізгі баяндаманы жасаған ҚР Мәдениет жіне ақпарат министрлігі Тіл комитетінің төрағасы профессор Ш. Құрманбайұлы түркі бірлігі үшін түркі халықтары терминологиясын біріздендіру мәселесінің аса маңыздылығына назар аудара келіп: «Қазіргі қазақ терминологиясының 70-80, кей салада 90 пайыздайы орыс тілімен түгелдей сәйкеседі.

Лингвист ғалымдардың зерттеулері бойынша, қазіргі заманда кез келген тілдің лексикалық қорын байытып отырған жаңа сөздердің 80 пайыздан астамын неонимдер, яғни жаңадан енген сөздер құрайды екен. Сондықтан да біз ұлт тілінде термин жасайтын болсақ, өз тіліміздің табиғатын сақтай отырып, оны байытамыз. Керісінше, қай тілде көбірек сөз қабылдасақ, сонымен жақындасамыз, сонымен

ортақтастығымыз арта түседі. Ендеше, орыстан қашып, тарихы тамырлас, түбіріміз туыстас түркі тілдерін бір-бірімізге жақындата беруге тиіспіз. Ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан тарихи сабақтастық сақталып, термин алмасу арқылы тілдерді бір-біріне жақындастыруға ұмтылуға тиіспіз» (Мақсат – түркілік ізге түсу, шарт – түркілік бірлікке ұмтылу. «Қазақстан-заман», 01.12.2011) – деді. Жиында шығып сйлеген түркі елдерінен келген ғалымдар бұл мәселені ары қарай тереңдете түсіп, мұны жүзеге асырудың саяси-ұйымдастырушылық, тәжірибелік, ғылыми жақтарын талқылады.

2001 құрылған жылы Стамбул қаласында құрылған түркітілдес елдер арасындағы ақпараттық технологиялар ынтымақтастығы ұйымы бірсыпыра елдерде қолдау тауып, жемісті жұмыс жасап келеді. Ақпараттық технологияларды өз тілінде сөйлеткен Түркия бұл салада біраз тәжірибелер жинақтады. Бұларға басқа да түркітектес елдер назар аударып, үйреніп, кәдеге жарата білсе деген де тілектер болды

Конференцияда ендігі бірінші кезекте алда тұрған мақсат ғылыми терминдерді түркілік бір ізге түсіру, өткенде КСРО құрамында болған түркітектес елдер жаңадан термин қабылдауда бұрынғыдай орыс тіліне жүгіне бермей, түркілік бірлікке, бірізділікке бет бұру қажеттілігі атап көрсетілді. Сонымен бірге терминжасам мәселесіне келгенде, түркітілдес тілдерге үлкен-кішілігіне қарамастан, бірдей қарап, бірдей дамытуға маңыз бөлінді. Осы бағытта жұмыстар жасағанда барып, түркітектес халықтардың терминологиясын кезінде түрлі жолдармен заңсыз еніп кеткен жат сөздерден тазартып, шын мәніндегі ұлттық, түркілік сыпаттағы терминдік қорымызды байыта аламыз деген ойлар ортаға тасталды.

Қазақ терминологиясын арнайы зерттеп жүрген Ш. Құрманбайұлы «Түркиядан өзге халықтардың көпшілігі жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытын жетпіс жыл бойы ұстандық, енді жалпытүркілік терминқорымызды молайтып, түркі әлемінің өз ғылыми кеңістігіндегі қарым-

қатынасымызда түркі тілдерінің қолданысын кеңейтуге, ғылыми ынтымақтастығымызды нығайтуға бағытталған жұмыстарымызды бірлесіп атқаратын уақыт жетті деп ойлаймын» (Ш. Құрманбайұлы. Түркі тілдерінің термин жүйелерін тіларалық біріздендіру мәселелері. «Терминологиялық хабаршы», 2012, №1, 19-бет) – деп біледі.

Белгілі ғалым, қоғам қайраткері, академик Ө. Айтбаев «Ортақ түркі терминологиясын қалыптастыру – бүгінгі күн талабы» («Ана тілі», 19-25.04.2012) деген тақырыппен көлемді проблемалық мақала жазды. Ол осы уақыттарға дейін тіл білімінде еуроцентристік, империялық пиғылдардың басым болып келуін айта келіп, қазір өмір сүріп отырған жаңа заманда бұрындары қалыптасып қалған жалған қағидалардан арылып, оның ішінде терминжасам қағидаттарының да қайта қаралып жатқандығын жағымды құбылыс санайды. Осы сияқты қолға алынуы тиіс мәселенің бірі ретінде «қоғамдық-саяси өмір мен ғылымның сан саласында халықаралық аяда кеңінен қолданылып жүрген және жаңадан пайда болған терминдерді ана тілімізде баламалау кезінде түркі халықтары бөлек-бөлек бағыт ұстанбай, ұлттық терминологиялық жүйелерін ортақтастыру жайын қолға алғандары жөн» санайды. Бұл ретте «...түркі халықтарының бұған дейін жасаған, қалыптастырған термин атаулары мен ұлттық баламаларын өзгерте алмаймыз және оның қажеті де жоқ. Өйткен,і бұлай жасау арқылы біз ыңғайсыздық пен келіспеушілікті тудырамыз, оның үстіне шалағайлыққа, түсініксіздікке ұрынамыз. Сондықтан, барын сол қалпында қалдырып, бұдан кейінгі істерімізді үйлестіре алсақ та тақиямызға тар келмейді» – деп, бұрындары жасалынған терминдік қорды жоққа шығарудан аулақ.

Осы жерде мына бір жағдайға назар аудара кеткен жөн. Біз күллі түркі халықтарының терминологиясын біріздендіру мәселесін қозғап отырмыз. Десек те, күллі түркілік терминология түгілі, қазақ тіліндегі терминдердің өзінде ала-құла болып жүргендері де кездеседі. Мысалы, қытай

қазақтары «терминнің» орнына «телім» атауын қолданып жүр. «Термин» – ағылшын сөзі, ал бір мағынаның бір сөзге телінуін білдіретін «телім» қазақ сөзі екендігін алға тартады. Ал түріктер алған «терім» де әрі түркілік (Seyit Kemal Karaalioglu. Ansiklopedik edebyat sozlugu. Istanbul. 19786 47-бет), әрі халықаралық «терминге» де жақын. Сонда қазақ, одан қалды түркілік терминологияға бүкіл әлем пайдаланып жүрген «термин» дұрыс па, болмаса, оны түбірі түркілік «терім», «телім» сөздерінің бірімен ауыстырамыз ба? Осындай жағдай Ресейде, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түркіменстанда тұратын қазақтардың тілінде де бар. Ойланып шешетін осы сияқты біраз мәселе бар.

Қазақ терминологиясының тарихи, теориялық жақтарын зерттеп, іргелі еңбектер жазған Ө. Айтбаев түркі халықтарының тілдерінде терминжасам ұстанымдарын төмендегіше ұсынады. Олар: біріншіден, төл тілдің сөз байлығын сарқа пайдалану; екіншіден, туыстас түркі тілдерінен алу; үшіншіден, интернационалдық терминдерге жол беру (Ө. Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2007, 501-бет). Осы қағидаттар басшылыққа алынғанда ғана түркі халықтарының ортақ терминологиясын жасау істерінің тура жолға түсетіндігіне сенімді.

Осы жерде 1924 жылдың маусым айында Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төреқұлұлы, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы бастаған қазақ зиялыларының қатысуымен Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші құрылтайында бекітілген «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» деген қағидаттың арада жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де күні бүгінге дейін орындалмай келгеніне, сонымен бірге күн тәртібінен түспей келе жатқандығына еріксіз таң қаласыз.

Түркі халықтарының ортақ терминдік қорын жасау

жолындағы нақтылы қадам өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап жасалына бастады. 1996 жылдың 17-20 желтоқсан күндерінде Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде Әзірбайжанның, Башқұртстанның, Қарақалпақстанның, Қазақстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Татарстанның, Түркіменстанның, Ұйғырстанның тілші ғалымдары бас қосып, осы уақыттар ішінде түркі тілдері бір-бірімен жақындаса түсудің орнына, керісінше алшақтай түскенін, мұның өзі бұл тілдердің дамуына айтарлықтай теріс әсерін тигізіп отырғандығына алаңдаушылық білдіріп, оларды жақындастыра түсу масатымен ортақ терминдік қор жасау мәселесін көтерді.

Мәселені жан-жақты талқылау барысында түркі тілдерінің салыстырмалы терминологиялық сөздігін құрастыру жөнінде шешім қабылдады. Қызу қолға алынған жұмыстың барысында келесі жылы қоғамдық ғылымдардың бірнеше салалары бойынша он түркі тілінің салыстырмалы терминологиялық сөздіктері жасалды. Келесі жылы түрікше, қазақша, орысша, ағылшынша жасалынған грамматика, әдебиет, т.б. терминдері өмірге келді.

Сөздіктен бір мысал келтірейік. Қазақша «қолтаңба» сөзі негізгі он түркі тілінде төмендегіше орналасқан:

1. түрікше – имза, ел иазмасы;
2. әзербайжанша – автограф;
3. башқұртша – автограф;
4. қарақалпақша – автограф;
5. қазақша – қолтаңба;
6. қырғызша – ...
7. өзбекше – автограф, муаллифнин, даст хаты;
8. татарша – автограф;
9. түркіменше – голхат;
10. ұйғырша – голтамга;
11. орысша – автограф;
12. ортақ сөз – автограф.

Ортақ термин жасаудың аса қиындығы осы бір мысалданақ анық байқалады. Түркі халықтарының ең ірі он елінде бір ғана терминнің өзін түрліше айтатындығы көрінеді.

Сөздікті жасаған ғалымдар ортақ термин ретінде көпшілік елдер қолданатын «автографты» алайық деп, шешкен. Бірақ мәселені ғалымдардың талқылауы барысында түрік жағы бұл шеттен келген сөз, түркілік атауды алайық деп, келіспеген. Ал енді ойланып көріңіз: ортақ термин жасағанда, көпшілік түркі тілдерінде қолданылып жүрген терминді аламыз ба, не болмаса, түркілік атауға басымдық береміз бе? Бұл бір ғана терминге қатысты келіспеушілік, ал жүздеген, мыңдаған терминдерді ортаға салған кезде, қаншама пікірлер бой көтереді десеңізші?!

Өкінішке орай, айтуға оңай болғанымен, жүзеге асуы аса күрделі осы бір түркі тілдерінің ортақ терминологиясын жасау үшін аса қажетті іс кейіннен тоқтап қалды да біраз жылға дейін қолға алынбай келді. Тек екі мыңыншы жылдарда □ Түркі академиясының, Түркі кеңесінің бас болуымен ғана бұл мәселе қайтадан қолға алынып, түркі халықтарының бірлігі үшін аса маңызды мәселе ретінде күн тәртібіне қайта қойылды.

Десек те бұл мәселеге келгенде, қазақ қоғамы әлі күнге дейін бір мәмілеге келе алмады. Еуроцентристік, құлдық сана тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де атынан түсе қойған жоқ. Заманның өзгергенін байқамаған, немесе түсінбеген олар еліміздің ертеңі үшін атқарылуы тиіс осы сияқты ұлттық маңызы бар шараларды жүзеге асыруға келгенде, етектен тартып, кедергілер келтіруде. Солардың бірі ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрад Ахмадов ағылшын тілінен енген сөздердің қазақ тіліне аударылуына қарсылық білдірді. Оның айтуынша, шетелдік сөздер қазақстандықтарға бұрмаланып жетпеуі керек. Әсіресе көпшілік түсінетін экономика, саясат, бизнес, медицина салаларында қолданылатын терминдер сол күйінде қалуы керек.

Осы мәселе осының алдында Ресейдің Мемлекеттік Думасында да көтерілген болатын. Сонда атақты В. В. Жириновский «мемлекеттік тілде ақпарат таратқанда, орыс тілінде аналогы бар және орыс әдебиетінің нормаларына сәйкес келмейтін ағылшын терминдері қолданылмасын, қолданғандары айыппұл төлесін» – деп, тойтарыс берген болатын. Енді Қазақстандық және Ресейлік екі саясаткер айтқан екі пікірдің қайсысы дұрыс екенін ойлана беріңіз.

Бұл мәселеге қатысты белгілі терминтанушы Ө. Айтбайұлы «Өзіміздің сөздік қорымызда кірме сөздердің аудармалары болып жатса, оны өз тілімізге ыңғайлау керек. Ал оның баламасы болмай жатса, сол күйінде қабылдауға тура келеді. Негізінен сырттан келген сөздер де сөздік қорды байытады. Біз латын, араб, орыс тілдерінен де енген сөздерді қабылдадық емес пе? Сол сияқты аударуға келмейтін сөздерді солай қалдырған дұрыс» («Айқын», 05.04.2013) – деген пікір білдіріпті. Осы ыңғайдағы «Бұрыннан біздің ана тілімізде жоқ кәсіби терминдер болса, оны амал жоқ қабылдайсың» деген ойды жазушы, Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Э. Төреханов та білдіріпті.

Түркі халықтарының терминологиясын біріздендіру жұмыстарының үйлестірушісі болып табылатын Түркі кеңесінің Бас хатшысы Халил Ахынжы «Түркітілдес елдерге ортақ әліпби де, ортақ термин де керек... Термин бойынша айтарым, орныққан сөздерден бас тартпағанымыз абзал. Араб немесе парсы сөздерін қаншама ғасырдан бері қолданып, ел де оған үйренген. Жаңа сөз жасауда түпкі түрік тіліне қарай тартайық. Сонда бір-бірімізден алшақ кетпейміз. Әрине, бұл үлкен мақсаттарға кедергі келтіретіндер де табылады. Қазірдің өзінде алты мемлекеттің ұстанымы бір тұсқа тоқайласпай тұр» (Б. Дәулетұлы. Түркі кеңесі жаңа әліпби жасауды ұсынды. «Айқын», 13.09.2012)- деген пікір білдірді.

«Якут тілінің терминологиялық дерекқоры» жайлы арнайы мақала жазған Ф. Н. Дьячковский жаңа терминдер жасаудағы үш түрлі жағдайды атап көрсетеді:

«1. Егер якут тілінде тиісті терминнің не терминологиялық түсініктің баламасы болмаса, онда сол термин орыс тілінен алынады. Алайда терминнің дыбысталуы якут тілінің дыбысталуы якут тілінің орфографиясына сәйкес өзгертіледі.

2. Егер мұндай түсінік болмаса, демек аударылатын тілде болса, онда ол жалпы әдеби тілдің нормаларына және терминдерге қойылатын талаптарға сәйкес болуы шарт.

3. Тілде тиісті түсінік (әсіресе, жаңа ақпараттық технологиялық терминдері) болмаған жағдайда, терминжасаушы өнімді, өнімсіз жұрнақтар арқылы немесе семантикалық бүтін жаңа құрылымдардан якут тілінің нормаларына сәйкес жаңа термин жасалады» («Терминологиялық хабаршы», 2011, №3, 21-бет).

Бұл жерде назарды мына бір жәйтке аударғымыз келіп отыр. Ресей қоластындағы сахалардың өзі шеттен алынған «терминнің дыбысталуы якут тілінің орфографиясына сәйкес өзгертіледі» деп отырғанда, кірме сөздерді сол күйінде өзгертпей алайық дейтін біздікі не жосық?

Осы жерде бірінші пунктте айтылған «егер, якут тілінде тиісті терминнің, не терминологиялық түсініктің баламасы болмаса, онда сол термин орыс тілінен алынады» деген қағидат сахаларға ғана емес, Ресей құрамындағы басқа да халықтардың, олардың ішінде түркі тектес ұлттардың тілдеріне де қатысты ұстаным болып отыр. Біз де күні кешегедейін осы жағдайды басымыздан өткеріп, өзімізде жоқ сөздерді орыс тілінен алып келсек, енді бүгін тәуелсіз ел болғаннан кейін барып, туыстас түркі тілдерінен алу керек деп, халықтарды бірлікке, ынтымақтастыққа бастайтын жолды таңдап отырмыз. Түркі халықтарының бір бөлігі әлі күнге дейін өз билігін қолына ала алмай жатқан бүгінгі таңда терминологияны түркілік негізде біріздендірудің саясатқа қатысты аса күрделілігі көрініп тұр. Түркі тектес халықтар осылайша екіге бөлініп тұрған жағдайда мұндай бағыттың жүзеге асуының мүмкіндігі шамалы деп, тоқтап қалуға тағы болмайды.

«Қытай қазақтарының қазақ тіліндегі атау-телім жұмысында бойсұнатын мемлекеттік өлшемінде» «Қазақ тілі басқа тілдерден атау сөз алуға тура келгенде, алдымен, атам заманнан бері бірге жасап келген түркі тілдес туысқан ұлт тілдерінен алу керек, егер онымен мәселе шешілмесе, ежелден бірге жасап келген ханзу (қытай) ұлтының тілінен сөз алу керек. Мұнымен де мәселе шешілмеген жағдайда ғана тіл шаңырағын, мемлекет шекарасын, құрлық шекарасын аттап, сөз алуға болады. Мысалы, жаратылыстық ғылым мен қазіргі заман ғылым-техника телімдерін басқа тілден алуға келгенде, көбінде мәселе осындай жолдармен шешіледі» («Туған тіл», 2012, №1).

Бұл жерде мына бір жәйтке назар аударғымыз келіп отыр. Ресейдің, Қытайдың құрамындағы тұратын түркі тектес халықтардың терминологиясына орыс, қытай сөздерінің енуі заңдастырылған. Бұл халықтардың ғылыми терминдерін түркілік бағытта біріздендіру қалай болмақ?

Біздіңше, терминологияны түркілік негізде біріздендіру жұмысын қазірден кеш қалдырмай бастап, қолға алу керек. Мына аласапыран заман ырғалып-жырғалып жүргенді көтермейді. Мүмкіндіктер бар болып тұрғанда, қолды «мезгілінен кеш сермеп» жүрмейік. Түркі халықтарының басым көпшілігі тәуелсіз өмір сүріп жатқан қазіргі жағдай, өткен тарихымыздың, бүгінгі жаһандануды тәжірибелері бізден осыны талап етеді. Ал бодандықта өмір сүріп жатқан бауырларымыз ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір тәуелсіздіктерін алып, қатарымызға қосылары тағы да анық.

Түркі тілдерінің терминологиясын біріздендіру мәселесі тек қазақ тіл білімінде ғана емес, басқа елдердің ғалымдарын да мазалап, қызу талқылану үстінде. Мысалы, өзбек ғалымдары профессор Б. Каримов пен Ш. Мүтәлов түркі халықтарын жақындастыра түсетін олардың этникалық жағынан туыстығы, тарихының, мәдениетінің, дінінің, ділінің, тілінің ұқсастығы дей келіп, қазіргі кездерде олардың арасында бірліктен гөрі алшақтықтардың

ұлғайып, түркілік болмыстың жоғалып бара жатқандығына алаңдайды. Жаһандану экономика, техника жағынан пайдалы болғанымен де ұлттық мәдениетке зиянды. Сондықтан да мәдениетті, ұлтты сақтап қалу үшін жаһандануды алдымен түркілік бағытта жүргізу керек. Бұл істер ортақ тілден, ортақ терминдер жасаудан басталады деп біледі.

Осы уақытқа шейін өзбек тілінің терминжасамында

1. өзбек тілінің мүмкіндіктерін барынша пайдалану;

2. орыс тілінен енген сөздерді жоққа шығармау;

3. кеңінен қолданылып жүрген интернационалдық сөздерге басымдық беру ұстанымдары басшылыққа алынып келген болатын.

Енді ғалымдар жаңа заманда қалыптасып отырған түрлі жағдайларды ескере отырып, төмендегідей ұстанымдарды ұсынады:

1. егер термин кеңінен қолданылып жүрген интернационал сөз болса, онда оны ауыстырудың қажеті жоқ;

2. ауыстыру қажет болған жағдайда, түркілік терминді алу;

3. түркілік терминдердің үлес санын арттыруды мақсат қылу; 4. терминді ауыстыру қажет болған жағдайларда түркі тілдері диалектілерінің мүмкіндіктерін де пайдалану (Б. Каримов, Ш. Муталов. Развите и унификация терминологических систем тюркских языков. «Терминологиялық хабаршы», 2011, №3, 29-бет).

Б. Каримов пен Ш. Мүтәлов ұсынып отырған қағидаттардың біздің осы уақытқа дейін қолданып келген ұстанымдарымыздан біраз айырмашылығы көрінеді. Ең бастысы мұнда әрбір тәуелсіз елдің тіліндегі терминологиясында алдымен тұратын төл тілдің сөздерін пайдалану деген пункт көрінбейді. Тіпті, өзбек терминологиясын жасағанда, өзбек тілін пайдаланайық деген сөз атымен жоқ. Оны түркі тілдерінің қатарына қосып жіберіп, «ауыстыру қажет болған жағдайда, түркілік терминді алу» деп, берген. Бұдан өзбекстандық ғалымдардың жеке бір ұлттық

тар мүдделен гөрі жалпытүркілік құндылықтарды жоғары қойып тұрғандығын көреміз.

Сонымен, терминологияның дамуы ең алдымен, саяси-қоғамдық жағдайға, ғылымның дамуына тікелей байланысты екен. Тілі қанат жайған ұлттың терминологиясы да өрістейді. Мұны әр кездерде басшылыққа алынып отырған терминологиялық қағидаттардан анық байқауға болады. Мысалы, кеңес өкіметі әлі күшіне келе қоймаған жиырмасыншы жылдары қазақ терминологиясында негізінен төл сөздерге басымдық беріліп, А. Байтұрсынов ұсынған қағидаттар басшылыққа алынды Олар мыналар еді:

«а) Ең алдымен, термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу.

ә) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда, оларды туыстас тілдерден алу.

б) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады.

в) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері қазақтың айтуына қарай өзгертілуі керек» (А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы, 1992, 417-425 беттер). Тілдің табиғи дамуына қолайлы жағдайлар туғызатын осындай ұстанымдарды ұстанудың барысында жиырмасыншы жылдары қазақ ұлттық терминологиясының негізі қаланды.

Кеңес өкіметі жылдарында ұлттық терминологияның дамуына тосқауыл қойылып, тіл білімі де империялық пиғылдардың шылауында кетті. 1931 жылы терминология мәселелеріне арналып Мәскеуде өткен партия жиналысында

а) ғылыми негіздерін енді ғана қалай бастаған артта қалған халықтардың тілдерін біртұтас ортақ тілге (орыс тілі. Д. Ы.) жақындастыра түсу үшін барлық жағдайларды жасау;

ә) ол тілдердің орфографиясын, жазуын барынша оңайлатып, ортақ тілге жақындата түсу;

б) жаңа терминдерді жасағанда, арабизм, иранизм, латинизм, руссизм, т.б. элементтеріне барынша қарсы күресіп,

негізінен көпшілік қабылдаған терминдерді қабылдау;

в) КСРО-ның шығыс халықтарын араб әліпбиінен жаңа жазуға көшу қарқынын барынша жылдамдату, өйткені қос әліпбидің қатар жүруі халықтың білім алуына қиындықтар туғызады (Второе Всесоюзное партийное совещание по народному образованию. Стенографический отчет. Москва, 1931, 308-309 беттер) – деген талаптар қойылды.

Негізінен осы құжатқа сүйене отырып, 1935 жылы Алматыда өткен мәдениет қайраткерлерінің бірінші құрылтайында Мемлекеттік терминология комитетінің төрағасы Қ. Жұбанов терминжасамда басшылыққа алынып отыруға тиіс негізгі ұстанымдарды ұсынды.

Барлығы 11 пункттен тұратын, мақсаты орыс тіліндегі терминдерді сол күйінде қазақ тіліне көшіруді көздеген осы бір ұстанымдар ұлттық терминологиямыздың кеңестік дәуірдегі даму бағытын айқындап отырды. Нақтырақ айтқанда, қазақ ғылымының тілін орыстандыру саясаты осы 1935-жылдан, яғни профессор Қ. Жұбанов ұсынған термин жасау ұстанымдарынан бастау алды. «Содан бері біз қазақша термин жасауды қойғанбыз. Тек орыс тіліндегі даяр тұрған терминдерді ғана қабылдап келдік» (Байынқол Қалиұлы. Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері. Алматы, 2008, 130-бет). Осы үрдіс кешегі тәуелсіздік алғанға дейін жалғасты. Нәтижесінде қазақ терминологиясының ұлттық дамуы тоқырауға ұшырап, өзінің табиғи сыпатынан айрыла бастады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ терминологиясы дамуына кедергі келтірген кедергілерден арылып, дамудың даңғыл жолына қарай бет алды. Бұл жол ұлттық, алаштық даму жолы еді. Қазақ терминологиясы күні бүгінге дейін негізінен төмендегідей қағидаттарды ұстанып келеді:

«1. Қысқасы, бірінші және ең негізгі принцип ретінде біз қазақ тілі сөз байлығын барынша сарқа пайдалану деп білеміз... Мұны ұстану – басты парызымыз.

2. Терминжасамда тіл байлығын сарқа пайдалану

принципі сарқылған кезде екінші бір қазынаның көзі ашылады. Ол – түп негізі бір түркі тілдерінің сөз байлығы...

3. Қазақ тілі арнайы лексикалық құрамын байыта түсуге тиісті үшінші бір принцип, ол интернационалдық терминдерге байланысты мәселеден туындайды...

4. Қысқарған термин жасау принципі. Мұнда да негізінен өз байлығымызды сарқа пайдалана отырып, өзге терминдерді өзіндік етіп алудың жолдары қатты қарастырылып отырылуы керек.

5. Академик Ә. Қайдаров арнайы көрсетіп отырған шарттылық принципі» (Ө. Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2007, 501-бет).

Мұны профессор Ш. Құрманбайұлы төмендегіше

«1. Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;

2. Теминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау. Оның өзін

а) туыстас түркі тілдерінен қабылдау;

ә) туыстық жақындығы жоқ елдерден қабылдау» түрінде нақтылай түсті.

XXI ғасырда барынша өріс алған жаһандану терминологияның алдына да жаңа мәселелер қоюда. Соның бірі – терминологияның интернационалдық сыпатын жаңаша шешу. Алыс-беріс, түрлі қарым-қатынастар қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып, руханиятты да Батыстық қалыпқа түсіру әрекеттері жасалып жатқанда, ұлттық тілді, оның ішінде ұлттық терминологияны сақтап қалу міндеті алға шықты. Бұл тығырықтан туыстас тілдер бірігіп қам жасап шықпаса, жеке-дара шабу қауіпті болып отыр. Қазір әлемді өрмекшідей торлап келе жатқан жаһандану туғызып отырған күрделі жағдайдан шығаратын бірден-бір жол, ол – түбі бір, тілінің негізі бір түркі халықтарының бірлігі деп білеміз. Түркі халықтарын біріктіретін бірден-бір фактор ортақ рухани қазынасы болса, сол ортақ қазынаны ортақ

түркі тілі арқылы ғана игере аламыз. Ортақ түркілік тілге алып баратын бірден-бір жол – ортақ түркілік терминология. Сондықтан да қазіргі қазақ, тек қазақ қана емес, күллі түркі тілдерінің алдында ортақ терминология жасау міндеті күн тәртібінде өткір тұр.

Тілдердің болашағына қауіп төндіріп отырған осындай жағдайларға байланысты қазіргі қолданылып жүрген терминжасам принциптеріндегі бірінші мен екінші пункттерді қосып жіберіп, «ұлттық, яғни, түркі тілдерінің сөз байлығын сарқа пайдалану» деп алған жөн. Ана тілін жеке пункт етіп көрсетпей отырғанымыздың басты себебі, ол да – түркі тілінің құрамдас бір бөлігі; қазақ тілі дегеніміз – түркі тілі, түркі тілі дегеніміз – қазақ тілі. Сондықтан да ұлттық термин жасауға келгенде, ана тіліміздегі сөздерді түркілік контексте қарастырып, басқа да түркі тілдеріне жат болмайтын атауларға жол беру керек. Бұл бір жағынан, қазақ тілінің түркі тілдері атты алып бәйтеректің түбіне тамырын тереңдете жіберіп, күшейе түсуіне жағдай жасаса, екінші жағынан, түркі халықтарын бір-бірімен жақындастыра түсіп, олардың рухани бірлігінің күшейе беруіне қызмет ететін болады.

Жаңадан келіп жатқан атауларға түркі тілдерінде балама болмаған жағдайда ғана интернационал терминдерді «қазақшалап», яғни, «қазақтың шапаны мен тымағын кигізіп» қана қазақ тілінің заңдылықтарына сай жазылып, айтылатын қылып қабылдауға болады. Бұрын қабылданып кеткендерге тиісудің қажеті жоқ, тек жат тілдік түбірін сақтап жүргендерін ғана «қазақыландыру» керек. Ал тілімізге «сыймай» жүрген болса, ойлану керек.

Осы жерде тағы бір мәселе бар: ортақ жаңа термин ұсыныс ретінде қабылданып, міндеттелмеуі керек. Алғашқы кезде тосырқауы, біртіндеп барып қабылдануы да, тіпті бұрыннан бар терминнің синонимі ретінде қатар жүруі де мүмкін.

Енді ойды жинақтай айтқанда, қазақ терминологиясының қалыптасу, даму жолдарын анықтаған негізгі ұстанымдар төмендегідей болды. Қазақ филологиясының негізін қалаған

А. Байтұрсынов ұсынған

«а) Ең алдымен, термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу.

ә) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда, оларды туыстас тілдерден алу.

б) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады.

в) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері қазақтың айтуына қарай өзгертілуі керек» (А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., 1992, 417-425 беттер) деген ұстанымдар жиырмасыншы жылдардың орта шенінен 1935-жылға дейін қолданылып келді. Сөйтіп ХХ ғасырдың басындағы Ахаң бастаған қазақ зиялылары қазақ ұлттық терминологиясының іргесін мықтап қалап, қандай жолда даму бағытын дұрыс анықтап берді.

Қазақстандағы Мемлекеттік терминологиялық комитеттің төрағасы болған Қ. Жұбановтың «Қазақ орфографиясын қайта қарау» («К пересмотру казахской орфографии» (1935), «Мемлекеттік терминология комитеті қабылдаған қазақ әдеби тілі терминологиясының ұстанымдары» («Принципы терминологии казахского литературного языка принимаемые государственной терминологической комиссией», 1935), «Термин-сөздің өзіндік ерекшеліктері» («О специфике слов-терминов», 1935) еңбектерінде негізделіп, 1935 жылы Алматыда өткен мәдениет қайраткерлерінің бірінші құрылтайында терминжасам істеріне 10 принцип ұсынылды.

1). Көптеген әдеби тілдерде аударылмай қалыптасқан халықаралық терминдерді қазақ тіліне аудармай сол күйінде алу.

2). Әдеби тілдер тәжірибесінде аударылып алынған халықаралық терминдер қазақ тіліне де аударылады; егер аударма термин мағынасын дәл бере алмай, бұзатын болса, онда оларды орыс тіліндегі қалпынша алу.

3). Әрқилы пәнде бір мағынада қолданылатын терминдерді бірегейлетіп алу.

4). Білімнің әр саласында әрқилы мағына беретін терминдер бір салада термин ретінде, басқасында жай сөз ретінде қолданылады.

5). Халықаралық сөздер ретінде қалыптасқан терминдер орыс тіліндегі үлгімен қалыптасады.

6). Терминдерді түсініксіз етіп жіберетін жасанды сөзжасамға бармай-ақ, қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін де, атаудың ғылыми мәнін толық қамти алатын терминдердің баламасын табу.

7). Есім, және етістік-есім формасында берілген терминдер сол күйінде қабылдансын.

8). Терминдермен бірге қазақ тіліне халықаралық практикада қолданылатын қазақ суффикстерімен алмастырылмайтын бірқатар аффикстер енгізілсін.

9). Басқа сөздерге қосылатын терминдердің қысқарған түрлері қазақ сөздеріне қосылып жазылсын.

10). Қазақ сөзжасамы практикасына Қазан революциясынан бастап, қазіргі орыс тілінде кеңінен қолданылып жүрген қысқарған күрделі сөздер енгізілсін (Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010, 529-531 беттер) отызыншы жылдардан кешегі тәуелсіздік алған кезге дейін басшылыққа алынып, қатал талап етіліп отырды.

Кеңестік кезеңде негізінен осы жолда болған қазақ терминологиясы кезінде Ахметтер салып берген ұлттық жолдан шығып, орыстануға бет алды. Осы кездерде қазақ терминдерінің 70 пайызына дейін дейін орысшаланып, интернационалдық сыпат алды. Мұның аяғы қазақ терминологиясын ұлттық сыпатынан айырып, дағдарысқа ұшыратты.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, қазақ терминологиясы негізінен академик Ә. Қайдари ұсынған төмендегідей принциптерді басшылыққа алып, кеңестік кезеңде ұшыраған тоқыраудан шыға бастады. Олар:

1) «Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің бірі мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге,

қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы тиіс;

2) Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану;

3) Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен, қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану;

4) Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық үлгілерінен, терминдік өренек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану;

5) Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернациональдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп, қабылдау;

6) Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып, қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау;

7) Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырып та) кеңестік-интернациональдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру;

8) Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отырып, дәстүр мен шарттылық заңын мойындау;

9) Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды

салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану;

10) Тіліміздегі ұлттық және интернациональдық термин-атаулардың сандық және сапалық арасалмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру;

11) Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу» (Ә. Қайдаров. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, 1993).

Жаңа ғасыр қоғамдық өмірдің барлық саласына дерлік, солардың ішінде ғылымға да өзгерістер әкеліп, жаңаша көзқарастар туғызды. Ұлттар мен оның тілдерінің алдына не өмір, не өлім таңдауын ұсынған жаһандану тіл туралы ілімге, оның терминологиясының алдына дүбірлі дәуір ұсынып отырған проблемаларға байланысты көптеген мәселелердің жаңаша шешімін табуды алға қойды.

Академик Ө. Айтбаев «Бүкіл түркі жұртының болашағы, мәдениетінің сақталып, өсіп-өркендеуі – белгілі бір деңгейде ортақ терминологиясын, ортақ ғылым тілін қалыптастыруға байланысты. Бұлай болмаған жағдайда, олар бөлшектеніп, бірте-бірте дамыған мәдениеттерге сіңіп, жұтылып кетуі ықтимал» («Ана тілі», 19-25.04.2012) – деп, түркі әлемінің болашағына қатысты алаңдаушылығын да жасырмаған.

Осындай жағдайға байланысты профессор Ш. Құрманбайұлы мынадай мәселелерді алға қойып отыр:

«1. Түркі халықтарының ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту негізінде туыстас халықтардың ортақ терминологиялық қорын құру мәселесін ақылдасу мақсатында түркі тілдес мемлекеттердің тілші-терминолог ғалымдарының басын қоса отырып, халықаралық ғылыми конференция өткізу.

2. Түркі тілдес тілдердің ғалымдарынан тұратын, өзара терминалмасу мәселесімен айналысатын, терминологиялық жұмыстарды халықаралық деңгейде үйлестіріп отыратын ғылыми-үйлестіру орталығын құру.

3. Түркі тілдес халықтардың терминологиялық-лексикалық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік

ерекшеліктерін анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

4. Өзара терминалмасу тәжірибесін жетілдіру мақсатында екі тілді (қазақша-түрікше, түрікше-қазақша) немесе көптілді (қазақша-түрікше-өзбекше, түрікше-өзбекше-қазақша) терминологиялық сөздіктер шығару мәселесін қолға алу.

5. Әлемдегі терминология саласында болып жатқан жаңалықтардан хабардар болу, өзара терминалмасу процесін жақсарту мақсатында екі айда бір рет шығатын халықаралық ғылыми журнал немесе түркі терминологиясы мәселелеріне арналған арнайы басылым шығару» (Ш. Құрманбайұлы. Түркі тілдері арасындағы терминалмасуды үйлестіру туралы. «Терминологиялық хабаршы», 2004, №1).

Терминология мәселелерін арнайы зерттеумен айналысып жүрген бұл екі ғалымның осы пікірлерінен бүгінгі таңда осы саланың алдына мүлдем жаңа міндеттер қойылып отырғандығын көреміз: бұрындары ұлттық терминология жасау мақсат тұтылса, енді жаңа заманда әрі ұлттық, әрі түркілік ортақ терминдер жасау күн тәртібіне шығып отыр.

Қазақ-түркі филологиясының терминдерін ғылыми негізде біріздендіру, қолдану аясын кеңейтіп, өміршеңдігін арттыра түсу мақсатында құрылған терминдік қор біріншіден, түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылатын, екіншіден, түркітектестердің көпшілігі сөйлейтін, үшіншіден, ұзақ уақыттар бойы қолданылып келген, төртіншіден, ұғымды дәл беріп, термин бола алатын сөздермен толығуы керек. Сонда ғана барып ол терминдер көпшіліктің игілігіне айнала алады.

Сонымен, терминжасау істерінде мынадай ұстанымдарды басшылыққа алуды ұсынамыз:

1. Қазақ тілінің ішінен туыстас тілдердің көпшілігінде қолданылып жүрген халықаралық терминдерді алу;

2. Түркілік баламасы болмаса, түркі тілдерінің барлығы бірдей қолдана алатындай етіп түркілік негізді термин жасау;

3. Алғашқы екі мүмкіндік болмаған жағдайда халықаралық терминнің өзін түркі тілдерінің ішкі заңдылықтарына орайластырып алу.

Бұл жерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі №444 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасының» («Терминологиялық хабаршы», 2004, №1) 4-ші болып келетін «терминдер мен атауларды қазақ тілінің негізгі ережелеріне, жазу дәстүріне сәйкес реттеу», 5-ші болып келетін «туыстас түркі тілдерінің тәжірибесін назарға алу» деген баптарындағыдай терминдерді алдымен, қазақ тілінде, ол болмаса барып түркілік үлгіде жасау емес, екеуін бір бапқа сиғызып, бір мәселенің екі жағы ретінде қарау көзделіп отыр. Сонда жаңадан жасалынған термин бір жағынан ұлттық тілдің заңдылықтарына, екінші жағынан халықаралық стандарттарға сай келіп, өміршеңдік танытатын болады.

Енді А. Нұржанова жасаған мына бір түркілік тіл терминдерінің салыстырмалы кестесіне назар аударалық.

| **Қазақ** | **Әзірбайжан** | **Қырғыз** | **Өзбек** | **Түркімен** | **Түрік** | **Ағылшын** | **Орыс** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **A** | | | |
| Аббревиатура (қысқарған күрделі сөз) | abréviatura | аббревиатура (сөздөрдүн шарттуу кыскртылышы) | qisqartma | abbrewiatura | kısaltma | Abbreviation, acronym | Аббревиатура (сложносокращенное слово) |
| Абзац (жаңа жол; жаңа жолдағы шегініс) | abzás | абзац (башталган жолдун кемтиги) | Satr boshi | abzas | 1. Satırbaşı<br>2. Paragraf | Paragraph | Абзац (красная строка) |
| Аблатив (септік) | Çıxışlıg hal | Чыгыш жөндөмөсү | Çiqiş kelişigi | Çıkış düşüm | Çıkma durumu, ayrılma durumu | Ablative | Аблатив (падеж) |
| Абстракт есімдер (дересіз есімдер) | Mücärräd isim | Абстракттуу атооч | Mavhum ót | abstrakt aatlar | Soyut isim | Abstract nouns | Абстрактные имена |
| Агютинативті тілдер (жалғамалы тілдер) | Aglütinativ dillar~iltisaği dillar | Аглютинативдүү тілдер | Agglutinative tillar | Agglytinativ diller | Eklemeli diller | | Аглютинативные языки |
| Акустика (тілдік акустика) | Hava axını | акустика | akustika | akustik | akustik | Acoustics (speech acoustics) | Акустика (речевая акустика) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Алломорф | allomorf | Алломорф | allomorf | Bir formanıñ variantları | alomorf~ değişken şekil~bir şeklin variantları | Allomorph (variant of a morpheme) | Алломорф (вариант морфе-мы) |
| Аллофон | allofon | Аллофон | allofon | Bir sesin variantları | alafon~ değişken ses~bir sesin varyatları | Allophone (variant of a phoneme) | Аллофон (вари-ант фонемы) |
| Алтай тілдері | | | | | Altay dil ailesi | Altai languages | Алтайские языки |
| Алфавит (әліпби) | älifba | alfavit | alifbó | elipbiy | Abece, alfabe | Alphabet | Алфавит |
| Ана тілі | Ana dili | Ене тілі | Óna tili | Ene dili | Ana dili | Mother tongue, native language | Родной язык |
| Антоним | antonim | антоним | antonim~ zid ma'nóli | antonim | Karşıt anlamlı~zıt anlamlı | antonym | Антоним |
| Анық-тауыш | täyin | аныктооч | aniqlóvçi | ayıklayaan | tamlayan~ belirten | attribute | Определение |
| Апостроф | Апостроф | apostrof | Tutuq belgisi~ apostrof | apostrof | Kesme işareti | апостроф | apostrof |
| Аралық тіл (ара тіл) | Vasitäçi dil | Арачы тил | Vósitaçi til | Aaralık dil | Aracı dil | Intermediate language | Язык-посредник |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Арго (жаргон, шағын кәсіби-әлеуметтік топ тілі) | argo | арго | argo | argo | argo | Argo (jargon) | Арго (жаргон) |
| Артикуляция | artikulyasiya | Артикуляция | artikulyat-siya | artikulyaa-sıyaa | bogumlanma | Articulation | Артикуляция |
| Ассимиляция (дыбыс үндестігі, ықпал етуі) | assimilyasiya | Окшоштуруу ~ ассимиляция | Assimilat-siya ~ oxşaşlik | meñzeşme~ assimilya-siya | benzeşme~ asimilasyon | | ассимиляция~ уподобление |
| Атау (заттың атауы) | adlandırma | атоо | nomlaş | aatlandırma | adlandırma | naming | номинация |
| Атау септік | Adlıg hal | Атооч жондомосү | Bóş kelişik | Baş düşüm | Yalın hâl | | именительный падеж |
| Ауыспалы осы шақ | İndiki zaman | учур-келер чак | *hózirgi-kelasi zamón lózim fe'l | Näämäälim gelcek zamaan | Geniş zaman | | Настояще-будущее время |
| Аффикс (қосымша, формант) | şäkilçi | Мүчө | аффикс | goşulma~ affiks | ek | | Аффикс |
| Ашық буын | Açıg heca | Ачык муун | Óçiq boğun | Açık bogun | Açık hece | Open syllable | Открытый слог |
| Ашық рай | Xäbär forması | Баяндагыч ыңгай~жай ыңгай | Xabar mayli~icró mayli | İişlik formaları | Bildirme kipleri | Indicative mood | Изъявительное наклонение (индикатив) |
| Ə | | | | | | | |
| Әдеби тіл | Ädäbi dil | Адабий тил | Badiiy til ~ badiiy asar tili | Çeper edebiyat dili | Edebî dil | Literary language | Литературный язык |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Әліпби (алфавит) | | Алфавит | алфавит, алифбо | elipbiý | abece, alfabe | Alphabet | Алфавит |
| Әліппе | | алиппе | алифбе (китоби) | harplyk | | ABC book | Букварь (азбука) |
| Әріп | härf | тамга, арип | harf | Harp | harf | Letter | Буква |
| Әсірелеу | mübaliğa | гипербола лит. ашырып айтуу, апыртып айтуу | гипербола, муболаға | Giperbola | Abartma | Hyperbole | Гипербола |
| **Б** | | | | | | | |
| Бағыныңқы сөйлем | Budag cümla | багыныңкы сүйлөм | Ergaş gap | Eyercen sözlem | Yan cümle | Subordinate clause | Придаточное предложение |
| Барыс септік | | барыш жөндөмө | жўналиш келишиги | ýöneliş düşüm | yönelme durumu | Dative case | Дательный падеж (дательно-направительный падеж) |
| Бастауыш | mübtäda | ээ (сүйлөмдүн ээси) | ega | eýe | özne | Subject | Подлежащее |
| Баяндауыш | xäbär | баяндооч | kesim | Habar | yüklem | Predicate | Сказуемое |
| Белгісіз артикль (белгісіздік артиклі) | Ğeyri-müäyyän äväzlik | Катыштык сын атооч | *tahminiylik ólmóşı | Näämgäälim çalışma | Belirsizlik zamiri | indefinite pronoun | Неопределенное местоимение |
| Болымды етістік (негізгі етістіктер) | Етістін оң формасы | Tästig fe'li | Bolışli fe'l | İişligiñ baarlık gaalıpı~baarlık forma | Olumlu fiil | Positive verb (primary verbs) | Положительные глаголы (непроизводные глаголы) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Болым-сыздық жұрнақтары | inkar | тануу~терс | bolişsizlik, inkór | yookluk | olumsuzluk | Negative | отрицание |
| Болымсыз етістік | fe'lin inkar növü | Етиштин терс формасы | Bolişsiz fe'l | İişligiñ yookluk gaalıpı | Olumsuz fiil | Negative form of the verb | Отрицательная форма глагола |
| Бөлшекті сан есім | Käsr sayları | бөлчөк сан атооч | Kasr són | Drob saanlar | Kesirli sayı sıfatı | Fraction numeral | Дробное числи-тельное |
| Буын | heca | муун | boğin | bogun | hece | Syllable | Слог |
| Бұйрық рай | Ämr forması | буйрук ыңгайы | Buyruq mayli | Iişligiñ buÿruk forması | emir kipi | Imperative mood | Повелительное наклонение (им-ператив) |
| Бұйрықты сөйлем | Ämr cümläsi | Буйрук сүйлөм | Buyruq gap | Byyruk sözlemi | Emir cümlesi | Imperative sentence | Побудительное предложение |
| Бұрынғы өткен шақ | Şühüdi keçmiş zaman | байыр-кы өткөн чак | Otgan zamón eşitilganlik şakli | Beyaan etme zamaanı | Öğrenilen geçmiş zaman ~ duyulan geçmiş zaman | Pluperfect | Давнопрошед-шее время |
| Біріккен сөздер | Müräkkäb söz | Татаал сөз | Qoşma soz | Goşma söz | Birleşik kelime | Compound words (bound words) | Слитные слова (сложные слова) |
| Бітеу буын | Gapalı heca | Жабык муун | Yópiq boğin | Yapık bogun | Kapalı hece | Closed syllable | Закрытый слог |
| **Г** | | | | | | | |
| Грамматика | grammatika | грамматика | grammatika | grammatika | gramer | Grammar | Грамматика |
| **Ғ** | | | | | | | |
| Ғылыми тіл | Elmi dil | илимий тил | Ilmiy til | Ilmı dil | Bilim dili | Scientific language | Научный язык |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Д** | | | | | | | |
| Диссимиляция (ауысу, ыңғайласу) | dissimilyasiya | Диссимиляция (бир сөздөгү эки окшош тыбыштын биринин өзгөрүп, айтылууда окшоштугун жоготуп, башка тыбышка өтүп кетиши) | dissimilyatsiya~ nóóxşaşlik | dissimilyasiya~ meñzeşsizleşme | aykırılaşma~benzeşmezlik~dismilisyon | Dissimilation (act of making or becoming unlike) | Диссимиляция (расподобление) |
| Дыбыс | säs | тыбыш | tóvuş | ses | ses | Sound | Звук |
| **Е** | | | | | | | |
| Екпін | vurğu | басым | urğu | basym | vurgu | Stress | Ударение |
| Еліктеу сөздер (еліктеуіш сөздер) | Täğlidi sözlar | Туураган окшогон сөз | Taqlidiy soz | Ses meñzetmesi | Tabiat taklidi kelime~ onomatopik kelime | Imitating words | Подражательные слова |
| Емле (орфография) | imla | жазуу эрежелери, орфография | imló | orfografiyaa | imlâ | Spelling/ orthography | Правописание, орфография |
| Емле ережесі (орфографиялық ереже) | | жазуу эрежелери (орфографиялық эреже) | имло режачўпи | | | Spelling rule (orthographical rule) | Правило правописания (орфографическое правило) |
| Есептік сан есімдер | Migdar sayları | эсептик сан атооч | *sanóq són | mukdar sanlar | asıl sayı sıfatı | Cardinal numerals | Количественные числительные |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Есім баяндауыш | İsmi xäbär | Исимдүү баяндооч | Ót-kesim | isim habarı | yüklem ismi | Nominal predicate | Именное сказуемое |
